

Адамқұлов Н.М., Тұрдығұлов Ж.А.

5
**ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫН
ЖОБАЛАУ НЕГІЗДЕРІ**



Арнаулы кәсіптік және жоғары оқу орнына арналған оқулық

Адамқұлов Н.М., Тұрдығұлов Ж.А.

ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫН ЖОБАЛАУ НЕГІЗДЕРІ

Арнаулы кәсіптік және жоғары оқу орнына арналған оқулық



ЭВЕРО
Алматы, 2019.

Алматы университетінің
ТАЛХАНА
№ 65552

Бұл оқулық Абай атындағы Қазақ ҰПУ және қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының ғылыми кеңесі шешімдерімен қабылданды.

Ішкі бергендер:

Өстеміров Күмісбек Өстемірұлы - Алматы Техникалық университеті, жалпы педагогика кафедрасының меңгерушісі, ҚР ПҒА академигі, п.ғ.д., профессор.

Бұлақбаева Мейрамкүл Кенесбайқызы – казак мемлекеттік қыздар педагогика институтының доценті, п.ғ.к.

Асқарова Жанымша Асқарқызы – казак мемлекеттік қыздар педагогика институты, кәсіптік оқыту және еңбекке баулу кафедрасының меңгерушісі. п.ғ.к., доцент.

Авторлар:

Адамқұлов Нұралы Мерекебайұлы – ҚР суретшілер одағының мүшесі, Абай атындағы Қазак ҰПУ, сәндік қолөнер кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент.

Тұрдығұлов Жолаушы Абылғазыұлы – ҚР Мәдениет қайраткері, Абай атындағы Қазак ҰПУ, сәндік қолөнер кафедрасының доценті.

А24 Адамқұлов Н.М., Тұрдығұлов Ж.А.

Қолөнер бұйымдарын жобалау негіздері: Кәсіптік білімге арналған оқулық. – Алматы: Эверо, 2019 – 84 бет

Бұл оқулық қолөнер және еңбек, сурет пәндеріне қатысты мектеп мұғалімдеріне, жалпы орта білімге, кәсіптік білім жүйесіндегі колледждерге, лицейлерге және жоғары оқу орындарының қолөнер, сурет және графика факультеті студенттеріне, сондай-ақ өнер сүйгіш қалың оқырман қауымдарға арналған

А 4963006000
00 (05) 07

ISBN 9965-14-736-1

ББК 85.315.3я7

© Адамқұлов Н.М., 2019
© Тұрдығұлов Ж.А., 2019
© Алматы, 2019

КІРІСПЕ

Кез келген күрделі бейнелі заттардың конструктивтік негізінде геометриялық денелер өз бетінше қалыптасқан, сондықтан оқулықтағы қолөнер бұйымдарының заттары және суреттелінуші нысандардың перспективалық құрлысы жатыр. Барлық білім беру процессінің қорытындысы мазмұнында және оқушы-жастардың композиция пәні бойынша орындайтын жұмыстарының шеберлігінде айқындалуы керек. Тек қана осындай шығармашылық жұмыс бойынша болашақ қолөнер шеберлерінің шығармашылық идеялары мен ойларын өнер шығармаларында каншалықты көрсете алатындықтары жайлы жорамалдауға болады.

Оқушылардың көркем бейнелеу сауатын игеруі олардың шығармашылық қабілеттерін дамытумен қатар жүруі керек. Бүкіл оқу процесін студент бірінші курстан соңғы курсқа дейін қолөнер бұйымдарының бейнеленуші нысандарға ойланып және сезіне қарау қабілетін тәрбиелеу бағытында жүргізгені дұрыс. Қолөнер бұйымдарын жобалау сабақтарында көркем бейнелеу сауатының теоретикалық курсы енгізуге байланысты оқулықта суреттеу тәртібінің теоретикалық негізіне үлкен көңіл бөлінеді. Көркем бейнелеу сауаты теориясында, оған жүйелі баяндауға әрекеттер жасалынған, мұнда жас шеберлерге суреттеу шеберлігін игеруге көмектеседі.

Оқулық авторлары көркем бейнелеу аймағындағы мәселелердің барлығы тұтас қарастырылып, толық шешілген деген пікірден аулақ. Біз жалпы ойдың контурын суреттеуге ұмтылдық. Көркем бейнелеу және қолөнер бұйымдарын жобалаудың сауатты негізгі түсініктері жайлы хабардар болу, жас суретшілердің шығармашылық тәжірибесін байытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқушы-жастардың өз бетінше орындайтын көркемдік сауаттың негізін зерттеу – қазіргі кезеңдегі суреттеу мәдениетінің қажетті талабы болып келеді. Қолөнер бұйымдарын жобалауда

көркем бейнелеу өнері шығармасының эстетикалық және эмоционалды әсері басқа өнер түрлеріндегі сияқты бейненің мағынасының тереңдігі мен мінсіздігіне байланысты. Көркем суреттеу өнерінің мағынасы болып көркем бейнелерде айқындалған нақты шыншылдық табылады.

Суретшінің шығармашылық өмір мен табиғаттың объективтік заңдылықтарымен көріктігімен және сұлулығымен анықталады. Шынайы өнер шығармасын туындау кезінде бізді қоршаған бай және сұлу табиғат, тамаша бояу гармониясын тудыратын күн сәулелері түбі жоқ сұлулығы – жомарт, қызметкер, достық пен адам еңбегіне махабаты зор, нақты өмірлік қайшылықтар, кең даланың сұлулығы, тау, өзен, гүл – міне осының барлығы көркем бейнелеу шығармаларында орын алып көрермендерді қызықтырын қоздырады.

Суретте бізді қоршаған шыншылдық неғұрлым терең айқындалса, сол ғұрлым анықталмаған қызығушылықты білдіреді. Жобалау негізі өмір шындығы болып табылатын өсімдікке ұқсайды. Әр түрлі кезеңдер мен мектептердің шеберлері шығармаларының шығу тегін табиғатта көрген. Табиғатта "Ұстазды" – ұстазым деп айтуы бекер емес. Қайта жаңғыру кезеңінің ұлы суретшісі Леонардо да Винчидің пікірі бойынша "Кескіндемеші табиғатпен жарысып, айтысады". Француз табиғатшысы Калинь Коро былай деп жазған: "Ең алдымен Табиғатқа еліктесең әрқашан жеңіске жетесің. Мен әрқашан табиғатты зерттеймін, мен оған ғашықпын" – деген. Бейнелеу өнерінің айрықша ашық жолы нақтылы көріністен қарап суреттеу болса ал қолөнер бұйымдарын жобалау шығармашылығы суреттің үлкен бір тармағы болып саналады.

§1. ЖОБАЛАУДАҒЫ СУРЕТ ЖӘНЕ СУРЕТ САЛУ ЖАЙЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК.

Суреттегі жобалау дегеніміз – көз мөлшері бойынша контурлы сызық, түртпекше және дақ сияқты графикалық тәсілдердің көмегімен қолмен салынған суреттемелі көріністің жобасын айтамыз. Оның орындалу мінездемесі және техникасы, қызметі, тақырыбы, жанры, сурет салу әдісі бойынша бірнеше түрлерге бөлінеді. Әдетте сурет бір түсте орындалады. Суретте жарықтық және реңдік әсерлер, пластикалық модельденуі, түртпекшелердің комбинациясымен дақтар мен сызықтардың әр түрлі үйлесуінің нәтижесінде пайда болады. Жоғары кәсіби деңгейде жобадағы орындалған суреттің дара көркемдік құндылығы болады.

Суретті қолдану аймағы кең – ол ғылыми-көмекші, қол-өнерінің мінездемелі және техникалы түрінен көркем суретке дейін созылады. Адамның сөзінің жазбаша түрде көрінуі сияқты суретте ойлау барысын айқындап басқа адамдармен араласуға мүмкіндік береді.

Сурет мәдениеттің бір бөлігі бола отырып, ой-өрісінің дамуына және қалыптасуына ықпалын тигізеді. Қайта жаңғыру кезеңінің италяндық ұлы суретшісі Микеланджело Буоноррти (1475 – 1564) былай деп жазған: "Басқа сөзбен нобай өнері деп аталатын сурет, кескіңдеме, мүсін және архитектураның жоғарғы нүктесі, сурет – кез келген ғылымның түп қазығы" – деген.

Кез келген зат жобаның суреттеу нысаны бола алады, бірақ, адамдар бізді қоршаған дүниені әр түрлі қабылдайды. Ол адамның тәрбиесіне, жалпы дамуына, мәдени деңгейіне, қызметіне байланысты. Көру мүшелері кез келген адамға заттың сапасын сезінуге, түсін, пішінін, кеңістігін, қозғалысын, көзбен көріп қабылдауына мүмкіндік береді, ал суретшінің бойында мұндай қабілеттер ерекше асқынған.

Суретші үшін сурет сыртқы дүниені тану тәсілі және заттық – бейнелі тіл болып табылады, оның көмегімен көрерменмен пікірін бөліседі.

Көркемсурет өнерінің барысында жобалау суреті жетекші пәнінің негізі болып келеді.

Жобаның сапалы суретін сала алу қабілеті кез келген кәсіби маман үшін өте маңызды, өйткені жоба суреті қолөнер бұйымдарын жасау істерінде, сондай-ақ көркем сурет өнерінің барлық салаларыпша (кескіндеме, графика, мүсін) және пластикалық өнердің, қол-өнерінің және дизайнерлік қызметтің негізін қалаушы болып табылады.

Жоба суретінің оқып-үйренудегі мақсаты, көзбен көру қабілетін және көлемді – кеңістік ой-өрісті дамыту, композициялық ойды "Заттандыру" барысында құралдық-тәжірибелі талаптарды суреттің көмегімен шешуден тұрады. Кәсіби жұмыскердің шеберлігінің өсуі, шынайы жобалы суреттің техникасы мен тәртібін қаншалықты меңгергеніне байланысты.

Жобалы суретті салуды үйренуді, пішіні мен бейнесін қолөнер бұйымының қарапайым түрінен бастау керек қарапайымнан күрделі бейнеге өту – шынайы өнер мектебінің көркем суреттеу сауатын меңгеру принципі міне осындай болып табылады. Қазақтың белгілі суретшісі Әбілхан Қастеевтің пікірі бойынша "Жас суретшілерге білім берудің негізінде шынайы, реалистік өнер жатуы керек" – деген теорияны айтқан. Ежелгі шығыс цивилизациясының өнерінен бастап, Ежелгі Египет және Ежелгі Греция, орта ғасыр кезеңінен қазіргі күнгі уақытқа дейін көркем-сурет өнеріне үйрену, суретті зерттеп меңгеруден басталады. Жазықтық бетінде суреттеменің құрылуының негізгі тәртібі Ч.Ченина., Л.Б. Альберти., Леонардо да Винчи., А. Дюрер сияқты белгілі суретшілердің көңілдерінің ортасында болған. Сурет мектебінің дамуына К.П. Брюллов (1799 – 1852), А.И. Иванов (1776 – 1848), И.П. Крамской (1837 – 1887) және т.б. деген суретшілер үлкен үлестерін қосқан.

Бүкіл дүние жүзілік көркем суреттеу өнерінің бай тәжірибесі шынайы суретке сүйене отырып, өмірдегі және өнердегі ғажайып құбылыстарды сүйіп бағалай білуді үйретеді, эстетикалық мәдениетті меңгеруге кеңес береді. Көркем суреттеу сауатынын негізін оқып үйрену оймен сезімнің жігерлі қызметін талап етеді.

Жобалы сурет бойынша тәжірибелі тапсырмаларды орындаудың алдында, теоретикалық білімнің негізінде жатқан жалпы әдістемелік талаптармен танысу керек. Сонымен қатар құралдармен, жұмыстың тәсілдерімен, әдістерімен, көркем суреттеу әдістерімен танысқан жөн, ол көркем суреттеу сауатын толық меңгеруге көмектеседі.

§2. ЖОБАЛАУДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ.

Шығармашылық барыстың ең маңызды аймағы, жобалау, ол мұқият талдауды, салыстырманы талап етеді. "Композиция" – деген сөз латын тілінің "co composition" – деген сөзінен шығады, тікелей мағынасы біріктіру, бөлшектерді қосып, белгілі тәртіпке келтіру. Бұл сөздің бастапқы мағынасы кең түсінікті білдірген: Рим құқығында екі жақты татуластырудан бастап, цирк алаңындағы күрескерлерді карама-қарсы қоюға дейін. Бұл терминнің әр түрлі айтылуына карамастан, олардың барлығына ортақ мағына бір тұтастықты білдіретін екі жақтың болуында.

Қазіргі кездегі сөздік мынандай анықтаманы береді: "Жобалаудың колөнердегі шығармашылығы, нақты құрылымы, кез келген өнер шығармасының ішкі құрылысын тандап алу, гармониялық тұтастықты құрайтын көркем тәсілдердің тәртібі және топтасуы" – деген ұғымды білдіреді. М.В. Алпатов деген өнертанымалының пікірі бойынша, композиция дегеніміз қандай да бір құбылыстардың барлық құрастырушы элементтерін бірлестікке ұйымдастыруының жалпыға тән мінездемесі бар: "Органикалық және неорганикалық табиғаттың құрылыуының бөлек принциптарына еліктей отырып, адам композицияны көркемдік творчествоның негізі етеді, сонымен қатар өзінің нақты жағдайға қатынасын білдіруде композиция адамның қолында табиғатты тану және бағындыру тәсілі болады. Осындай ұғымда композиция өнердің барлық түріне тән.

Мынандай талаптардың сақталуында жобалау сәтті құрылған деуге болады:

– тұтастықты бұзбай, бүтін нәрсенің бірде-бір бөлігі өзбетінше алына алмайды, немесе басқа затпен алмастырыла алмайды.

— мұндай тұтастыққа зиян келтірмей бөтен элемент қосыла алмайды.

Жобалау бойынша творчестволық жұмыс істеу барысы, шебердің жеке бейнелі ойлау түсінігінің көрсеткіші болып табылады. Нақты көркем шығармасында іске асатын идеялары мен елестерді білмей шынайы творчестваның болуы мүмкін емес. Симметрия, тепе-теңдік, ритм, құрылудың орындылығы, алуан түрлі бейнелер, колористік құндылық, бейнелеу форматы мен көлемі – композицияның осындай элементтерін шебер өзінің ойына бағындырады.

Жобалау қатаң ғылымдарға жатады. Оның тәсілдеріне үйреніп, кез келген көркем шығармасының шығармасын есептеп шығаруға болады. Ол үшін жасшеберлер композиция бойынша жаттығуларды көп орындаулары керек, мұндай жаттығуларды көп орындаулары керек, мұндай жұмыстың нәтижесінде суретшіні қалыптастыратын творчестволық даралық пайда болады.

"Жобалау" – деген термин көп мағыналы: ол шебердің өзінің ойын құралта білдіретін құрастыру процессін ғана емес, сонымен қатар творчестволық қызметтің соңғы қорытындысы, ол көркем шығарманы білдіреді. Композиция деп автордың идеясын білдіретін нобайды түсінуге болады. Жобалау дегеніміз ол барлық элементтерді бірлестікке ұйымдастыру тәсілі. Осы талаптарды шашу композициялық тәсілдердің және әдістердің көмегімен іске асады, оның ішіндегі ең маңыздысы пропорция, өйткені композицияның барлық элементтерінің пропорциясын сақтаудың көмегімен өнер шығармасының гармониялы үйлесуіне қол жеткізуге болады. Әдетте "пропорция" терминнің Цицерон біздің дәуірге дейінгі бірінші ғасырда алғаш рет қолданған деп саналады. Латын тіліне аударғанда платондық термин "аналогия", тікелей түсінігі "қатынас" – дегенді білдіреді.

Қолөнерде пропорция, өнер шығармасының элементтерінің көлемдерінің қатынасын анықтайды. Сонымен пропорция деп тұтас

күрделі заттың ішкі құрлысын құраушы бөліктерінің байланысын айтамыз, яғни бір көлемнен басқа көлемге дейінгі қозғалыс. Өлшем категориясының құраушы элементі болып, эстетикалық бейненің құрылу заңдылығын айқындайды. Ерте заманның суретшілерінің өздері, пропорцияның сақталуында сұлулық негіз байқаған. "Алтын пропорция" – принципі ежелгі өнерде негізін қалаушы болған. Осы "Алтын пропорцияны" зерттеген және мақтан тұтқан Леонардо да Винчи оны алғаш рет "Алтын кесік" – деп атаған. Сол кезден бастап "алтын кесік" өнердің каноны болып есептелінеді. "Алтын пропорция" өлшем ретінде, табиғат заңы ретінде көптеген табиғи құбылыстардың негізін құрай отырып, адам творчасының өлшемі, сұлулық заңдылығы болып табылады. Пропорцияның дұрыс ойласуы, көркем бейненің тұтастығының белгісі.

Қолөнердегі жобалау дегеніміз – ойды толық және қуатты көріктілікпен көрсету үшін сурет жазықтығында бейнелеу элементтерінің орналасу тәртібі. Бірнәрсе жайлы айту үшін сөз қажет, ал маңызды және қызықты ойды сенімді жеткізу үшін мәнерлі сөздер керек. Кескіндемеде де дәл осылай, көрерменнің назарын аулап, толғандыру үшін суретші күшті және көрікті бейнелеу тәсілдерін іздестіруге тырысады. Әрбір шебер композицияны құрастыру кезінде нысанның ең әдемі жағын айқындауға ұмтылады.

Қосымша мағыналы бөліктері негізгі және маңызды бөлігіне бағынып, артық бөлшектерінің барлығы артқа қарай сырылады. Шығармадан келетін әсерлі сезімдер оның ішкі мағынасына байланысты. Қолөнер бұйымындағы композициялық құрылымның барлық элементтері бірге таңдап алынған форматы, қарау нүктесі, жарықтану мінезі, композициялық орталықтың орналасуы. Мұның барлығы суреттің эмоционалды әсердің болуына ықпалын тигізеді.

Қолөнер бұйымдарындағы жобалық құрылымның дайын рецепті болмайды. Бірақ, қолөнер бұйымының композициялық құрылуы өмірде байқалатын топтарға негізделетіні және табиғи

нысандардың үйлесуіне, көріп қабылдау ерекшелігіне байланысты екені анық. Көне шеберлер қолданған "үшбұрыш", "диагонал" принциптері бойынша ғана қолөнер бұйым суретінің композициясын құрастыруға болмайды. Суретте қойылған талаптарға байланысты композиция да өзгереді. Шығарманың композициялық құрылысының мінездемесі табылған идеялық ойдан шығады және мағынасымен анықталады.

Шынайы қоршаған ортадан суретші өзінің суреттеріне кейіпкерлермен қатар, композициялық құрылымның негізін табады.

Өзінің творчестволық жұмыстарында, композицияны құрастыруда суретші көру қабілетімен, табиғат заңдылықтарына сүйенеді. Симметрия, тепе-теңдік, ритм, құрылымның мақсатқа лайықтылығын, қарау нүктесінің бірлестігі, колористік тұтастық, көріністің көлемі мен форматы – композицияның осындай барлық элементтерін суретші ойдың айқындалуына бағындырады.

Бақылау сұрақтары:

- 1. Сурет дегеніміз не?*
- 2. Творчестволық және оқу суретінің айырмашылығы неде?*
- 3. Сурет қайда қолданады?*

Үйге тапсырма:

Леонардо да Винчи, В. Дюрер, А. Қастеев деген белгілі суретшілердің өмірбаяны мен творчествосын зерттеу.

§3. ЖОБАЛАУ СУРЕТІНДЕГІ ҮЙЛЕСІМДІЛІК.

Жобалы суретті толық меңгеру үшін "Шынайылықты көру" және оны жазықтық бетінде жүйелі суреттеу қабілетін сапалы дайындау қажет. Жобаланатын қолөнер бұйымының: түрі, көлемі, мөлдірлігі, түсі, пішіні бойынша ажыратады. Табиғаттың және адамның күшімен жасалынған барлық заттардың бәрінде жалпы мазмұндық мәнісі бар ол осы бейненің заңды құрылуы немесе конструкциясы. Заттың пластикалық құрылысын түсіну үшін, оның конструкциясын, қызметін көре білу өте маңызды.

Жобалаудағы бейнені суреттеу кезінде өзара байланыста шешілетін сұрақтар мен талаптар оқу суретінде көп кездеседі. Ол қағаз бетіндегі жобалау, конструкция, қозғалыс, пропорция, перспектива, жарықты көлеңке, түс, фактура т.б.

Қағаз бетінде салынған кез келген жобалау бұйымындағы заттың суретіне қойылатын алғашқы талап оның жобалық орналасуы болып табылады. Көру нүктесіне, заттың (немесе бірнеше заттың) көлеміне, бейнесіне байланысты, қандай өлшемнің (ені немесе биіктігі) маңызды екенін анықтап алу керек. Бұл жағдайға тік төрт бұрышты қағаздың бетінде – горизонтальды немесе вертикальды орналасуы тәуелді.

Оқу қойылымының жобалық шешімінің ізденісін жеңілдету үшін, негізгі қағаз форматының көлеміне пропорционалды бірнеше рет кішірейтілген қатты қағаздан "терезеше" жасап алып қолдану керек. Осы тік төртбұрышты тесіктің көмегімен фотоаппараттың қалып істестіру терезесімен қолданғандай, бір көзді қысып қарап жобаны оқу талабына сай орнын табуға болады.

Терезені көзге біресе жақындата, біресе алыстата отырып (осы кезде натуралық қойылымның заттары кіші көлемде көрінеді), оңға және солға қозғай отырып, суреттемелі бейнелердің масштабын және орнын анықтайды. Раманы қолдану өте ыңғайлы, өйткені

оның шеттері затты анықтауыш кеңістік ортаны шектейді. Ол "модельді" дара және тұтас құбылыс ретінде қабылдауға мүмкіндік береді.

Заттардың болашақ суретін қағаз бетіне орналастыру өте күрделі және жауапты жұмыс, себебі жазықтық бетінде модельдің орны мен көлемі анықталған соң оны өзгерту қиын. Оған қоса қайта түзету көп уақыттың дәрменсіз кетуіне және қағатсыздыққа әкеліп соғады. Ал сәтті композиция қызықты, көрікті суреттің кейінгі деңгейлерде орындалуындағы негізін қалайды: сызықты-конструктивті құрылысы, бейнені реңмен жапсырмалау.

Жобалау барысының өзі шығармашылық ізденістердің элементтің құрайды. Жобаны дұрыс орындау үшін және модель жайлы көзге көру пікірін бекіту үшін заттардың қағаз бетінде композициялық орналасуын елестей білу керек.

Сонымен қатар композицияның басқа түрлерін іздестіру; үлкен парактардың бетінде бірнеше нобай салып көрген дұрыс. Композициялық шешімнің ең сәтті түрін, таңдап, бейнелеуші заттарды қағаз бетіне пропорционалды көшіреді.

Жобалау заңдылықтары кейбір тәртіптерді сақтауды талап етеді:

Ол парактың геометриялық ортасын дұрыс анықтау. Оны мынандай әдіспен жасайды, қағаздың карама-қарсы бұрыштарын диагональмен қосады немесе горизонталь және вертикаль бойынша қағазды екіге бөледі;

• жобаның суретін сала отырып оның композициялық ортасын табу. Әдетте ол жобаның құрамындағы ең ірі немесе мәнісі бойынша ең маңызды зат яғни натюрмортта әрқашанда бір зат негізгі болып келеді;

• жобалау кезінде геометриялық және композициялық орталықтардың бір нүктеде қиылысуына ұмтылу міндетті емес;

• мысал ретінде бірнеше жобалардың бірнеше композициялық шешімдерін қарастырайық. Бір топты құрайтын

көлөнер бұйымдарын бір-бірінен бөлек бейнелеуге болмайды. Оларды бір тұтас елестетіп, бір топқа біріктіру оңай әдістердің бірі; парактын геометриялық орталығына сүйене отырып, бір даққа біріккен жобалы заттар тобының енімен биіктігіндегі шеткі нүктелерін белгілейді. Бұл жағдайда ойластырған ойдың бәрі қағаз бетіне сиып, дұрыс орналасқанын қадағалаған жөн. Бейнеленуші заттар жазықтықтың бетінде тиімді орналасып "таршылық" сезімін тудырмай, қағаздың шетіне тым жақын бейнеленбеуі керек. Ал көлемдерінің тым майда болуы да көріксіз көріністі тудырады. Заттардың суретіне карағанда, компоновкада бос алаңдар үлкен рөлді атқарады.

Көріктік және тепе-теңдік гармониясына қол жеткізген заттардың суреттемесі сәтті композициялық шешім болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

- 1. Оқу суретіндегі композицияның ролі қандай?*
- 2. Суреттемелі заттардың масштабы дегеніміз не және оны оқу суретінің композициясында қалай дұрыс табуға болады?*

Үйге тапсырма:

Бір қағаздың бетінде заттардың (бір заттың) композициялық орналасуының үш түрін орындау, ең сәтті композицияны табуға ұмтылу.

§4. ЖОБАЛАУ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ТҮЗУ ЖӘНЕ ҚИСЫҚ СЫЗЫҚТАРДЫ САЛУ

Жобалау суретіндегі неше түрлі бейнелеу талаптарын шешу үшін қолданылатын графикалық тәсілдерді үйрену кезінде сызыққа оның өзгеру түріне сәйкес штрихты сызық, немесе штрих ерекше рөл беріледі.

Жобалау кезіндегі сызық – суретте ең көп қолданылатын бейнелеу әдісі. Олардың мінезі бойынша түзу және қисық сызықтар болады: көлемі бойынша – ұзын, қысқа; сонымен қатар тегіс және тегіс емес, жіңішке және жуан түрлері бар; жарықтығы – күңгірт және жарық; қызметі – контурлы және көмекші; бағыты бойынша – горизонталды, вертикальды және ылдиды болып бөлінеді.

Оларды сызықтардың эмоционалды әсерін салыстыру кезінде байқауға болады. Горизонталды сызық көкжиекпен ассоциацияланып тыныштық сезімін тудырады; вертикальды сызық – жоғарыға ұмтылу; ылди – тұрақсыз, құлау; сынық – өзгермелі қозғалыс; толқын тәріздес – біркелкі қозғалыс, тербеліс; спиральды сызық – айналмалы т.б.

"Әлсіз сызық", "кернеу сызық", "динамикалы сызық" – деген түсініктер бар, бұл ұғымдар шынайы дүниенің көзге көрінетін болар болмас реңдеріне адамның эмоционалды мінездеме бере алатын қабілетінің үлгісі. Мұндай реакция көзбен көру сезімінің күрделі психологиялық процессінің пысықтау және шынайы нақтылықты көркем бейнеде тұжырымдай білу сияқты құбылыстарының түп қазығы болып табылады.

Сызықтардың көрікті сапалары тек қана суретте емес, сонымен қатар әсемдік – қол өнерінің композициялық талаптарын шешуде кең қолданылады.

Нүктемен сызықтарды саналы қолдануды күрделі тапсырмаларда үйренгеннен қарапайым жаттығуларда

тәжірибелеген дұрыс, өйткені алғашқысының бойында техникалық жағынан басқа өзіндік талаптары бар, мысалы перспектива, конструкция, жарықты көлеңке т.б.

Жобалы суретті алғаш рет үйренушілердің көздерінің координациясының, миы мен қолының қалыптасуына көмектесу үшін сурет құралдарын қолдануды меңгеру үшін бірнеше жаттығу орындау керек. Бұл жаттығулар көз өлшемі мен есептің дамуына бағытталған. Жобалы сурет салуды екі нүктені бір-біріне қосатын түзу сызықтан бастау керек. Көптеген суретшілер оқу барысында "сызықпен екі нүкте арқылы" сурет принципіне көп көңіл бөлген.

Сызықтың суретін салуды дайындалған парақтың бетінде бастау керек, әдетте оның көлемі ватманның 1/8 бөлігі. Оның бетінде болашақ сызықтың аяғы мен басын білдіретін екі нүктені белгілеп алу керек. Ең алдымен сызықтарды осылай белгіленген нүктелердің үстінен жүргіземіз. Жобалы оқу суретінде барлық сызықты тұтас көре білуді жаттықтыру керек. Сондықтан қарындашты қағаз бетінде ұстап тұрып, берілген нүктелерді бағытталған сызықтармен қосылуын елестетіп көріп, кейін қарындашты жазықтыққа тигізіп жеңіл, сәл будір сызықты жүргіземіз. Сызықты бөлек-бөлек емес, үзбей жүргізуге ұмтыламыз. бұл жағдайда қарындаштың ұшына емес белгіленген нүктелерге қарап отыру керек. Жобалау барысында салудың бірнеше түрлерін орындау қажет:

- екі нүкте арқылы әр түрлі бағытта өтетін түзу сызықтар;
- горизонталды;
- ылди;
- вертикалды, қарындашты әр түрлі салмақта баса отырып тек ғана осындай жаттығуларды орындаған соң қисық сызықтарды салуға кірісуге болады.

Қисық сызықтарды суреттеу үшін үш тіреуіш нүктелерді табу керек: олардың екеуі түзу сызықтың бағыты мен ұзындығын анықтайды, ал үшіншісі;

– түзуден ылдилау дәрежесін анықтайды. Тіреуіш сызықтарды тапқан соң оларды қисық сызықтармен біріктіреді.

Жобаның бейнесі бойынша күрделі сызықтар бірнеше аралық нүктелерді белгілеуді талап етеді (майысқан қисық сызықтар). Ең алдымен төрт шеткі нүктелерді белгілейміз, қазақ жобасындағы қисық сызықтардың орнын білдіреді, яғни көріністің габариті, оны қағаздың шетіне параллельді жүргіземіз кейін көріністің ортасын табамыз. Көріністің ортасына және шеткі нүктелерге сүйене отырып, белгіленген нүктелер арқылы отетін майысқан сызықтың бейнесін табу оңай. Кейін бұл сызықтың қорытынды бағытын қарынданшты қатты басып жүргізіп анықтау керек.

Жобалау арқылы көзмөлшерін жаттықтыру үшін бұрыш құрал қиылысатын сызықтардың суретін салу, бұрыштардың өздерін бөліп көру пайдалы.


Түзу және қисық сызықтардың суретін салатын суреттің бастанқы техникасын меңгерген соң, геометриялық денелерді бейнелеуге болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Түзу сызықтарды қалай салуға болады?
2. Қисық сызықтарды қалай салуға болады?

Үйге тапсырма:

Қағаздың $1/8$ бөлігінде қисық және түзу сызықтардың суретін сал. Көзмөлшерін дамытуға арналған жаттығуларды орындау: сызықтарды салып бірдей 2, 4, 5 бөліктерге бөлу.



§5. ЖОБАЛАУДАҒЫ ОПТИКАЛЫҚ ЕЛЕСТЕР.

Қолөнер заттарының дүниесін қабылдау ерекшеліктеріне байланысты қызықты құбылыстармен танысу әрқашанда пайдалы. Оптикалық елестерді ескеру оқу кезінде және көркемсуреттеу шығармашылығында көп көмек көрсетеді. Психологтар мынандай маңызды феномге көңіл бөлуге кеңес береді, ол біздің санамыздың заттарды қарапайым дараларға топтастыруға ұмтылуға шақырады.

Жобалау суретінде бірдей ара қашықтықта орналасқан нүктелер көрсетілген, бірақ біздің санамызда оларды қатарларға "Ұйымдастыру" тенденциясы бар, бір-бірімен ешқандай байланыспаған нысандар болған.

Кейде біз нақты дүниеде жоқ көлемдерді көреміз. Мысалы: әріптердің бетіне көлеңкенің түсуі арқылы олар дөңес бейнелі көрінеді. "Бұл елестер ... біздің санамыздың қызметінің қорытындысы, жарық және көлеңке жайлы білімдерге негізделген дененің бейнесіне баға беру қорытындысы болып табылады.

Жобалау кезінде "Екі мағыналы сурет" – деген түсінікке мысал келтіреміз, ол бір нысанның әр түрлі қабылдануын көрсетеді, біресе бейне, біресе фон калпінде елестейді; кейде суреттің өте қараңғы бөліктері екі қыр сияқты сезінеді, ал ақ бөлігі – нейтралды фон сияқты элементтер қабылданады, ал қара бөлігі – фон қызметін атқарған жағдайда ақ бөлігі құмыра болып шығады.

Оптикалық елестердің көптеген басқа жағдайларын келтіруге болады. Ақ алаңдағы қара квадрат қара алаңдағы квадраттан кіші болып көрінеді. Ал шынында алаңдарының көлемі бірдей.

Кейде қарапайым суреттер өте бұрмаланып көрінеді, сурет 20 – қысқа немесе ұзын болып қабылданды. Мына суретте әлдеқашан хрестоматиялы болған "Жебе елесі" мысал ретінде көрсетілген. Ұштары жоғары және төмен бағытталған түрі, ішке қарасты түрінен ұзын болып көрінеді. Келтірілген мысалдың перспективалы суретке

де қатысы бар. Екі жаққа тараған ұшы бар жебе интерьердің төбесі, қабырғасы және едені ұштасқан ішкі бұрышты елестетеді. Сыртқы бұрышы ғимараттың интерьерін еске түсіреді, фундамент және шатырдың сызықтары біріккен ұштары бар "Жебені құрайды".

Әсемдік қол өнердің композицияларында көрерменнің көңілін аудару үшін кейбір элементтерді екпінді көрсетудің маңызы өте зор. Мұндай жағдайларда негізгі дақтың аймағындағы жазықтықты бөлшектердің көп санымен толтыруға болады. Екі бірдей шеңбердің аймағында саны тең шеңберлер орналасқан – алғашқысында үлкен көлемді және кіші көлемдісі екінші жағдайда бейнеленген. Ортадағы шеңберлердің көлемі үлкен шеңберлер қоршаған түрі кіші көлемді көрінеді. Композиция: заңдылықтарын зерттеу кезінде оптикалық елестерді ескерген жөн және оларды тәжірибелі жұмыстарда қолдану керек.

Бақылау сұрақтары:

- 1. Қандай оптикалық елестерді білесіздер?*
- 2. Перспектива суреті елестермен қалай байланысады?*
- 3. Оқу қойылымындағы тәжірибелі тапсырмаларда оптикалық елестерді ескерудің маңызы қандай?*

Үйге тапсырма:

Оз беттеріңше оптикалық елестердің жобаларын салып көріңіз.

§6. ЖАЛПАҚ ЖӘНЕ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ БҰЙЫМДАРДЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ БЕЙИЕЛЕНУІ.

Сурет салудың ішінде жобалауды үйрену, басқа бір кез келген ғылымды немесе өнерді оқып білу сияқты жүйелі күрделінген талаптар қатарынан тұрады. Алдыңғы карапайым тақырыпты толық түсінбей кейінгі күрделі тапсырмаларды орындауға болмайды. Әр түрлі заттар өзара қиылысқан жалпақ жазықтықтардың жинағымен шектелген. Сондықтан осындай заттардың перспективасын салуды тез үйрену үшін, ең алдымен жалпақ тік төртбұрышты нәрселердің перспективасын құрастыруды үйренген жөн. Дәл осындай мақсатпен геометриялық денелердің перспективалық көрінісін көрсету өте пайдалы. Куб, цилиндр, шар, призма сияқты геометриялық бұйымдар барлық заттардың негізін қалаушы карапайым бейнелер болып табылады. Мысалы ағаштың сабының негізгі бейнесі – цилиндр, қарбыздың негізінде – шар, ал құмыраның бейнесі цилиндр мен шардың бірігуінен құралған. Куб – жалпақ жазықтықтармен шектелген заттардың құрылысының негізі болып табылады.

Ең күрделі заттардың конструкциясы карапайым геометриялық денелердің жинағынан құралады. Алғашқы көзге анықсыз болып көрінген жануарлар мен өсімдіктердің күрделі бейнелерінде карапайым бейнелерге бөлуге болады. Перспективаны салу заңдылықтарын геометриялық денелердің бойында тәжірибелеп байқап көруге ыңғайлы. Куб және цилиндрді перспективада дұрыс сала білу, натураға қарай отырып, жазықтықтармен шектелген, немесе цилиндрлік бейнелі кез келген затты сауатты көрсетуіне мүмкіндік береді.

Қандай да бір тік төртбұрышты тактайлы алып суретшінің алдына көкжиек сызығы жазықтықтың ортасына сәл төмен өтетіндей етіп орналастырамыз. Бұл заттың перспективасын солар

алдында оның пропорцияларын анықтап алу керек, яғни көзге көрінетін биіктігі көзге көрінетін енінен қанша үлкен екенін белгілейміз. Бұл көлемдердің пропорционалдық қатынастарын суретте салу керек. Ол үшін қағаз бетінде тақтайдың бізге жақын қырынан биіктігін жобалы мөлшерде белгілеп аламыз. Бұл биіктік суреттің масштабы болып қызмет етеді. Natureдағы нәрсенің ені биіктігінен қандай мөлшерде кіші екенін біле отырып, осы көлемді бірнеше бөліктерге бөліп енін табуға болады. Осы бөліктің біреуін горизонталды бағытта орналастырсак тақтайшаның ені шығады. Міне осындай тәсілмен анықтадық. Тік төртбұрыштың құрылысы түзу сызықтардан құралғанымен оған бейне деп қарау керек.

Тік төртбұрыштың моделіне мұқият қарай отырып, бізге жақын орналасқан вертикалды қабырғасының кейінгі шендегі қабырғасынан биік екенін, горизонталды сызықтардың ылди екенін, көкжиек сызығынан жоғары орналасқан горизонталдың төмен қарай бағытталғанын байқаймыз. Бұл сызықтардың қаншалық еңкейгендіктері мына суретте көрсетілгендей түзу горизонталды сызыққа қарасты анықталады. Табылған бұрыштарды ылди түзулермен белгілейміз, олар көкжиек сызығында бір нүктеде қиылысуы керек.

Қиылысу нүктесі тек парақтың жазықтығынан тыс орналасуы керек. Тақтайдың жалпы тіктөртбұрышы салынып біткеннен кейін, қалыңдығын анықтаймыз.

Квадраттың перспективасы. Бірінші жағдай – фронталды. Квадратты осындай екі шетінен қырлары көкжиек сызығына параллелді орналасқан қалпінде салу үшін орталық қиылысу нүктесін табу керек. Квадраттың көкжиек сызығынан төмен немесе жоғары орналасуына байланысты екі қыры тереңдікке жоғарыдан төмен және төменнен жоғары бағытта өтеді, ал басқа екі қыры сурет жазықтығына параллель болып қалады. Мұндай квадраттың қырлары қысқарған жағдайдағы суреті трапецияға ұқсас болып көрінеді. Екінші жағдайда квадраттың жазықтығы кездейсоқ

бұрышта орналасқан. Бұл қалыпта квадраттың қырлары негізгі қиылысу нүктесі P_1 -да қиылыспайды, оның оң және сол жақтарында орналасқан нүктелер бағытталады. Перспективалық суретте квадрат ромб түрінде көрінеді.

Шеңбердің перспективасы. Перспективадағы шеңбер эллипс бейнелі көрінеді. Көкжиек сызығына неғұрлым жақын орналасса, солғұрлым эллипс жіңішке көрінеді, ал көкжиек сызығында оған бірігіп бір сызыққа айналып кетеді. Перспективада шеңбердің суретін салу кезінде, шеңбердің алдыңғы бөлігінің соңғысынан үлкен болу керек екенін бақылау керек. Эллипсті ұқыпты салуға тырысқан жөн, сызықтар бір жартысынан екінші жартысына бәсен, сазды түрде өтуі керек.

Кубтың перспективасы. Куб басқа да көлемді бейнелер сияқты, кеңестік ортада бейне көлемін шектейтін жазықтықтардың үйлесуінен тұрады.

Кубтың суретін (параллелепипед) салу кезінде, квадраттың фронталды және кездейсоқ бұрыштық қалпында орналасқан перспективасына сүйену керек.

Бірінші жағдайда тік төртбұрышты геометриялық дене көкжиек сызығында бір қиылысу P -нүктесі болады, яғни біз оның екі жазықтығын көреміз. Алдыңғы жазықтығы перспективалық өзгерістерге ұшырамайды, ал тыс жағындағы және жоғарғы беті трапеция түрінде көрінеді.

Жоғарыда аталып кеткен геометриялық денелер кездейсоқ бұрышта орналасса, онда барлық жазықтықтарының перспективалық көрінісі ромб бейнелі денелерді көрсетеді.

Қандай да бір бұрышта орналасқан жазықтықтардың сызықтарының перспективасы P -нүктесінің екі жағында орналасқан қиылысу нүктелеріне бағытталады, ал вертикалды қабырғалары өз қалпында қалады, алыстауына байланысты биіктігі кішірейеді. Перспективалық құрылумен танысу дегеніміз тек құрғақ схемаларды салу емес. Жас суретшінің перспектива заңдылықтарын

оқып білуі, бейненің ішкі құрылысына еніп, оны шынайы, сенімді суреттеуіне жол ашады. Көзбен көріп қабылдау ерекшелігі суреттемеде өзіндік ізін қалдырады, сондықтан дәл сурет сызу сияқты көрінбеуі керек. Сурет салу кезінде перспективалық құрылыс тек сана арқылы натура негізінде орындалады, ол перспектива заңдылықтарын жақсы білу, заттың кеңестік бейнесін анық елестетумен негізделеді.

§7. ГОРИЗОНТАЛДЫ ЖӘНЕ ВЕРТИКАЛДЫ ЖАҒДАЙДАҒЫ ЦИЛИНДРЛІ БҰЙЫМДАРДЫ ЖОБАЛАУ.

Жұмысқа кіріспей тұрып, цилиндрдің көкжиек сызығына қандай қатынаста орналасқанын анықтап алу керек, яғни цилиндрдің енінің биіктігінен қаншалықты кіші екенін белгілейміз. Парактың ортасына вертикалды сызықты жүргіземіз, ол цилиндрдің вертикалды қалпында қалуына мүмкіндік беріп оны симметриялы болуына көмектеседі. Осы сызықтың бойында цилиндрдің биіктігін белгілейміз.

Бұдан кейін цилиндрдің астыңғы табанының және үстіңгі бетінің енін анықтап екі жағындағы вертикалдарды жүргіземіз. Цилиндрдің табаны арқылы өтетін горизонталды сызықтардың бойында эллипстің кіші және үлкен осьтерін саламыз. Эллипстің кіші осінің көлемі табанының диаметріне тең. Кіші осьтің көлемі табанының шеңберінің көкжиек сызығынан қандай аралықта орналасқандығына байланысты.

Эллипстің үлкен осін әрқашанда цилиндрдің осіне түзу бұрыштық қатынаста салады. Әр табанының көлемі анықталып болған соң, осы табандарының шеңберлерін эллипс түрінде саламыз. Вертикалды цилиндрдің екі қырлары вертикалды оське параллельді болып келеді, ал табандарының үлкен осьтерінің эллипстері тең болса, эллипстердің кіші осьтері әр түрлі, өйткені жоғарғы беті көкжиек сызығына жақын болғандықтан оның эллипсі астыңғы бөлігінің эллипсіне қарағанда қысыңқы.

Цилиндрдің астыңғы табаны толық көрінбегенімен, конструкциясының дұрыс құрылуы үшін және симметрияны сақтау үшін астыңғы бетінің эллипсін толық салу керек.

Ал, цилиндрді горизонтальды және еңкейіп тұрған қалпындағы суретін салған кезде, эллипстің үлкен осьтері цилиндрдің орталық осьтік сызығына перпендикулярлы бағытталғанын әр қашан есте

сақтаған жөн. Сондықтан цилиндрдің осінің бағытын парақ бетінде дұрыс белгілеп алып ғана, эллипстің табанын саламыз.

Цилиндрдің шеткі қырлары қиылысу нүктелеріне бағытталатындықтан және біз жақын табаны қысыңқы болып келетіндіктен, екі беттерінің эллипстерінің биіктігі, ені әр түрлі болады. Барлық жағдайларда эллипстің үлкен осьтерінің құмыраның орталық осіне перпендикулярлы екенін байқауға болады.

Мұндай ыдыстардың суреттерін салу кезінде цилиндрлік мойынның шар тәріздес денесімен қалай біріккендігіне көп көңіл бөлу қажет. Құмыраға біз үстінен қарағандықтан үстіңгі цилиндрлік бөлігінің астыңғы шар бөлігін жауып қалғанын байқаймыз. Шар тәріздес бейненің бойынан цилиндрдің астыңғы бөлігі бірігетін нүктелерін дәл табу керек.

Тәжірибесі аз суретшілер заттың конструкциясы жайлы түсініктері саяз болғандықтан, шарлы беттің контурын цилиндрдің астыңғы табанымен біріктіре салады. Мұндай сурет көлемсіз болады. Егер жоғарғы беткі жазықтығын жасырып қойсақ, онда сурет құмыраның жартысы бейнеленгендей болып көрінеді. Цилиндрдің астыңғы табанының эллипсінің үлкен осінің ұштары құмыраның шарлы бөлігінің контурымен бірікпеуін қадағалау керек. Құмыраны құраушы осы екі бөлікті бір-бірінің үстіне қою үшін, шар тәріздес бөлігін толық салып аламыз, одан кейін бақылау нүктесі жоғарыда орналасқан деген есеппен шардың бойында цилиндрмен қиылысқан шеңберді саламыз. Мұндай жағдайда цилиндрдің астыңғы бөлігінің эллипсінің үлкен осінің ұшы шар жазықтығының контурына түспейді.

Цилиндрлік бейнелердің суретін салу кезінде оның бойына бекітілген майда бөлшектерді белгілеу қиын болып көрінеді. Бұл мәселені шешу үшін қиын өтетін жазықтықтардың көмегімен қолданамыз. Мысалы шайнектік немесе қазанның осі арқылы және оның тұтқасы мен шөлмегі арқылы өтетін жазықтықты жүргізсек,

онда осы жазықтықтың ыдыстық қабырғаларымен қиылысында пайда болатын сызық осы бөлшектердің конструкциялы дұрыс табылуына мүмкіндік береді. Конструкциялық құрылыстың осындай әдіспен салынуы бейнесі күрделі заттардың суреттелуін жеңілдетеді.

Осы білімді бекіту үшін бірнеше жаттығуларды орындау керек. Жаттығу жұмыстары неғұрлым көп орындалса, солғұрлым көз кескіндердің көлемін дұрыс анықтап, эллипстарды тегіс, мінсіз орындауға болады.

§8. КӨПҚЫРЛЫ ПРИЗМАНЫ ЖӘНЕ ПИРАМИДАНЫ ЖОБАЛАУ АРҚЫЛЫ ҚҰРАСТЫРУ

Қолөнер бұйымдарын жобалауда көпқырлы призманы және пирамидалы көріністерді перспективада салу жұмысын жеңілдету үшін, табандары призмалы және пирамидалы болып келетін көлбұрыштардың перспективалық көрінісін еске түсіру керек.

Көлбұрышты салуды перспективада көрінген шеңберден бастау керек, өйткені көлбұрыш осы шеңбердің ішінде белгіленеді. Бұл пропорциялары сәйкес осьтері бар эллипс болып шығады. Натурада, бұрыштардың ұштары қалай белгіленгенін анықтап, эллипстің бойында осы көлбұрыштың бұрыштарын көрсетеміз.

Көлбұрышты салу кезінде, көз мөлшерімен бұрыштардың ұштарының өзара орналасуын дәл және мұқият анықтау керек. Жақтарының еңкейген бұрыштарын дұрыс тауып, параллельді сызықтардың қиылысу нүктесін сезіне білу қажет. Құрастырудың дұрыс орындалуын тексеру үшін диагональ түріндегі көмекші сызықтарды сызамыз. Бұл диагональдар өздеріне параллельді көлбұрыштардың қырлары бағытталған қиылысу нүктесіне қарай сызылады. Бұрыштардың ұштарының жағдайын горизонталь және вертикаль сызықтарды жүргізе отырып бақылаймыз. Кез келген призманы немесе пирамиданы тұрғызуды олардың табанын салудан бастаған дұрыс. Қолөнер бұйымдарын жобалауда горизонталды жазықтықта тұрған алты бұрышты призма көрсетілген, оның барлық қырлары вертикалды.

Горизонтальды жазықтықта жатқан алтыбұрышты пирамиданың салыну әдісін жүйелі түрде қарастырып көрейік. Ең алдымен пирамиданың еңкею осін анықтап аламыз. Оське тік бұрыштың қатынаста эллипстің үлкен осін жүргіземіз. Эллипстің кіші осі үлкен осіне перпендикулярлы және пирамиданың осімен түйіседі. Табанының эллипсін салып алтыбұрыш бұрыштарының

төбесімен белгілейміз, одан кейін оларды пирамиданың төбесімен белгілейміз, одан кейін оларды пирамиданың төбесімен қосамыз. Міне осының барлығы жас суретшінің геометриялық денелерді перспективада сала білу үшін қажет. Осы білімдер мен тәсілдерді қолдана отырып күрделі нысандардың перспективалық көріністерін оңай салуға болады.

Оқу суретінің мақсаты – білімді тәжірибеде қолдану үшін игеру, өз бетінше орындалатын творчестволық жұмысқа дайындау.

Бақылау сұрақтары:

1. "Перспектива" деген түсінік нені білдіреді?
2. "Перспективаны" жөн-жобасын оқу суретінде қалай қолданады?
3. Қарапайым геометриялық денелерді перспективада қалай салады?
4. Симметрия осі дегеніміз не?
5. Визирлеу әдісін қалай қолдануға болады?
6. Қиын өтетін жазықтық нені білдіреді?
7. Қиын өтетін жазықтықты қандай жағдайларда қолданған дұрыс?
8. Көкжиек сызығынан жоғары орналасқан шеңбердің қандай бөлігі көрінеді.

Үйге тапсырма:

1. Көкжиек сызығынан жоғары және төмен орналасқан квадраттың суретін перспективада салыңыз.
2. Көкжиек сызығынан жоғары және төмен орналасқан шеңбердің суретін перспективада салыңыз.
3. Натураға қарап отырып шахмат тақтасын салыңыз.
4. Көкжиек сызығына қарасты әртүрлі жағдайда орналасқан вертикалды тұрған цилиндрдің суретін натурадан қарап салыңыз.

а) көкжиектен жоғары;

б) көкжиектен төмен;

в) көкжиек сызығы цилиндрдің орта белінен өтеді.

5. Шелек немесе құмыраның горизонталды жағдайдағы суретін натураға қарап отырып салыңыз.

а) көкжиек сызығынан жоғары;

б) көкжиек сызығынан төмен;

в) көкжиек сызығы осы заттардың орта белінен өтеді.

§9. ЖОБАЛАУДАҒЫ ТҮСТІҢ СИМВОЛИКАСЫ

Түстің мағыналы қызметі оның символикасында көрінеді. Қызыл түстің қызықтыратыны, жасыл түстің жайландыратыны, кара түстің – қысым көрсететіндігі – ерте кезден белгілі. Ұлы неміс акыны, ағартушысы Иоганн Вольфганг Гетенің пікірі бойынша жарық, түс, және эмоция осы үшеуі бір байлаудың бөлігі. Оның айтуынша сары және қызыл түстер көңіл-күйді көтереді, адамның энергиясын өрістетеді, ал көк түс көңілді бұзады. Бүгінгі күндерде дүниежүзілік келісім бойынша қызыл түс қауіпті білдіреді. Қызыл белгі – тиым салуды білдіретін белгі. Қызыл түстің қыздырғыш, кобалжытқыш әсерін психологтар адамзаттың тарихи тәжірибесімен байланыстырады, қызыл түс – қанның түсі.

Бүкілдүниежүзілік көркем бейнелеу өнері тарихының бөлек кезеңдерінде түстің символикасы шыарманың идеялық-көркем мазмұнында маңызды рөл атқарған.

Діни идеологияның үкімі жүріп тұрған кезде, түске деген қызығушылық түстің сиқырлы күшіне сенумен қошаметтелінген, ортағасырдың өнерінде түс символикасына ерекше орын бөлінген. Өр түске бекітілген белгілі символикалы мағына, бірыңғай система еш уақытта да болмаған. Мысалы: орта ғасырларда қызыл түс бір жағынан сұлулық пен қуанышты білдірсе, екінші жағынан ашу мен ұятты білдірген. Сары сақал мен шаш бір кездері жағымды кейіпкерді танытса, ал басқа орта ғасыр ырымы бойынша қызыл сақал – сатқындық. Діни символикада: ақ түс тазалық пен әдептілікті, жасыл – жанның мәңгілігі, көгілдір – қайғы, қызыл – әулиенің қаны.

Бір кезеңдегі және бір елдегі түстердің символикалық мазмұнының қарамақайшы болуы діни символика мен халықтық түрлерінің айырмашылығына байланысты. "Егерде оның алғашқысы өзінің шығу тегін діни оқулар мен аңыздардан, кара

сөзден басталған деп түсіндірсе, ал халықтық символика адам санасындағы қоршаған ортадағы табиғи бояулардың көрсеткіші" деп бағалаған. Көптеген елдердің халық ертегілерінде жасыл түс үміт символы болып саналады, өйткені жастықпен, өсумен ассоциацияланады; қызыл қанның түсі; аттың және махаббатты білдіреді. Түстің символикасы біресе туындап біресе жойылып кетіп тұрған, қазіргі күндерде түстік символика өнерде сақталанып қалған. Жорамалы символикалы жалпы түсінікті білдіруші көріністер бүгінгі күндерде өкімет рәміздерінде (жалау, герб, эмблема) кең қолданылады. Кескіндеме шығармаларында символика қосымша мағына беруші бояумен қатар, бөлек түспен көрсетілген және жалпы суретпен тұтас эстетикалық әсер беруші болып табылады. Жалпы алғанда символика мәселесі күрделі және шимайласқан. Ол тарихи лингвистік, фольклористер, этнограф, психолог секілді мамандарды біріктіріп арнайы зерттеуді талап етеді.

Барлық түстерді екі категорияға бөлуге болады: ахроматикалы және хроматикалы. Ахроматикалы немесе түссіз, яғни ақ, сұр, қара, олар бір-бірімен ашықтығымен (қоюлығы) ғана ерекшелінеді. Бірақ бұл түстердің көркем бейнелеу мүмкіндіктері мол. Адамның көзі ашықтық дәрежесі бойынша 300-400 ақтан – қараға өтпелі рендерді ажырата алатын қабілеті бар. Ахроматикалы түстердің айырмашылығы бар екеніне көз жеткізгеннен кейін ақ қағаз бен гипстің, ақ гуашьтың түстерін салыстырып байқауға болады. Қара түстер де бірдей емес. Мысалы қара мақпал матасы қар жүн матасына қарағанда түсі қоюырақ және т.б.с.с. Бірақ қоюлығы әр түрлі рендерді сұр түс береді. Басқа түстер ахроматикалы рендерге қарағанда түрлі-түсті бояулар немесе хроматикалық түстерге қарағанда бәсең бейнеленеді.

Ұлы ағылшын ғалымы Исаак Ньютон тәжірибиелі жолдармен, жіңішке күн сәулесін үш қырлы призмадан өткізіп, артқы бетінде орналасқан экранда тәртіп бойынша тізілген керемет әдемі

түстердің қатарын байқаған. Бұл құбылыс аспандағы кемпірқосаққа ұқсайды, ол жаңбыр тамшыларында көрінген және ауада тарқаған спектрлі сынық күн сәулелері секілді бейне берген. "Книга о живописи" – деген шығармасында Леонардо да Винчи былай деген: "Ақ дегеніміз түс емес. бірақ оның басқа түстерді қабылдай алатын қабілет бар" – деп жазады.

Түстік реңдерді табиғи тізімінің көрсеткіші күн жарығының спектрі: қызыл, сарғыш-қызыл, сарғыш, сарғыш-сары, сары, жасыл-сары, сары-жасыл, жасыл, көгілдір-жасыл, көгілдір, көк, күлгін және т.б. түстерді елестетеді – деп жазады Леонардо да Винчи өз шығармасында.

Спектр құрамында ақ, сұр, кара ахроматикалық түстер жоқ. және табиғатта бар қою қызыл (пурпурный) түсте жоқ. ол қызыл мен күлгін (фиолетовый) бояуларды араластырғанда пайда болады. сонымен қатар қою түсте орнын таппаған.

Адам түстерді ана емес реңдерді де ажырата алады, олар бір-бірімен қоюлығы және ашықтығы бойынша бөлінеді.

Ахроматикалық түстерге карама-қарсы, хроматикалы бояуларда реңдік айырмашылық көп болады, ол қоюлығының ашықтығына байланысты. Спектрлік түстердің біреулерінде түстік реңдері күрт ерекшеленсе, басқа біреулерінде бәсең байқалады. Түстің сапалы мінездемесі қоюлықты салыстыруға болады. Қоюлық дегеніміз – хроматикалық түстен ашықтық мөлшері тең ахроматикалық түстен айырмашылығының дәрежесі. Бұдан мынандай тұжырымға келуге болады: "Түстердің негізгі қасиеттері: түстік рең, ашықтық және қоюлық. Хроматикалық түстерге қарсы айтылғанда – ашықтық деп ақ немесе кара пигментті түстің құрамында болуын ұғындырады. Егер де хроматикалық түстерге әр түрлі ашықтығы бар ахроматикалық түсті араластырса, онда хроматикалық түстің қоюлығы, ашықтығы да бірге өзгереді". Мысалы ақ түсті көк бояуға қоссақ, онда оның қоюлығы азайып, ашықтығы артады. Мұндай әдіспен көптеген ашық түстерді алуға болады.

Егер ашықтығы күңгірт ахроматикалық түстерді хроматикалық түстермен біріктірсек, онда оның қоюлығы да, ашықтығы да біркелкі азаяды.

"Таза" – деген сөзді ешқандай бөтен бояулармен араластырмаған түстерге қарасты айтады. Сондықтан таза түстерге үш негізгі немесе спектрлік қатардағы алғашқы – қызыл, көк, сары түстер жатады.

Үш негізгі түстерді оптикалы араластыру ақ түсті берсе, ал олардың екеуін біріктірсе түстер қосындысын туындайды. Мысалы, көк пен сары – жасыл. Түстік шеңбер таза спектрлік түстерді бірыңғайлайды.

§10. ЖОБАЛАУ КЕЗІНДЕГІ КӨЗДІҢ СЕЗІМТАЛДЫҒЫ


Леонардо да Винчи адамның дене мүшелерінің ішінде көзге ерекше орын берген: "Көз дүниенің барлық сұлулығын құшағына алып тұрғанын сен байқамай тұрсың ба? Ол астрологияның бастығы, ол космографияны туындайды, ол адамзаттың барлық өнеріне кеңес беріп, оны түзейді, адамды дүниенің барлық бөліктеріне қозғайды, ол жұлдыздардың көлемі мен биіктігін өлшейді, ол элементтерді және олардың орнын тапқан.


Архитектурамен перспективаны туындаған. ол тағайып кескіндемені құраған" – деп баға береді. Күнделікті тәжірибелі қызметте, көбінесе көркем бейнелеуде көздің сезімталдығы ерекше маңызды, оның ашық, қою, бояуларды реңдік айыра алатын қабілеті зор. Мұндай қабілеті түстік көрудің мінездемесінің сапалық көрсеткіші. Ол психологиялық факторларға тәуелді, физикалы қабылдау қасиеті әрқашан да тұрақты жер, тас, ағаш жапырақтары жарықтық толқындарды 10 және 100 мың жыл бұрынғыдай қазіргі күндерде дәл солай шағылыстырады, бірақ түсті қабылдау ежелгі дүниедегі адаммен жаңа уақыттың өкілдерінің арасында әр түрлі. Бұл жағдай адамның көру қабілетінің осы қазіргі деңгейде болуы, "Сезімтал мүшелердің бізді қоршаған ортаның түстерін жақсы ажырата білуге бағытталған ұзақ эволюцияның қорытындысы".





Егер қабылданушы түстердің негізгі ерекшеліктері ашықтығы түстік реңіне және қоюлығына байланысты болса, онда көздің осы үш мөлшер, бойынша ажырата алатын мүмкіндігін белгілеу керек. Көздің сезімталдығын зерттеген кезде түстің реңінің өзгеруіне байланысты, спектрдің әр бөлігіндегі толқын ұзындықтарының өзгеруіне көз бірдей сезімталдық білдірмейді. 1946 ж. Рейт және Питт жүргізген тәжірибелері бойынша, түстің өзгеруі спектрдің төрт бөлігінде ерекше байқалады, ол жасылдау-көгілдір, сарғыш-сары, сарғыш-қызыл, көк-күлгін; спектрдің жасыл бөлігінің





(орталық) және аяғына, қызыл, күлгін жағына көздің сезімталдығы төмен. Осы тәжірибенің қорытындысына қарағанда белгілі бір жарықтың түсу жағдайында және көру алаңына байланысты көз спектрден 150 түстік реңдерді ажырата алады.




Жобалау пәндеріндегі қолданылған сызбалар және қолөнер бұйымдары.

























Жобалау негізінде жасалған бұйымдар



















Егер бұл тізімге спектрде жоқ қою қызыл түсті біріктірсек, онда көз қабылдайтын түстік реңдер – 180-ге тең.

Теплов Б.М., Соколов И.М., жүргізген тәжірибелері бойынша көзге байқалатын қоюлық ерекшеліктердің саны қызыл, сары, көк жазықтықтар үшін бірдей емес. Олар 7-ден 12 дәреже аралығында. Көз ашықтықты ажыратуға икемділеу, Кенингтің өткізген тәжірибесі көздің 600 ашықтық дәрежесін анықтайтындығы бекітілген.

Теплов Б.М., Соколов И.М., жүргізген тәжірибелері бойынша көзге байқалатын қоюлық ерекшеліктердің саны қызыл, сары, көк жазықтықтар үшін бірдей емес. Олар 7-ден 12 дәреже аралығында. Көз ашықтықты ажыратуға икемділеу, Кенингтің өткізген тәжірибесі көздің 600 ашықтық дәрежесін анықтайтындығы бекітілген.

Түстің реңдік қасиеттерінің өзгешелігі тұрақты емес, түстік объектілердің қоюлық және ашықтық өзгерістеріне тәуелді екендігін есте сақтаған жөн. "Қоюлықтың азаюына байланысты және ашықтықтың көбеюі мен бәсеңдеуіне қарай, түстік реңдерді нашар ажыратамыз" – деген Карпов С.В. Қоюлығы сұйықтау хроматикалық түстер екі түрлі ренге тіркеледі: сарылау "жылы" және көктеу - "суық".

"Түстік гамма" осындай тәсілмен бірігеді, ол кезде хроматикалық түстер ақ және қара түске жақын болады. Сондықтан көздің қабылдайтын түстерінің нақты санын ажыратылған реңдердің, санын, қоюлық және ашықтың мөлшерлерін жай ғана көбейтумен есептеп шығаруға болмайды. Егер мұндай тәсілмен реңдердің санын анықтасақ, онда көз миллионнан астап түстерді ажырата алатын болып шығар еді. Бұл тәсіл дұрыс емес, өйткені бір түстің екіншісіне тәуелді жағдайда өзгеруін ескермейді. Бірнеше мыңдаған түстік реңдерді айыратын мүмкіндігін түсіндіруге болады.

Бөлек түстерді көздің сезінуі түскен жарықтыққа байланысты сапалы өзгеруі мүмкін. Мұндай заңдылықты алғашқы рет чехия ғалымы Пуркине Я. байкаған. Бұл зерттеудің тұжырымы бойынша жарық бәсеңдеу болған кездері көздің түстік реңдерді ажырату сезімталдығының төмендеуіне себепкер бола отырып, бұл қабілет спектрдің қысқа толқынды бөлігінен асуы мүмкін – деген сипаттама береді.

Сурет галереяларында жарықтың нашар түсуіне байланысты сарғыш, қызыл, сары түстер сөніп қалған секілді көрінеді ал, көк, жасыл реңдерде жарқырап көрініп, шығарманың бояу құрылысының дұрыс қабылданбауына әкеліп соғады.

§11. ҚОЛӨНЕРДЕГІ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ СУРЕТТЕМЕНІҢ КӨЛЕМІ.

Қолөнер бұйымының композициялық шешімін іздестіру форматтың, оның форматы мен суреттеменің көлемін табу маңызды мәселелердің бірі. Ойластырылған суреттеме форматтың кез келген көлемінде жақсы орналаса бермейді, ал сурет жазықтығының әр түрлі бейнелері бейнеленуші нысанға алуан түрлі сипаттама береді.

Қағаздың домалақ форматы суретке байсалды аяқталған мінездеме береді. Сопақ бейнелі формат адамның бетінің сипатымен ұштасып, бейнеленуші адамға жұмсақ, әйел адамзатына тән мінездемені таңдайды. Жоғары қарай созылған тік төртбұрыштық формат суреттеме жайлы монументальды әсерді туғызады. Горизонталь бойынша созылған тік төртбұрышты формат бейнеленген нысанды тарылтып, төмендетеді.

Суреттің көлемі мазмұнына байланысты. Кез келген сюжетті кіші көлемді қағаздың бетіне жайғастыруға немесе үлкейтуге болмайды. Әр сюжет үшін өзіне арнайы көлем табылу керек. Мысалы, эпикалық сюжет, тұрмыстық көріністерге қарағанда қағаздың ірі көлемін талап етеді. Қағаздың мазмұнына сәйкес келмеуі, ойды айқындау талабына кедергі болуы мүмкін.

Суреттің композициясы үшін, композициялық орталықты ерекше айқындауда холст жазықтығындағы суреттеменің көлемінің маңызы зор. Ірі суреттемелер әрқашанда сурет жазықтығынан шығып тұрады, яғни жазықтықтың арғы бетіндегі елестелмек кеністіктен. Тым кішкентай суреттеме сурет жазықтығынан едәуір шегініп, жазықтықтың қағаздың қосымша бөлігі секілді көрінеді. Егер көрерменнің суретті бақылау кезінде холсты үлкейту немесе кішірейту керек деген сұранысы болмаса, онда үйлесім сәтті орындалған деуге болады.

Көркем бейненің көріктілігі натураның көріктілігімен анықталады. Сондықтан суретші натураның барынша көріктілігін, оның қозғалысының, калпының ең мінездемелі сәттерін таба білуі керек. Әр нысан немесе зат өзіндік ерекшеліктерін бір жағынан толық көрсетсе, екінші жағынан аз мөлшерде айқындауы мүмкін. Көк жиек сызығы, дұрыс тауып, оңынан да соңынан да, алыстан және жақыннан бақылап, натураның ең әдемі көрінетін калпын суреттеуге ұмтылу қажет. Ол суретте заттардың нашар ұйымдасқан түрін көрсететін бақылау нүктесі көрсетілген. Егер де бақылау нүктесін өзгертсек онда натура өзара байланысты тұтас нәрсе ретінде қабылдануы мүмкін.

Пейзаж көрінісі бақылау нүктесін өзгертуге байланысты күрт өзгерістерге ұшырайды. Бірінші суретте ағаштан қыр жағынан алыста көрінсе, басқа нүктеден қараған кезде бұйымның түрі өзгеріп, ағаштар үймен үйлесімді көрінеді. Яғни бақылау нүктесін таңдау кезінде кездейсоқтық жағдай болмау керек. Суреттің композициясын туындауда бақылау нүктесін, бұрышын таңдаудың маңызы зор. Егер де бірнеше қолөнер бұйымының бейнесін алдыңғы қатарға орналастырсақ, онда қате болады. Ашық аспап астындағы құбылыс қажетті кеңістікті талап етеді. Сондықтан композициядағы бұйымдардың топтары мен кеңістік теңеліп көрінетін бақылау нүктесін таңдау керек.

Әр сюжет өзін айқындауда өзіне тән қарау нүктесін және ерекше көкжиек сызығын талап етеді. Көз деңгейіндегі көкжиек сурет жайлы байсалды әсерді туғызады. Биік орналасқан көкжиек мол кеңістікке жол ашып, бұйымның мәртебесі биік көрінеді. Қазақтың белгілі суретшісі У. Тансықбаевтың "Іле өзенінің аңғарында", Сахи Романовтың "Копи Капал-Арасан", А.Ғалымбаевтың "Жол", К.Қыстаубаевтың "Туған жер", А.Қастеевтің "Шучье алқабы" – атты шығармаларында көкжиек сызығы жоғары алынған, ол Қазақстан жерінің кең байтақ екенін, табиғат байлығын молынан көрсетуге мүмкіндік береді. Көкжиегі

төмен орналасқан суреттер монументалды әсерді көп туындайды. Төмен бақылау нүктесін суретшілер бейнеленуші нысандардың үлкен көлемін көрсетпек болғанда жиі қолданады. Осындай мысалдаға сүйене отырып қолөнер бұйымдарын сауатты түрде жобалау жұмысы өте маңызды орын алады.

§12. КЕСКІНДЕМЕЛІК ШЫҒАРМАДАҒЫ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ

Суреттегі басты мақсат негізгі ойды, идеяны көрсету. Композицияның тұтастығы қосымша түсініктің басты идеяға бағынуына, суреттеменің бір бүтін шығарма бойында үйлесуіне байланысты. Әр бөлшегі – басты ойды дамытуға бағытталуы керек. Негізгі нысан анық көрініп, қосымша, екінші шеңдегі заттар көзге онша ілінбеуі керек.

Суреттегі негізгі қызметті атқарушы нысан оптикалық орталыққа жақын орналасуы керек. Бұл жағдайда, суретті бір карағанда толық көріп, мазмұнын алыс арақашықтықта қабылдауға мүмкіндік береді.

Қоршаған ортаны бақылау кезінде біздің көру қабілетіміз, қарастырылмақ топтан бір нысанды ерекше қабылдауға бейімделген. Ол көру алаңының ортасында орналасып, өзіне көп назар аударта отырып, көзге анық көрінеді. Ал басқа көру орталығынан тыс көру алаңындағы заттар жалпы түрде байқалады. Негізгі қарастырылушы заттың аймағындағы нәрселер басты элементке бағынып, көру алаңына түсетін көріністің барлығы біртұтас, тепе-теңдікте қабылданады.

Суреттің композициялық құрылысы көбінесе көзбен көріп қабылдау ерекшелігіне байланысты. Суреттеме тұтас қабылдануы үшін барлық элементтер басты бейнеге бағынуы керек. Маңыздылығы бірдей бірнеше композициялық орталықтың болуы композицияның тұтастығын, бірлестігін жасайды. Ол көзбен көру өзіндік ерекшелігінің талабына сай болмайды. Суретші сурет бойында бірнеше композициялық орталықты көрсетуі мүмкін, ол мазмұнымен ұштасуы керек.

Суреттің қабылдану әсерінің жүйелі болуы тек қабылдау әсерінің ерекшелігіне ғана емес, сонымен қатар мазмұнының даму

санасына сәйкес болуы керек. Мысалы, М. Кенбаевтың "Шабанның өлеңі" – атты шығармасына мысал келтірсек ең алдымен шабанның бейнесі көзге түседі. Орталық бейнені қабылдаған соң, көрерменнің назары басқа да элементтерге түседі, олардың барлығы басты тақырыпты айқындауға бағытталған. Осының бәрі алдымен суретшінің жобалық заңдылықтарды туындауға әсер беруі тиіс. Сондықтан ең алдымен жобалауға арналған бұйым бірінші қатарда болуы міндет. С.Мамбеевтің "Сіздің қаладағы қыздар" – деген туындысында, көрерменнің назары ең алдымен бірінші қатардағы қыздарға түседі, олардың сұлулығына қызыға отырып, суретшінің шеберлігінің алдында бас иеміз. Адамдардың бейнелерінің пропорциясын дұрыс табу, контрасты қолдану мұның барлығы шығарманың композициялық құрлысын қабылдауға ықпалдайды. Көлемі онша үлкен емес бірақ, мазмұны түсінікті суреттер алыс арақашықтықта да жақсы қабылданады. Сонымен композицияның тұтастығы шығарманың барлық элементтерінің байланысына тәуелді, олар қызмет санасымен анықталады.

Композициялық жанрда басты кейіпкерді суреттеу, оны көзге көрінетін орталық жерге орналасуымен ғана шектелмейді, сонымен қатар жазу техникасының қызметі зор болады.

Композициялық орталықты айрықша көрсетуде, суретте шынай көру қабілетін нығайту жарықты көлеңкемен іске асады, және бейнелердің көлемімен, арақашықтығының көмегімен орындалады?

Суретші сурет бойындағы маңызды элементті түспен, реңмен, детальдарының байқауымен көрсетеді.

§13. АРНАУЛЫ ЖОБАЛАУ КЕЗІНДЕГІ ТЕПЕ-ТЕНДІК (симметрия. Ассиметрия).

Суретшінің басты мақсаты – гармониялық бірлестікті туындау. Композицияда тепе-теңдік, яғни барлық элементтері өзара келісімде болған кезде ғана шығарманың тұтастығына қол жеткізуге болады. Тепе-теңдік пропорцияланудың көмегімен орындалады. Баланстанған композиция тұтастық, анық сезімді тудырып, оңай және жеңіл қабылданады. Пропорционалды қатысы табылмаған қатынас, тұрақсыз, тең емес, кез келген сәтте қирап қалатын сезімін тудырады. Тепе-теңдіктің қалайда бұзылуы композицияны күрделендіріп, дисгармонияға әкеліп тірейді.

Симметрия. Адам симметрияны табиғаттағы тәртіпті көрсетуші деп түсінеді. "Заңдылықты қабылдау эрakashанда қанағаттандыруды тудырып, сенімділік пен сергек көңіл күйді білдіреді. Тәртіп ойды босатады", - деп жазған француз математигі және философы Рене Декарт. Дәл осындай пікірді біздің ғасырдың архитекторы Ле Корбюзьеде білдірген: "Адамға тәртіп қажет, ол болмаса адамның негүрлым мінсіз болса, адам солғұрлым өзін сенімді сезінеді. Тәртіпке сүйене отырып ол алуан түрлі құрылымдарды орындайды мұның барлығы психиканың сұранысы – творчестволық процесс. Творчество – тәртіптелу акті".

Басқа жағынан қарайтын болсақ, сұлулықты тек симметрияға тіркеу оның ішкі мазмұнының байлығын шектейді. Қарама-қарсылықты қолдану арқылы сұлулыққа қол жеткізуге болады, яғни ғажайып нәрсенің мәнісін симметриямен оған қарама-қарсы асимметрияның бірлестігімен анықтаймыз. Адам абсолюттік тәртіппен, шашыраған тәртіпсіздікке бірдей ұмтылады. Композицияның беделдігін арттыру үшін асимметрияны жиі қолданады.

Симметриялық композицияда асимметрияның бастамасы, контрасты түсті дақтарды, бейнелерді енгізуден басталады. Асимметрия симметрияға негізделетінін арқашанда есте сақтаған жөн. Сонымен, симметрия мен асимметрия бейнені құраушы, өзара байланысты, өзара толықтырушы композициялық тәсіл болып табылады. Симметрияны адам, тыныштық белгісі, статика, заңдылық ретінде қабылдаса, асимметрия кездейсоқтықты, бостандықты, қозғалысты, динамиканы білдіреді. Егер композицияның тәртібі сауатты шешім жағдайында бұзылса, онда ол қоркөмдік бірлестікке қолжеткізуге кедергі болмайды.

Егер де қағаздың беті суреттелген нысандармен әрқелкі толтырылса, сурет жазықтықтың бір шетіне ығыстырылып, бір бөлігі ауыр болып қабылданса ол тепе-теңдікті бұзады. Мұндай көрініс біздің көріп қабылдау қабілетімізге қайшы келіп, нашар ұйымдасқан болып сезіледі.

Қоршаған ортаның заттарына қараған кезде, көру алаңындағы заттар біркелкі орналасқанын байқаймыз. Оптикалық орталық шамамен ортасында орналасқан. Осыған сәйкес композициядағы заттар орындарын тауып, композициялық орталық орнатылады. Композициялық орталық геометриялық орталықпен сәйкес келмеуі мүмкін. Суреттеменің орталық нысаны тым ығыстыру немесе бір топ заттарды кейін сырғыту, суреттің бір бөлігін ауырлатып екінші жағында бос көріністі қалдырады.

Композициядағы тепе-теңдікке қолжеткізу үшін элементтерді сурет жазықтығының оң және сол жағында, жоғарғы және төмен бөлігі де біркелкі орналасуына ерекше көңіл бөлу керек. Бірақ жазықтықты екіге бөлуден (горизонталь немесе вертикаль бойынша) алыс болу керек.

Суреттегі көкжиек суретінің горизонтальды ортасына түйіспеуі керек және орталық вертикальға ірі нысандар түспегені жөн. Алайда барлық сурет ені өз бетінше орналасқан бөліктерге бөлінеді.

Суреттің тепе-теңдігі дәл геометриялық симметрияны

білдірмейді. Егер композициялық орталық, басты кейіпкер суреттің дәл ортасында орналасса сурет сүйкімсіз көрінеді. Оны ортадан сәл ығыстырған дұрыс. Сонымен қатар суреттің салмақтылығында заттардың көлемімен қатар, реңі мен түсінін қызметі зор.

Бақылау сұрақтары:

1. *Композиция деген сөз нені білдіреді?*
2. *Кескіндемедегі түстік ритмнің мәнісін түсіндіріңіз?*
3. *Кескіндемедегі колориттің орны қандай?*
4. *Композициядағы пропорцияның ролі қандай?*
5. *Композицияның негізгі көркемдеуші тәсілдерін атаңыз?*
6. *Кескіндемелік композицияда қандай контрастар болады?*
7. *Нюанс дегеніміз не?*
8. *Симметрияға қарама-қарсы тәсіл қалай аталады?*
9. *Нюансқа қарама-қарсы тәсілді ата?*
10. *Динамикаға қарама-қарсы тәсіл қалай аталады?*

Тәжірибелі тапсырма:

1. *Түстік ритмді суреттеуге арналған композицияларды орындау:*
 2. *а) горизонталь бойынша;*
 3. *б) вертикаль бойынша;*
 4. *в) диагональ бойынша.*
5. *Түстік контрасты көрсетуге арналған композиция орындау.*
6. *Түстік тепе-теңдікті білдіретін композицияны орындау.*

§14. НАҚТЫЛЫ БЕЙНЕ АРҚЫЛЫ СУРЕТ САЛУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ.

Көркем бейнелеу өнерінде шындықты айқындау, айнадай көшіру емес. Суретші фотографиялық аппарат емес. Өмірді суреттеу кезінде, суретші қоршаған ортаны жай ғана көшірмейді. Өнердегі шындық – адам айқындайтын нақты жағдай. шындықтың өзі емес. Шындықты шынайы суреттеуде суретші көзқарасының маңызы зор, сонымен қатар өмірге терең ену, қоғамдық процестерді толық түсіну және оларды өзара жалпылау.

Суретші әрқашанда көркем. бақылаған нәрсенің мағынасын, табиғатын түсінуге тырысып, оған шексіз таллау жүргізіп, бейнелердің бойында өзінің пікірін суреттеп, қарым-қатынасын білдіреді Шығармашылық процестің негізі әрбір суретшінің көзқарасына негізделген. Натюрморт, портрет, пейзаж, жанрлы суреттерді суретші әрқашан олардың мағынасын, сюжетін, композициясын ойластырып, шығармасының ең жақсы шешімін іздестіреді.

Тіпті бұрынғы заманнан біздің уақытқа жеткен ежелгі көріністер өмір құбылыстарын жалпылайды. Олардың бойында нысанның көшірмесін салуға ұмтылысы болмайды. суретшілер мәні аз фактілерден гөрі қажетті, мінездемелі, маңызды түрлерді таңдайды. Леонардо да Винчи шындықты көзді жұмып көшіру жайлы былай деп жазған: "Көз ойлауы мен тәжірибеге жүгініп, ойланбай көшіруші кескіндемеші, айнаға ұқсайды, ол заттарды түсінбей айқындайды". Мүсінші Роден өзінің шығармашылығы жайлы былай деген: "Жапсырма тек сыртқы дүниені көрсетеді, ал мен рухани дүниені сездіремін, ол да табиғаттың бір бөлігі. Мен көз көрген табиғатты ғана емес, бар шындыққа қол жеткізем. Көңіл-күйді көп білдіретін шетін сызып көрсетем. Мен табиғатымды өзгерткен жоқпын".

Мағынаның өмірлігі мен шыншылдығы – ол суреттердегі бейнелердің бейнеленуші құбылыстардың табиғатына сәйкес болуы. Шыншыл көрініс бейнеленуші нысандар мен жағдайлардың мінездемесін көрсетуден тұрады. Әр затқа, нысанға немесе шындық құбылысына белгілі бір белгілер, мінездемелі ерекшеліктер тән. Нак солар бейнелеу нысандары болып табылады. пейзажда суретші көзге көрінген заттардың сыртқы түрін айнытпай көрсетуге ұмтылмай, оны негізгі қызықтырған, әсерлі сезімді тудырушыны суреттеуге тырысады. Суретші табиғатты толық шыншыл бейнелеп, қуаныш тудырған мәніне көп көңіл бөледі. Қандай да бір портретті салған кезде суретші сыртқы ұқсастықтарымен қатар, ішкі психологиялық ерекшеліктерді суреттеуге тырысады. Шын суретшінің шығармашылығы шындыққа бата білу және одан терең шындықты шығара білу қабілетінен тұрады. Көркем бейне ең алдымен шындықпен сендіреді. Оның көркемдігі құбылыстың мәнісіне, адамдардың мінезіне терең енумен анықталады. Кескіндемедегі көркем бейненің абыройлығы тек маңызды және мінезді қасиетінің болуымен ғана анықталмайды, сонымен қатар көріністік бойында суретшінің қандай да бір көркем идеяны айқындауына байланысты.

Суретте терең ойлардың, өмір жайлы толғаныстардың, адамдардың мінез-құлқының болуы эстетикалы терең сезімдерді тудырады. Әр кезде де суретші сурет арқылы өзінің өмір туралы түсінігін көрсетуге тырысады. Егер де суреттің идеялары саяз және сұр болса, сондай-ақ қоршаған ортаға жана көзқараспен қарауға итермелейтін қабілетінің болмаған жағдайында – көрерменнің эмоционалдык үндесуі әлсіз болады. Кескіндеме адамдардың сезімімен ойларын көрсетуі тиіс, сонымен қатар адамдардың арасындағы күрделі және жіңішке қарым-қатынастарды айқындап, нақты кезеңдегі құбылыстардың көрсеткіші болуы керек.

Терең және шынайы ойлар, адам мен табиғатқа деген сүйіспеншілікпен қарастырылған өмірлік мәселелер адамның

жүрегімен санасын қоректендіреді. И.Е. Репин - "Идеясыз ұлы көркемдік шығарманың болуы мүмкін емес" – деген. Алуан түрлі заттармен өмірлік құбылыстардың эстетикалық байлығын айқындау үшін, көркем бейнелеу өнерінің шығармасы өзінің мазмұны бойынша және айқындау түрі бойынша нақты дүниенің көріну қорытындысы болуы тиіс.

Кескіндемелік шеберлікті құраушы элементтердің (заттардың пластикалық көлемдерінен колритына дейін) объективті шығу тегі бар. Кескіндемеге тән ғана адамның көру қабілеті арқылы қабылданатын құбылыстар мен заттар бейнелерімен қолданады. Өмір құбылыстарын айқындауға әр қашанда шынайы, нақтылы көрнекіліктер керек. Нақты заттармен ұқсастығы, түрлі түстік нақтылығы – міне осындай жағдайларда бояулар эстетикалық эмоцияны тудырады. Нысандар мен заттардың шынайы көрінісі табылмағанынша көркем бейнені туындауға немесе басқа мазмұнның туындауы мүмкін емес.

Кескіндемелік суреттеме жорамал белгі немесе символ бола алмайды. Станкілі кескіндемедегі көркем бейне дегеніміз – алаңдаушы түсінік емес, ал заттардың нақты ұқсастығы. Суреттің эмоционалдық әсері табиғатты көріп қабылдаумен, нақты дүниені сезіне білумен байланысты. Заттар дүниесімен байланысты ассоциативті елестерінің байлығына сүйене отырып, кескіндеме көрерменді белгілі бір адам толғаныстарының жүйесіне ендіреді. Адам дүниені көзге көрінетін бейнелер арқылы танып сезінеді.

Ой қызметін таныс заттардың, нақты қасиеттердің және қатынастардың көмегімен өрістетуге болады. Көру сезімдері табиғатты эстетикалық қабылдаудың және танудың негізгі бұлағы. Заттың түрі нысан жайлы біртұтас және толық мінездемені береді, көзге көрінетін бейне арқылы заттардың мәнісі мен мазмұнын, өмірдегі қызметін анықтаймыз.

§15. СУРЕТШІНІҢ КӨРЕРМЕНГЕ БЕРЕР ӘСЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ.

Тарихи даму процессіне байланысты біздің түсініктеріміз бен эмоцияларымыз заттық дүниесмен, оның ішкі және сыртқы қасиеттерімен тығыз байланысты болған. Адамзат кішкентай жастарынан бастап, нақты ойлар мен және сезімдермен ассоциацияланатын, көзге көрінетін әсерлер мен елестерді жинақтайды.

Суреттемеде бейнеленген көзге көрінетін дүниенің нақты қасиеттері мен сапаларына байланысты сезімдер мен толғаныстар туындайды. Егер де оқушы-жастар өзінің басынан өткізген табиғат құбылысын бейнеленген суретте көрсетсе, онда ол бұл көріністі тез қабылдап суретшінің ойын тез түсінеді. Мысалы пейзаж жанрында нысандардың шынайы бейнеленуінің арқасында, олардың құралдының, ауалық жұмсақтығын, жарық пен түстің табиғи ойының бәрін суретші көзге көрінетін әсерлермен анық көрсетеді, олар: таңғы аспанның бояуларын, жасыл жапырақтардың бетіндегі жарық пен көлеңкесін орны т.б..

Мұндай көріністер оқушы-жастарға қандай да бір құбылысты тануға мүмкіндік беріп, ұмытылған әсерлерді еске түсіреді және ассоциациялық елестерді тудырады. Оқушы-жастар танертеңгі салқынды және таңатардағы дыбысты жақсы сезінеді. Осы ассоциациялық байлықта шығарманың эмоционалды күші және көріктігі тұжырымдалады. Адамның ішкі дүниесінің байлығы, ішкі мінездемені сыртқы пішіні бойынша бағалаудың көмегімен тану қабілеті арқылы айқындалады. Сыртқы пішіні, заттық бейненің пластинкасы бойынша әрқашанда ішкі мазмұны мөлдіреп көрінеді: мінезінің түрі, икемділігі, адамның психологиялық дүниесі. Сыртқы бейнесі қимылы, портрет көзінің лебізі бойынша адамның көңіл-күйі танылып ішкі жағдайы сезіледі. Адамды суреттеу кезінде

суретші сыртқы келбеті арқылы ішкі жан дүниесін нақты көрсетуге тырысады, Леонардо да Винчи былай деген: "Суреттер немесе бейнеленген денелер көрерменге көріністегі қимылы мен қалпы бойынша жан дүниесін, жағдайын бірден сездіретіндей болуы керек". Кескіндемедегі көріктіктің негізі ол көрерменнің тәжірибесімен нақты бет бұру және ассоциация. елес ойларды туындау қабілетіне байланысты.

Кескіндемелік көріністің міндетті түрдегі сапасы – суретті көру арқылы, дүниені сезіну, оған сіңу мүмкіндігінің болуында. Егер де суретшінің шығармасы терең сезімдерді тудырмаса, оның бойындағы көркем бейне нақты түрде көрінбесе, онда суретші қандай терең ойды, көкейкесті мәселені көтермегеніне қарамастан шығармасы көріксіз болады, өйткені көркем бейне схема немесе нысанның абстрактігі айқындалған мазмұны емес. Бейненің көзге көрінетін шыншылдығы оның ажырамас бөлігі болып табылады. Оның көмегінің суретші көрерменмен байланысты бекітуге өзінің ойымен сезімін айтуға күш-қуаты жетпейді. Б. Иогансон өзінің өнер жайлы жазба жұмыстарында былай деп жазған: "Олардың ішінде кескіндемелік нағыз шеберлікке тек бояу құрамына тірі дүниені және дененің қанымен, жанды жан дүниені еріте алатын қабілеті барлар ғана ие болады."

И.Н. Крамской өзінің хаттарында "Идеясыз өнер жоқ, сонымен қатар кескіндемесіз жанды және көрікті суреттің жоқтығына, тек жақсы бет алыс бар деген пікірге көп көңіл бөлген, кескіндемеде кез келген идея көзге көрінетін бейне ретінде қабылданады" – деген. Мысалы адамзаттың толғаныстарының күрделі екенін көрсету үшін құралды бейнеден қолайлы айқындау тәсілдерін табу қиын. Суреттемеде бейнеленуші заттың нақты табиғаты жойылса, онда кескіндеме өмір шындығын, сонымен қатар көркемдік көріктігін жоғалтады. Сондықтан шынайы бейнелеу талабы кескіндемедегі реализм шарты болып қалады. Бұл өзіндікті бұзу, кескіндемені жорамал, схемалы немесе абстракциялы сызықты және бояу

үйлесімдеріне айналдыру жеміссіз, және ешқашанда дұрыс қорытындыға әкелмейді.

Кескіндеме тілі суреттеу тілі сияқты туындаған. Сурет пен кескіндеме адамның алуан түрлі бояуы бар қоршаған ортаға қызығуынан дамыған, және біздің өміріміздегі заттардың түріне, көзге көрінетін бейнесінен қоректенген. Суретші – кескіндемешілердің көп ғасырлы тәжірибесінен, нақты шындылықтың шынайы көрінуі кескіндемелік сауаттың негізі болып табылады деген тұжырымға келуге болады. Кескіндемелік шеберліктің мәнісін зерттеген Ежелгі Грек ағартушысы Аристотель "Табиғи бейнелерге еліктеуді көркем бейнелеу өнеріне қол жеткізудегі саты деп мойындаған". Леонардо да Винчидің пікірінше "Кескіндеме табиғаттың заңды қызығы болып табылады" деген Француз суретшісі Шарден "Мен бояуды бір-біріне ұқсамағанынша жағамын" деген. Роден де кескіндемелік сауатты игеру үшін табиғатқа еліктеп көшіруге шақырған. Өнер тарихында қоршаған дүниені шынайы бейнелеу тәсілдерін пысықтамаған кезең болмаған. Перспективаны ашу мен анатомияны зерттеу қайта жаңғыру кезеңіндегі творчествоның гүлденуіне көмектескен. Жарықты көлеңке заңдылықтарына көңіл бөлу барокко өнеріне ерекше поэтиканы таныған. Күн шуақты палитра ХІХ ғ., орыс суретшілеріне тән: И.Е. Репин, В.Д. Поленова, И.И. Левитана, В.И. Коровина, Серова. ХХ ғ. Қазақ суретшілері: А.Кастеев, Тансыкбаев, Тельжанов, Исмаилова, Кекбаев, Мамбеев және т.б. осылай ғасырлар бойы шынайы көркем бейнелеу өнерінің шынайы тілі пысықталып келеді.

Қазақстандық шынайы кескіндеме мектебі адамзаттың сезімі мен санасының талаптарына жауап бере отырып, қоршаған ортаның жан-жақты қабылдану және көлемді бейнені толық көрсетуге, құралдыққа, жарық пен ауалық ортаға негізделеді. Көрермен Кенбаев, Телжанов, Исмаиловтардың шығармаларында адамдар мен заттардың, олардың киімдері мен денелерінің белгілі бір ортада

болуын көрсетіп, белгілі жарықтық жағдайды сездіреді. Колориттің гармониялық тұтастығы өзара байланысты жалпы жарықтың сипатымен нағыздысуынан құрылады. Болған құбылыстың көрінісін қайта жаңғырту, құралды кескіндемелік пластинка. адамдардың терең психологиялық мінездемесі арқылы суретші казактардың бет-әлпеттерінің сұлулығын, көне киімдерді, сол кезеңдегі казактардың рухын көрсеткен.

Әр кезеңдегі ұлы кескіндемешілердің өмірімен, творчествосымен ұстаздық қызметімен танысатын болсақ, онда тек тиянақты, ойланып істелген жұмыстардың көмегімен суретте творчестволық қызметтің орындалғаны байқалады. Олардың көп санды айтылулары табиғатқа деген берілушіліктің куәсі. Олар жас суретшілерге натураны бар мүмкіндігінше дұрыс зерттеп, оны әрқашан байқап отырып суреттеу керек деген кеңес берген. Сонымен қатар ұлы суретшілер бір ауыздан, суретші өзінің ойын, сезімін көрерменге жеткізу үшін кескіндемелік сауатты меңгеруі керек деген пікірді айтқан. Өйткені осы сауат өмір танудың және оның мәнісін шынайы бейнелеудің бастапқы нүктесі болып табылады.

Рембран суретшілерге мынандай кеңес берген: "Ең алдымен бай табиғатқа еліктеп, одан көзіне түскен нәрсені бейнелеуді үйрен. Аспан, жер, тау, жануарлар, адамдар – осының бәрі жаттығу үшін қызмет атқарады". Постав Еурбе өзінің шығармашылық сапарының соңында "Кескіндеме шын мәнінде нақты өнер және нақты заттарды суреттеуден құралады" – деген пікірге келген. "Бұл нақты физикалық тіл, ол сөз ретінде көзге көрінетін заттарды қолданады. Көзге көрінбейтін, жоқ, абстракциялы зат кескіндеме аймағына жатпайды" – деген мағлұмат береді. Натураны бейнелеу қабілетін В. Верещагин грамматика деп атаған, оның көмегінсіз өнердегі ұмтылыстардың барлығы жас сәбидің ойына ұқсайды" – деген. Тек қана теоретикалық білімдермен қаруланып және тәжірибелі қабілетті игере отырып нағыз суретші өз жұмысының шебері бола

алады. Репин өзінің шәкірттерін ең жақсы ұстаз және суретші ол табиғат екенін әрқашан да естеріне салып отырған. Натураны суреттеуде көркем бейнелеу сауатына мойын бұрмағандарға Репин былай деген: "Натурадан қарап салынған этюд қатаң және тиянақты қызметті талап етеді. затты бейнелеген кезде мұқият нысықтау керек яғни натураны тануды байытып, есте сақтау керек".

Жазықтық бетінде көзге көрінетін натураны үш өлшемді бейнесін көрсете білу шынайы кескіндеменің өзіндік сауатын құрайды. Суретші осы сауатты, музыкантпен жазушы тілді немесе нота сауатын меңгергендей меңгеруі керек. Мұндай шеберлік натурадан қарап салынған жаттығуларда қалыптасады. Тек қана натурадан салынған суретте перспектива, жарық пен көлеңке, рен, түстердің колористік үйлесу заңдылықтарын үйренуге болады. Шынай кескіндеменің ерекшелігі, творчествоның негізінде нақты шындылықтың болуында, ал суретшінің ойы мен сезімін сездіру бейнелі түрде нақты нысандарды суреттеуден тұрады. Ішкі, сыртқы, идеялық, көріктік бірлестік кескіндеменің маңызды құрамын құрайды. Творчествоның осы екі жағын қалай айқындап, қалай суреттеу керек. Егер суретті осы екі талаптың біреуін ескермесе кескіндеме жойылады. Ол формализмнің бір түріне бет бұрады. Натурализмге немесе абстракционизмге. Натураға құлшылықпен бағыну натурализмге әкеліп соғады. Кейде мұндай суретшінің елесті шеберлігі оқушы-жастардың қызығушылығын тудырады, өйкені оқушы-жастардың қоршаған ортаның айнадай шағылысу ұсталығы таң қалдыруы мүмкін.

Әр түрлі жанрлар мен алуан түрлі өнерлердің бірігіп қызмет етуі – табиғи құбылыс, бірақ әр қайсысының өзіндік ерекшелігі сақталып қалады. Станкілі кескіндеме монументальды және әсемдік кескіндемелердің тәсілдерімен қаншалықты байытылмағанына қарамастан өзінің кескіндемелік тәсілдерді толық дәрежеде қолданатын ерекше тілін жоғалтпау керек. Егер де әсемдік немесе монументалдық сипаттары қоршаған ортаның түстік байлығын

кабылдаумен ешқандай байланысы болмаса, ал өмір тереңдігіне бату және табиғаттың байлығы тек бояулардың белсенділігімен көрсетілсе, онда сурет примитивті және схемалы болып көрінеді. Ол өнер тарихының мыңдаған ғасырлар бойы жинақтаған көркем бейнелеу әдістерін жояды. Кейде тәжірибесі аз суретшілер натураны сауатсыз бейнелеген іс-әрекеттерін "Мен осылай көремін" – деген сөздермен актағылары келеді. Нақты жағдайда барлық адамдар заттардың түстерін бірдей дұрыс көреді. Осы жағдайды дәлелдейтін мынандай құбылыс бар, бірнеше суретшілерге бір суреттің көшірмесін салу ұсынылады, қорытындысында бір-бірінен ажырату, қиындыққа түсетін бір қатар суреттер пайда болған. Егерде онша байқамайтын айырмашылық болса да, ол суретшілердің бояуларды әр түрлі көру салдарынан емес, ал бояуларды механикалы араластыру тәсілдерінің этикті жылы гаммада орындалса, екіншісінің жұмысы суық сияқты болуы мүмкін. Бірақ, түсті әр түрлі қабылдау қабілетінің ешқандай қатысы жоқ. Суретті көшіру жұмыстарын орындағандай табиғаттың түстерін тесіле бейнелемейді, сондықтан натураның түстік қатынастарын бояулардың басқа диапазонына ауыстырады. Бірдей жұмысты орындай отырып, суретшілер әр түрлі түстік және реңді масштабтардан бастаулары мүмкін. Түстер қатынастарын дұрыс көрсеткенімен олар әр түрлі диапазонда болады, яғни біреулері ашықтау, басқалары күңгірт түсті, суық, жылы сипаттарды қолданады. Колориттің көркем бейнелеу мәнісінің схемалы болуы – станкілі кескіндеме үшін үлкен қателік. Суретші табиғаттың бояуларын механикалы бейнелеуге міндетті емес, ол оған ерікті қарауға құқықты. Суреттен, нақты колористік ерекшеліктерден сызықты немесе ашық әсемдеушілік жағына ауытқу, станкілі кескіндеменің өзіндік ерекшеліктеріне алыстап, көркем тәсілдердің жойылуына әкеліп соғады. Жергілікті түстік кескіндеме нақты кеңістікті ортаны және бояулардың табиғи гармониясын жоғалтады.

Жоғарыда айтылып кеткен жағдайлар кейбір көркем бейнелеу өнерлерінің әсемдеу, жорамалдау, символдау құқығын жоққа шығармайды, олардың өмір санасымен тығыз байланысып суреттеу тәсілдерін байытып жалпылауға мүмкіндік береді. Ал станкілі кескіндеменің өзінде олар нақты шындықты терең көрсету үшін жиі қолданылады. Ұлы реалист-суретшілер кескіндемедегі әсемдеушілікті, жарық түсті бояулар емес, натураның түстік қатынастарын жалпылап көрсеткен түстік шешімдердің қаранайымдылығы деп түсінген.

Композициялық құрылудың саналы қарапайымдығы, бейнелер мен түстердің үлкен силуэт және ірі дақ болып орналасуы, композицияға ерекше көріктілік қасиетін береді. Суреттегі әсемдеушілік дегеніміз – тұтастық әсерін бұзатын алак-жолақ түстерден алшақ болып, үлкен және кіші дақтарды дұрыс жайнастыру. Мұндай әсемдеушілік оқушы-жастардың қабылдау қабілетін бір қарағанда-ақ ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Суретші өзінің творчествосында нақты шындылықпен байланыстырған болса, өмір құбылыстарын көріп, оны мұқият зерттей алатын болса, онда ол жаңа өмірді ашады, өзінің суреттерінде шындық түсінігін тереңірек көрсетіп, табиғаттың сұлулығы айқындайды деуге болады. Көркем жаңа идеяларды, сюжеттерді, жаңа тақырыптарды өмір ғана береді.

Объективтік ақиқат және мағыналық – міне осы жағдайлар ғана суреттемеге дара түрде қараған кездегі жалғыз құнды талап болып есептеледі. Суреттелген нысанның мәніне терең ену, дүниені ерекше қабылдау құндылығын анықтайды.

Кескіндеме және сурет бойынша мол тәжірибенің қалыптасуы көркем бейнелеу өнерінің шығармасын неғұрлым жақсы игерсе, солғұрлым оның көрікті тәсілдерін дұрыс қолдана отырып, көркем шығарманы эмоционалды қабылдауы артып, тақырыптар мен идеяларды, сюжет пен сурет бейнелерін сезініп тереңірек талдай алады.

Сурет және кескіндемемен шұғылдану шыныққан көз үшін табиғаттың бай бейнелері мен түстерін анық көру мүмкіндігі. Натураны шынайы бейнелеу суретшінің шеберлігі өрлей береді. Оны бейнелеу барысында композициялық орналасуын, заттың көлемді бейнесін кез келген масштабта барлық перспективалық талаптарды сақтай отырып, жарықты, көлеңкелі және түстік катынастарды көру қабілетін дамытуға болады. Суретші этюдтік жұмыстарды көп орындаған сайын бояулармен бейнелердің үйлесімін, колорит сезімін арттыра түседі. Натураны сезіне білу сезімі дамыған кезде ғана және мол жаттығулардың қорытындысында суреттемеге творчествовалы қарауға болады.

Қоңе замандағы суретшілер мен ұстаздар натурадан салынған суретті көркем бейнелеу өнерінің негізі деп қараған. Грецияда біздің ғасырға дейінгі 400 жыл бұрын сурет салуды үйрететін алуан түрлі мектепшеберханалары болған. Өнер тарихының кейінгі даму кезеңдерінде де натурадан сурет салу суретшілерді дайындау саласындағы ең маңызды оқу әдістемесі болған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Леонардо да Винчидің өсиеттеген нақыл сөздерімен қорытындылаймыз. *Бірінші нақыл сөз.* "Күмәнданбайтын кескіндемеші көп нәрсеге қол жеткізеді. Шығарма туындаушының ой-пікірінен асып кетсе, онда мұнда суретші аз нәрсеге ие болады, ал ой-пікір шығармадан басым болса, онда мұндай шығарманың өрістеп жетілуі шексіз, егер де қолтарлық кедергі жасамаса". "Өзін-өзі табиғаттың барлық бейнелерімен құбылысын өз бойымда, есте сақтай аламын деп сендіретін шебер. менің көзіме ұлы сыпайылықпен әсемделген адам ретінде көрінетін еді. өйткені құбылыс деген заттардың көптігі соншалық, оның барлығы біздің есімізге сыйуы мүмкін емес. Сондықтан сенің кескіндемең байлыққа қызығушылық, сенің бойыңды, өнер арыны асып кетпесін, өйткені арды табу, ақша табудан қол маңызды".

Екінші нақыл сөз. Кескіндемешінің ақынмен, музыкантшымен, мүсіншімен айтысы. "Жазушыларда кескіндемелерде ғылым бойынша ешқандай мәліметтер болмағандықтан, олар оның ешқандай бөлігін, бөлімдерін суреттей алмаған; оның өзі өзінің соңғы мақсатын сөз деп түсінбейді, жоғарыда аталып кеткен ғылымдардан нағандықтың салдарынан калып қалған, бірақ өзінің құдайшылдығын жоғалтпаған. Ол табиғаттың мінсіз туындысы ретінде өзін-өзі басқа тілдердің көмегінен асылдатқан. Егер кескіндемешілер ол туралы жазбай оны ғылымдар қатарына қоспаса, және аздаған кескіндемешілер ғана кәсіби әдебиетшілер болатындығынан (өйткені адамның өмірі барлығын үйренуге жетпейді) оның жомарттығы кемімейді. Біз тастың, шөптің, ағаштардың қасиеттерін білмегендіктен жоқ деп айта алмаймыз. Әрине айта алмаймыз. Бірақ, шөптер өз бетінше адамның көмегінен-ақ, адамның тілімен жазусыз-ақ құдайшыл деп дәл айта аламыз".

Үшінші нақыл сөз. "Жемісін жария етуге мүмкіндік беретін ғылым пайдалы және керісінше жария етуге бой бермейтін ғылымның пайдасы аз".

Кескіндеме өзінің соңғы қорытындыларын дүние жүзіндегі барлық түлектерге жария ететін мүмкіндігі жоқ, өйткені оның соңғы қорытындысы көру қабілеті болып табылады. Сондықтан ол жазу сияқты неше түрлі тілдердің көмегін қажет етпейді, адамзатты табиғат туындылары сияқты қанағаттандырады. Тек қана адамзатты емес, сонымен қатар жануарлардың да мұндай көрінісі бір суретте көрсетілген: жанұяның әкесіне жас сәбилермен қатар осы үйде өмір сүретін мысық пен итте еркелеген қызықты шығарма.

Кескіндеме сезімге әріппен сөзден гөрі табиғат туындыларын үлкен шыншылдықпен сездіреді, бірақ әріптер сөзді кескіндемеге қарағанда жоғары шынайылықпен көрсетеді. Табиғат шығармасы білдіретін ғылымның шығармасына қарағанда таң қаларлықтай деп айтамыз. Яғни адамның қолынан шыққан сөз, поэзия (адам тілі арқылы өтетіндер) сияқты".

Төртінші нақыл сөз. "Еліктеуге мүмкіндік беретін ғылымдар, яғни оны үйреніп, игеріп алып оқушы туындаушымен теңеліп, өзі де жеміс шығаратын түрлері сліктеушіге пайдалы болады. Бірақ, олар басқа мұра ретінде қалдырылған құралдық рахат болмайтындары сияқты әсем емес. Олардың ішінде кескіндеме бірінші орында тұр. Математикалық ғылымдар сияқты мұғалім қанша оқытса, соншаны игере алатын табиғи қабілеті бар адамды кескіндемеге үйретуге болмайды. Оның көшірмесі оригиналы секілді құнды болып келетін жазу ретінде көшіріп алмайсыз. Оны мүсіндер сияқты шығармашылық құндылығы оригиналымен бірдей жапсырмасының ізін ала алмайсыз; ол баспа кітаптарындай, шексіз балалардың жемісі емес. Ол әр қашанда жомарт болып қалады, ол өзін тыңдаушыға атақ алып келіп, әр кезде де жалғыз дана болып өзіне тең бала тудырмайды. Дәл осы ерекшелігі оны басқа өзін-өзі әр жерде жария етіп жүрген ғылымдардан жоғары етеді.

Біз Шығыс хандарының өздерін жабық, тұйық ұстайтындарын көрмей отырмыз ба? Олар тым жария етуден атак даңқы азайып қалады деп ойлайды.

Біз құдайды бейнелеуші суреттердің бетін әрқашан ұлы құндылық жауып тұрғанын байқамаймыз ба? Және олардың ашылуы туралы жария етілгенде әртүрлі өлеңдермен және музыкамен қошаметтенген шіркеулік жиындардан басталады. Сонымен қатар мыңдаған адамдар суретте бейнелеушіге қарап табынып, бастарын жерге тигенше еңкейтіп мәңгілік құтқарушылықты жоғалтқан ден-саулықты қайтаруды жалынып сұрайды.

Мұндай жағдай ғылымның немесе адам туындаған шынармалардың ешқайсысында кездеспейді, егер де сіз бұл кескіндемешінің еңбегі емес десеніз, онда адамдар төсектен тұрмай жатып, қажылыққа қиын жолдармен жеткен болар еді. Егер қажылық әр кезде өмір сүрес, онда кім оған итермелейді? Әрине мұның бәрін жазып айтуға болмайтын бейне істейтінін іштей сезінесіз. Өйткені бұл құдайды қажетті дәрежеде бейнелеуге болмайды. Сондықтан құдайдың өзі осындай суреттерді жақсы көреді және осы суретті сүйгенді сүйеді. және құлшылдықты өзінің осындай түрінде қабылдағанда жақсы көреді оның нәтижесінде, жарылқап, бостандық береді – деген осы жерге жиналушылар”.

Бесінші нақыл сөз. Кескіндеме табиғат туындаған барлық заттардың денесімен беттерінің түсіне тарайды, ал философия осы денелердің ішіне еніп, олардың бойында өзінің қасиеттерін қарастырады. Бірақ ол кескіндемеші қол жеткізген шыншылдықты қанағаттандырмайды, өйткені оның суреттеген дененің алғашқы шынайы көрінісін құшағына алған көздің санадан гөрі аз қателесетініне байланысты. Егер де сіз барлық көзге көрінетін табиғатқа жалғыз еліктеуші кескіндемені ескермесеңіз онда сіз жіңішке өнерпазды елемегеніңіз, ол философиялық нәзір ойларға бейненің барлық сапасын қарастырады: теңіз, жердің беті, ағаштар.

Адамқұлов Н.М., Тұрдығұлов Ж.А.

ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫН ЖОБАЛАУ НЕГІЗДЕРІ

Арнаулы кәсіптік және жоғары оқу орнына арналған оқулық



ЭВЕРО

Алматы, 2019.

Бұл оқулық Абай атындағы Қазақ ҰПУ және қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының ғылыми кеңесі шешімдерімен қабылданды.

Пікір бергендер:

Өстеміров Күмісбек Өстемірұлы - Алматы Техникалық университеті, жалпы педагогика кафедрасының меңгерушісі, ҚР ПҒА академигі, п.ғ.д., профессор.

Бұлақбаева Мейрамкүль Кенесбайқызы – казак мемлекеттік қыздар педагогика институтының доценті, п.ғ.к.

Асқарова Жанымша Асқарқызы – казак мемлекеттік қыздар педагогика институты, кәсіптік оқыту және еңбекке баулу кафедрасының меңгерушісі. п.ғ.к., доцент.

Авторлар:

Адамқұлов Нұралы Мерекебайұлы – ҚР суретшілер одағының мүшесі, Абай атындағы Қазақ ҰПУ, сәндік қолөнер кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент.

Тұрдығұлов Жолаушы Абылғазыұлы – ҚР Мәдениет қайраткері, Абай атындағы Қазақ ҰПУ, сәндік қолөнер кафедрасының доценті.

А24 Адамқұлов Н.М., Тұрдығұлов Ж.А.

Қолөнер бұйымдарын жобалау негіздері: Кәсіптік білімге арналған оқулық. – Алматы: Эверо, 2019 – 84 бет

Бұл оқулық қолөнер және еңбек, сурет пәндеріне қатысты мектеп мұғалімдеріне, жалпы орта білімге, кәсіптік білім жүйесіндегі колледждерге, лицейлерге және жоғары оқу орындарының қолөнер, сурет және графика факультеті студенттеріне, сондай-ақ өнер сүйгіш қалың оқырман қауымдарға арналған

А $\frac{4901090000}{00(05)07}$

ISBN 9965-14-736-1

ББК 85.315.3я7

© Адамқұлов Н.М., 2019
© Тұрдығұлов Ж.А., 2019
© Алматы, 2019

КІРІСПЕ

Кез келген күрделі бейнелі заттардың конструктивтік негізінде геометриялық денелер өз бетінше қалыптасқан, сондықтан оқулықтағы колөнер бұйымдарының заттары және суреттелінуші нысандардың перспективалық құрлысы жатыр. Барлық білім беру процессінің қорытындысы мазмұнында және оқушы-жастардың композиция пәні бойынша орындайтын жұмыстарының шеберлігінде айқындалуы керек. Тек қана осындай шығармашылық жұмыс бойынша болашақ колөнер шеберлерінің шығармашылық идеялары мен ойларын өнер шығармаларында қаншалықты көрсете алатындықтары жайлы жорамалдауға болады.

Оқушылардың көркем бейнелеу сауатын игеруі олардың шығармашылық қабілеттерін дамытумен қатар жүруі керек. Бүкіл оқу процесін студент бірінші курстан соңғы курсқа дейін колөнер бұйымдарының бейнеленуші нысандарға ойланып және сезіне қарау қабілетін тәрбиелеу бағытында жүргізгені дұрыс. Қолөнер бұйымдарын жобалау сабақтарында көркем бейнелеу сауатының теоретикалық курсы енгізуге байланысты оқулықта суреттеу тәртібінің теоретикалық негізіне үлкен көңіл бөлінеді. Көркем бейнелеу сауаты теориясында, оған жүйелі баяндауға әрекеттер жасалынған, мұнда жас шеберлерге суреттеу шеберлігін игеруге көмектеседі.

Оқулық авторлары көркем бейнелеу аймағындағы мәселелердің барлығы тұтас қарастырылып, толық шешілген деген пікірден аулақ. Біз жалпы ойдың контурын суреттеуге ұмтылдық. Көркем бейнелеу және колөнер бұйымдарын жобалаудың сауатты негізгі түсініктері жайлы хабардар болу, жас суретшілердің шығармашылық тәжірибесін байытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқушы-жастардың өз бетінше орындайтын көркемдік сауаттың негізін зерттеу – қазіргі кезеңдегі суреттеу мәдениетінің қажетті талабы болып келеді. Қолөнер бұйымдарын жобалауда

көркем бейнелеу өнері шығармасының эстетикалық және эмоционалды әсері басқа өнер түрлеріндегі сияқты бейненің мағынасының тереңдігі мен мінсіздігіне байланысты. Көркем суреттеу өнерінің мағынасы болып көркем бейнелерде айқындалған нақты шыншылдық табылады.

Суретшінің шығармашылық өмір мен табиғаттың объективтік заңдылықтарымен көріктігімен және сұлулығымен анықталады. Шынайы өнер шығармасын туындау кезінде бізді қоршаған бай және сұлу табиғат, тамаша бояу гармониясын тудыратын күн сәулелері түбі жоқ сұлулығы – жомарт, қызметкер, достық пен адам еңбегіне махабаты зор, нақты өмірлік қайшылықтар, кең даланың сұлулығы, тау, өзен, гүл – міне осының барлығы көркем бейнелеу шығармаларында орын алып көрермендерді қызықтырып көздерін қуантады.

Суретте бізді қоршаған шыншылдық неғұрлым терең айқындалса, сол ғұрлым анықталмаған қызығушылықты білдіреді. Жобалау негізі өмір шындығы болып табылатын өсімдікке ұқсайды. Әр түрлі кезеңдер мен мектептердің шеберлері шығармаларының шығу тегін табиғатта көрген. Табиғатта "Ұстазды" – ұстазым деп айтуы бекер емес. Қайта жаңғыру кезеңінің ұлы суретшісі Леонардо да Винчидің пікірі бойынша "Кескіндемеші табиғатпен жарысып, айтысады". Француз табиғатшысы Калинь Коро былай деп жазған: "Ең алдымен Табиғатқа еліктесең әрқашан жеңіске жетесің. Мен әрқашан табиғатты зерттеймін, мен оған ғашықпын" – деген. Бейнелеу өнерінің айрықша ашық жолы нақтылы көріністен қарап суреттеу болса ал қолөнер бұйымдарын жобалау шығармашылығы суреттің үлкен бір тармағы болып саналады.

§1. ЖОБАЛАУДАҒЫ СУРЕТ ЖӘНЕ СУРЕТ САЛУ ЖАЙЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК.

Суреттегі жобалау дегеніміз – көз мөлшері бойынша контурлы сызық, түртпекше және дақ сияқты графикалық тәсілдердің көмегімен қолмен салынған суреттемелі көріністің жобасын айтамыз. Оның орындалу мінездемесі және техникасы, қызметі, тақырыбы, жанры, сурет салу әдісі бойынша бірнеше түрлерге бөлінеді. Әдетте сурет бір түсте орындалады. Суретте жарықтық және рендік әсерлер, пластикалық модельденуі, түртпекшелердің комбинациясымен дақтар мен сызықтардың әр түрлі үйлесуінің нәтижесінде пайда болады. Жоғары кәсіби деңгейде жобадағы орындалған суреттің дара көркемдік құндылығы болады.

Суретті қолдану аймағы кең – ол ғылыми-көмекші, қол-өнерінің мінездемелі және техникалы түрінен көркем суретке дейін созылады. Адамның сөзінің жазбаша түрде көрінуі сияқты суретте ойлау барысын айқындап басқа адамдармен араласуға мүмкіндік береді.

Сурет мәдениеттің бір бөлігі бола отырып, ой-өрісінің дамуына және қалыптасуына ықпалын тигізеді. Қайта жаңғыру кезеңінің итальяндық ұлы суретшісі Микеланджело Буонорти (1475 – 1564) былай деп жазған: "Басқа сөзбен нобай өнері деп аталатын сурет, кескіндеме, мүсін және архитектураның жоғарғы нүктесі, сурет – кез келген ғылымның түп қазығы" – деген.

Кез келген зат жобаның суреттеу нысаны бола алады, бірақ, адамдар бізді қоршаған дүниені әр түрлі қабылдайды. Ол адамның тәрбиесіне, жалпы дамуына, мәдени деңгейіне, қызметіне байланысты. Көру мүшелері кез келген адамға заттың сапасын сезінуге, түсін, пішінін, кеңістігін, қозғалысын, көзбен көріп қабылдауына мүмкіндік береді, ал суретшінің бойында мұндай қабілеттер ерекше асқынған.

Суретші үшін сурет сыртқы дүниені тану тәсілі және заттық – бейнелі тіл болып табылады, оның көмегімен көрерменмен пікірін бөліседі.

Көркемсурет өнерінің барысында жобалау суреті жетекші пәнінің негізі болып келеді.

Жобаның сапалы суретін сала алу қабілеті кез келген кәсіби маман үшін өте маңызды, өйткені жоба суреті қолөнер бұйымдарын жасау істерінде, сондай-ақ көркем сурет өнерінің барлық салаларыпша (кескіндеме, графика, мүсін) және пластикалық өнердің, қол-өнерінің және дизайнерлік қызметтің негізін қалаушы болып табылады.

Жоба суретінің оқып-үйренудегі мақсаты, көзбен көру қабілетін және көлемді – кеңістік ой-өрісті дамыту, композициялық ойды "Заттандыру" барысында құралдық-тәжірибелі талаптарды суреттің көмегімен шешуден тұрады. Кәсіби жұмыскердің шеберлігінің өсуі, шынайы жобалы суреттің техникасы мен тәртібін қаншалықты меңгергеніне байланысты.

Жобалы суретті салуды үйренуді, пішіні мен бейнесін қолөнер бұйымының қарапайым түрінен бастау керек қарапайымнан күрделі бейнеге өту – шынайы өнер мектебінің көркем суреттеу сауатын меңгеру принципі міне осындай болып табылады. Қазақтың белгілі суретшісі Әбілхан Қастеевтің пікірі бойынша "Жас суретшілерге білім берудің негізінде шынайы, реалистік өнер жатуы керек" – деген теорияны айтқан. Ежелгі шығыс цивилизациясының өнерінен бастап, Ежелгі Египет және Ежелгі Греция, орта ғасыр кезеңінен қазіргі күнгі уақытқа дейін көркем-сурет өнеріне үйрену, суретті зерттеп меңгеруден басталады. Жазықтық бетінде суретгеменің құрылуының негізгі тәртібі Ч.Ченина., Л.Б. Альберти., Леонардо да Винчи., А. Дюрер сияқты белгілі суретшілердің көңілдерінің ортасында болған. Сурет мектебінің дамуына К.П. Брюллов (1799 – 1852), А.И. Иванов (1776 – 1848), И.П. Крамской (1837 – 1887) және т.б. деген суретшілер үлкен үлестерін қосқан.

Бүкіл дүние жүзілік көркем суреттеу өнерінің бай тәжірибесі шынайы суретке сүйене отырып, өмірдегі және өнердегі ғажайып құбылыстарды сүйіп бағалай білуді үйретеді, эстетикалық мәдениетті меңгеруге кенес береді. Көркем суреттеу сауатының негізін оқып үйрену оймен сезімнің жігерлі қызметін талап етеді.

Жобалы сурет бойынша тәжірибелі тапсырмаларды орындаудың алдында, теоретикалық білімнің негізінде жатқан жалпы әдістемелік талаптармен танысу керек. Сонымен қатар құралдармен, жұмыстың тәсілдерімен, әдістерімен, көркем суреттеу әдістерімен танысқан жөн. ол көркем суреттеу сауатын толық меңгеруге көмектеседі.

§2. ЖОБАЛАУДАҒЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ НЕГІЗІ.

Шығармашылық барыстың ең маңызды аймағы, жобалау, ол мұқият талдауды, салыстырманы талап етеді. "Композиция" – деген сөз латын тілінің "co composition" – деген сөзінен шығады, тікелей мағынасы біріктіру, бөлшектерді қосып, белгілі тәртіпке келтіру. Бұл сөздің бастапқы мағынасы кең түсінікті білдірген: Рим құқығында екі жақты татуластырудан бастап, цирк алаңындағы күрескерлерді қарама-қарсы қоюға дейін. Бұл терминнің әр түрлі айтылуына қарамастан, олардың барлығына ортақ мағына бір тұтастықты білдіретін екі жақтың болуында.

Қазіргі кездегі сөздік мынандай анықтаманы береді: "Жобалаудың көлөнердегі шығармашылығы, нақты құрылымы, кез келген өнер шығармасының ішкі құрылысын тандап алу, гармониялық тұтастықты құрайтын көркем тәсілдердің тәртібі және топтасуы" – деген ұғымды білдіреді. М.В. Алпатов деген өнертанымалының пікірі бойынша, композиция дегеніміз қандай да бір құбылыстардың барлық құрастырушы элементтерін бірлестікке ұйымдастыруының жалпыға тән мінездемесі бар: "Орғаникалық және неорғаникалық табиғаттың құрылыуының бөлек принциптарына еліктей отырып, адам композицияны көркемдік творчествоның негізі етеді, сонымен қатар өзінің нақты жағдайға қатынасын білдіруде композиция адамның қолында табиғатты тану және бағындыру тәсілі болады. Осындай ұғымда композиция өнердің барлық түріне тән.

Мынандай талаптардың сақталуында жобалау сәтті құрылған деуге болады:

– тұтастықты бұзбай, бүтін нәрсенің бірде-бір бөлігі өзбетінше алына алмайды, немесе басқа затпен алмастырыла алмайды.

– мұндай тұтастыққа зиян келтірмей бөтен элемент қосыла алмайды.

Жобалау бойынша творчестволық жұмыс істеу барысы, шебердің жеке бейнелі ойлау түсінігінің көрсеткіші болып табылады. Нақты көркем шығармасында іске асатын идеялары мен елестерді білмей шынайы творчествоның болуы мүмкін емес. Симметрия, тепе-теңдік, ритм, құрылудың орындылығы, алуан түрлі бейнелер, колористік құндылық, бейнелеу форматы мен көлемі – композицияның осындай элементтерін шебер өзінің ойына бағындырады.

Жобалау қатаң ғылымдарға жатады. Оның тәсілдеріне үйреніп, кез келген көркем шығармасының шығармасын есептеп шығаруға болады. Ол үшін жасшеберлер композиция бойынша жаттығуларды көп орындаулары керек, мұндай жаттығуларды көп орындаулары керек, мұндай жұмыстың нәтижесінде суретшіні қалыптастыратын творчестволық даралық пайда болады.

"Жобалау" – деген термин көп мағыналы: ол шебердің өзінің ойын құралта білдіретін құрастыру процессін ғана емес, сонымен қатар творчестволық қызметтің соңғы қорытындысы, ол көркем шығарманы білдіреді. Композиция деп автордың идеясын білдіретін нобайды түсінуге болады. Жобалау дегеніміз ол барлық элементтерді бірлестікке ұйымдастыру тәсілі. Осы талаптарды шашу композициялық тәсілдердің және әдістердің көмегімен іске асады, оның ішіндегі ең маңыздысы пропорция, өйткені композицияның барлық элементтерінің пропорциясын сақтаудың көмегімен өнер шығармасының гармониялы үйлесуіне қол жеткізуге болады. Әдетте "пропорция" терминнің Цицерон біздің дәуірге дейінгі бірінші ғасырда алғаш рет қолданған деп саналады. Латын тіліне аударғанда платондық термин "аналогия", тікелей түсінігі "қатынас" – дегенді білдіреді.

Қолөнерде пропорция, өнер шығармасының элементтерінің көлемдерінің қатынасын анықтайды. Сонымен пропорция деп тұтас

күрделі заттың ішкі құрлысын құраушы бөліктерінің байланысын айтамыз, яғни бір көлемнен басқа көлемге дейінгі қозғалыс. Өлшем категориясының құраушы элементі болып, эстетикалық бейненің құрылу заңдылығын айқындайды. Ерте заманның суретшілерінің өздері, пропорцияның сақталуында сұлулық негіз байқаған. "Алтын пропорция" – принципі ежелгі өнерде негізін қалаушы болған. Осы "Алтын пропорцияны" зерттеген және мақтан тұтқан Леонардо да Винчи оны алғаш рет "Алтын кесік" – деп атаған. Сол кезден бастап "алтын кесік" өнердің каноны болып есептелінеді. "Алтын пропорция" өлшем ретінде, табиғат заңы ретінде көптеген табиғи құбылыстардың негізін құрай отырып, адам творчествосының өлшемі, сұлулық заңдылығы болып табылады. Пропорцияның дұрыс ойласуы, көркем бейненің тұтастығының белгісі.

Қолөнердегі жобалау дегеніміз – ойды толық және қуатты көріктілікпен көрсету үшін сурет жазықгығында бейнелеу элементтерінің орналасу тәртібі. Бірнәрсе жайлы айту үшін сөз қажет, ал маңызды және қызықты ойды сенімді жеткізу үшін мәнерлі сөздер керек. Кескіндемеде де дәл осылай, көрерменнің назарын аулап, толғандыру үшін суретші күшті және көрікті бейнелеу тәсілдерін іздестіруге тырысады. Әрбір шебер композицияны құрастыру кезінде нысанның ең әдемі жағын айқындауға ұмтылады.

Қосымша мағыналы бөліктері негізгі және маңызды бөлігіне бағынып, артық бөлшектерінің барлығы артқа қарай сырылады. Шығармадан келетін әсерлі сезімдер оның ішкі мағынасына байланысты. Қолөнер бұйымындағы композициялық құрылымның барлық элементтері бірге таңдап алынған форматы, қарау нүктесі, жарықтану мінезі, композициялық орталықтың орналасуы. Мұның барлығы суреттің эмоционалды әсердің болуына ықпалын тигізеді.

Қолөнер бұйымдарындағы жобалық құрылымның дайын рецепті болмайды. Бірақ, қолөнер бұйымының композициялық құрылуы өмірде байқалатын топтарға негізделетіні және табиғи

нысандардың үйлесуіне, көріп қабылдау ерекшелігіне байланысты екені анық. Көне шеберлер қолданған "үшбұрыш", "диагонал" принциптері бойынша ғана колөнер бұйым суретінің композициясын құрастыруға болмайды. Суретте қойылған талаптарға байланысты композиция да өзгереді. Шығарманың композициялық құрылысының мінездемесі табылған идеялық ойдан шығады және мағынасымен анықталады.

Шынайы қоршаған ортадан суретші өзінің суреттеріне кейіпкерлермен қатар, композициялық құрылымның негізін табады.

Өзінің творчестволық жұмыстарында, композицияны құрастыруда суретші көру қабілетімен, табиғат заңдылықтарына сүйенеді. Симметрия, тепе-теңдік, ритм, құрылымның мақсатқа лайықтылығын, қарау нүктесінің бірлестігі, колористік тұтастық, көріністің көлемі мен форматы – композицияның осындай барлық элементтерін суретші ойдың айқындалуына бағындырады.

Бақылау сұрақтары:

- 1. Сурет дегеніміз не?*
- 2. Творчестволық және оқу суретінің айырмашылығы неде?*
- 3. Сурет қайда қолданады?*

Үйге тапсырма:

Леонардо да Винчи, В. Дюрер, А. Қастеев деген белгілі суретшілердің өмірбаяны мен творчествосын зерттеу.

§3. ЖОБАЛАУ СУРЕТІНДЕГІ ҮЙЛЕСІМДІЛІК.

Жобалы суретті толық меңгеру үшін "Шынайылықты көру" және оны жазықтық бетінде жүйелі суреттеу қабілетін сапалы дайындау қажет. Жобаланатын қолөнер бұйымының: түрі, көлемі, мөлдірлігі, түсі, пішіні бойынша ажыратады. Табиғаттың және адамның күшімен жасалынған барлық заттардың бәрінде жалпы мазмұндық мәнісі бар ол осы бейненің заңды құрылуы немесе конструкциясы. Заттың пластикалық құрылысын түсіну үшін, оның конструкциясын, қызметін көре білу өте маңызды.

Жобалаудағы бейнені суреттеу кезінде өзара байланыста шешілетін сұрақтар мен талаптар оқу суретінде көп кездеседі. Ол қағаз бетіндегі жобалау, конструкция, қозғалыс, пропорция, перспектива, жарықты көлеңке, түс, фактура т.б.

Қағаз бетінде салынған кез келген жобалау бұйымындағы заттың суретіне қойылатын алғашқы талап оның жобалық орналасуы болып табылады. Көру нүктесіне, заттың (немесе бірнеше заттың) көлеміне, бейнесіне байланысты, қандай өлшемнің (ені немесе биіктігі) маңызды екенін анықтап алу керек. Бұл жағдайға тік төрт бұрышты қағаздың бетінде – горизонтальды немесе вертикальды орналасуы тәуелді.

Оқу қойылымының жобалық шешімінің ізденісін жеңілдету үшін, негізгі қағаз форматының көлеміне пропорционалды бірнеше рет кішірейтілген қатты қағаздан "терезеше" жасап алып қолдану керек. Осы тік төртбұрышты тесіктің көмегімен фотоаппараттың қалып істестіру терезесімен қолданғандай, бір көзді қысып қарап жобаны оқу талабына сай орнын табуға болады.

Терезені көзге біресе жақындата, біресе алыстата отырып (осы кезде натуралық қойылымның заттары кіші көлемде көрінеді), оңға және солға қозғай отырып, суреттемелі бейнелердің масштабын және орнын анықтайды. Раманы қолдану өте ыңғайлы, өйткені

оның шеттері затты анықтауыш кеңістік ортаны шектейді. Ол "модельді" дара және тұтас құбылыс ретінде қабылдауға мүмкіндік береді.

Заттардың болашақ суретін қағаз бетіне орналастыру өте күрделі және жауапты жұмыс, себебі жазықтық бетінде модельдің орны мен көлемі анықталған соң оны өзгерту қиын. Оған қоса қайта түзету көп уақыттың дәрменсіз кетуіне және қағатсыздыққа әкеліп соғады. Ал сәтті композиция қызықты, көрікті суреттің кейінгі деңгейлерде орындалуындағы негізін қалайды: сызықты-конструктивті құрылысы, бейнені реңмен жапсырмалау.

Жобалау барысының өзі шығармашылық ізденістердің элементін құрайды. Жобаны дұрыс орындау үшін және модель жайлы көзге көру пікірін бекіту үшін заттардың қағаз бетінде композициялық орналасуын елестей білу керек.

Сонымен қатар композицияның басқа түрлерін іздестіру; үлкен парақтардың бетінде бірнеше нобай салып көрген дұрыс. Композициялық шешімнің ең сәтті түрін, таңдап, бейнелеуші заттарды қағаз бетіне пропорционалды көшіреді.

Жобалау заңдылықтары кейбір тәртіптерді сақтауды талап етеді:

Ол парақтың геометриялық ортасын дұрыс анықтау. Оны мынандай әдіспен жасайды, қағаздың қарама-қарсы бұрыштарын диагональмен қосады немесе горизонталь және вертикаль бойынша қағазды екіге бөледі;

– жобаның суретін сала отырып оның композициялық ортасын табу. Әдетте ол жобаның құрамындағы ең ірі немесе мәнісі бойынша ең маңызды зат яғни натюрмортта әрқашанда бір зат негізгі болып келеді;

– жобалау кезінде геометриялық және композициялық орталықтардың бір нүктеде қиылысуына ұмтылу міндетті емес;

– мысал ретінде бірнеше жобалардың бірнеше композициялық шешімдерін қарастырайық. Бір топты құрайтын

қолөнер бұйымдарын бір-бірінен бөлек бейнелеуге болмайды. Оларды бір тұтас елестетіп, бір топқа біріктіру онай әдістердің бірі; парактың геометриялық орталығына сүйене отырып, бір даққа біріккен жобалы заттар тобының енімен биіктігіндегі шеткі нүктелерін белгілейді. Бұл жағдайда ойластырған ойдың бәрі қағаз бетіне сиып, дұрыс орналасқанын қадағалаған жөн. Бейнеленуші заттар жазықтықтың бетінде тиімді орналасып "таршылық" сезімін тудырмай, қағаздың шетіне тым жақын бейнеленбеуі керек. Ал көлемдерінің тым майда болуы да көріксіз көріністі тудырады. Заттардың суретіне карағанда, компоновкада бос аландар үлкен рөлді атқарады.

Көріктік және тепе-теңдік гармониясына қол жеткізген заттардың суреттемесі сәтті композициялық шешім болып табылады.

Бақылау сұрақтары:

- 1. Оқу суретіндегі композицияның ролі қандай?*
- 2. Суреттемелі заттардың масштабы дегеніміз не және оны оқу суретінің композициясында қалап дұрыс табуға болады?*

Үйге тапсырма:

Бір қағаздың бетінде заттардың (бір заттың) композициялық орналасуының үш түрін орындау, ең сәтті композицияны табуға ұмтылу.

§4. ЖОБАЛАУ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ ТҮЗУ ЖӘНЕ ҚИСЫҚ СЫЗЫҚТАРДЫ САЛУ

Жобалау суретіндегі неше түрлі бейнелеу талаптарын шешу үшін қолданылатын графикалық тәсілдерді үйрену кезінде сызыққа оның өзгеру түріне сәйкес штрихты сызық, немесе штрих ерекше рөл беріледі.

Жобалау кезіндегі сызық – суретте ең көп қолданылатын бейнелеу әдісі. Олардың мінезі бойынша түзу және қисық сызықтар болады: көлемі бойынша – ұзын, қысқа; сонымен қатар тегіс және тегіс емес, жіңішке және жуан түрлері бар; жарықтығы – күнгірт және жарық; қызметі – контурлы және көмекші; бағыты бойынша – горизонталды, вертикальды және ылдиды болып бөлінеді.

Оларды сызықтардың эмоционалдық әсерін салыстыру кезінде байқауға болады. Горизонталды сызық көзжиекпен ассоциацияланып тыныштық сезімін тудырады; вертикалды сызық – жоғарыға ұмтылу; ылди – тұрақсыз, құлау; сынық – өзгермелі қозғалыс; толқын тәріздес – біркелкі қозғалыс, тербеліс; спиральды сызық – айналмалы т.б.

"Әлсіз сызық", "кернеу сызық", "динамикалы сызық" – деген түсініктер бар, бұл ұғымдар шынайы дүниенің көзге көрінетін болар болмас рендеріне адамның эмоционалды мінездеме бере алатын қабілетінің үлгісі. Мұндай реакция көзбен көру сезімінің күрделі психологиялық процессінің пысықтау және шынайы нақтылықты көркем бейнеде тұжырымдай білу сияқты құбылыстарының түп қазығы болып табылады.

Сызықтардың көрікті сапалары тек қана суретте емес, сонымен қатар әсемдік – қол өнерінің композициялық талаптарын шешуде кең көлемді қолданылады.

Нүктемен сызықтарды саналы қолдануды күрделі тапсырмаларда үйренгеннен қарапайым жаттығуларда

тәжірибелеген дұрыс, өйткені алғашқысының бойында техникалық жағынан басқа өзіндік талаптары бар, мысалы перспектива, конструкция, жарықты коленке т.б.

Жобалы суретті алғаш рет үйренушілердің көздерінің координациясының, миы мен қолының қалыптасуына көмектесу үшін сурет құралдарын қолдануды меңгеру үшін бірнеше жаттығу орындау керек. Бұл жаттығулар көз өлшемі мен есептің дамуына бағытталған. Жобалы сурет салуды екі нүктені бір-біріне қосатын түзу сызықтан бастау керек. Көптеген суретшілер оқу барысында "сызықпен екі нүкте арқылы" сурет принципіне көңіл бөлген.

Сызықтың суретін салуды дайындалған парақтың бетінде бастау керек, әдетте оның көлемі ватманның 1/8 бөлігі. Оның бетінде болашақ сызықтың аяғы мен басын білдіретін екі нүктені белгілеп алу керек. Ең алдымен сызықтарды осылай белгіленген нүктелердің үстінен жүргіземіз. Жобалы оқу суретінде барлық сызықты тұтас көре білуді жаттықтыру керек. Сондықтан қарындашты қағаз бетінде ұстап тұрып, берілген нүктелерді бағытталған сызықтармен қосылуын елестетіп көріп, кейін қарындашты жазықтыққа тигізіп жеңіл, сәл будір сызықты жүргіземіз. Сызықты бөлек-бөлек емес, үзбей жүргізуге ұмтыламыз, бұл жағдайда қарындаштың ұшына емес белгіленген нүктелерге қарап отыру керек. Жобалау барысында салудың бірнеше түрлерін орындау қажет:

- екі нүкте арқылы әр түрлі бағытта өтетін түзу сызықтар;
- горизонталды;
- ылди;
- вертикалды, қарындашты әр түрлі салмақта баса отырып тек ғана осындай жаттығуларды орындаған соң қисық сызықтарды салуға кірісуге болады.

Қисық сызықтарды суреттеу үшін үш тіреуіш нүктелерді табу керек: олардың екеуі түзу сызықтың бағыты мен ұзындығын анықтайды, ал үшіншісі;

түзуден ылдилау дәрежесін анықтайды. Тіреуіш сызықтарды тапқан соң оларды қисық сызықтармен біріктіреді.

Жобаның бейнесі бойынша күрделі сызықтар бірнеше аралық нүктелерді белгілеуді талап етеді (майысқан қисық сызықтар). Ең алдымен төрт шеткі нүктелерді белгілейміз, қазақ жобасындағы қисық сызықтардың орнын білдіреді, яғни көріністің габариті, оны қағаздың шетіне параллельді жүргіземіз кейін көріністің ортасын табамыз. Көріністің ортасына және шеткі нүктелерге сүйене отырып, белгіленген нүктелер арқылы өтетін майысқан сызықтың бейнесін табу оңай. Кейін бұл сызықтың қорытынды бағытын қарындашты қатты басып жүргізіп анықтау керек.

Жобалау арқылы көзмөлшерін жаттықтыру үшін бұрыш құрап қиылысатын сызықтардың суретін салу, бұрыштардың өздерін бөліп көру пайдалы.

Түзу және қисық сызықтардың суретін салатын суреттің бастапқы техникасын меңгерген соң, геометриялық денелерді бейнелеуге болады.

Бақылау сұрақтары:

- 1. Түзу сызықтарды қалай салуға болады?*
- 2. Қисық сызықтарды қалай салуға болады?*

Үйге тапсырма:

Қағаздың 1/8 бөлігінде қисық және түзу сызықтардың суретін сал. Көзмөлшерін дамытуға арналған жаттығуларды орындау: сызықтарды салып бірдей 2, 4, 5 бөліктерге бөлу.

§5. ЖОБАЛАУДАҒЫ ОПТИКАЛЫҚ ЕЛЕСТЕР.

Қолөнер заттарының дүниесін қабылдау ерекшеліктеріне байланысты қызықты құбылыстармен танысу әрқашанда пайдалы. Оптикалық елестерді ескеру оқу кезінде және көркемсуреттеу шығармашылығында көп көмек көрсетеді. Психологтар мынандай маңызды феномге көңіл бөлуге кеңес береді, ол біздің санамыздың заттарды қарапайым дараларға топтастыруға ұмтылуға шақырады.

Жобалау суретінде бірдей ара қашықтықта орналасқан нүктелер көрсетілген, бірақ біздің санамызда оларды қатарларға "Ұйымдастыру" тенденциясы бар, бір-бірімен ешқандай байланыспаған нысандар болған.

Кейде біз нақты дүниеде жоқ көлемдерді көреміз. Мысалы: әріптердің бетіне көлеңкенің түсуі арқылы олар дөңес бейнелі көрінеді. "Бұл елестер ... біздің санамыздың қызметінің қорытындысы, жарық және көлеңке жайлы білімдерге негізделген дененің бейнесіне баға беру қорытындысы болып табылады.

Жобалау кезінде "Екі мағыналы сурет" – деген түсінікке мысал келтіреміз, ол бір нысанның әр түрлі қабылдануын көрсетеді, біресе бейне, біресе фон калпінде елестейді; кейде суреттің өте қараңғы бөліктері екі қыр сияқты сезінеді, ал ақ бөлігі – нейтралды фон сияқты элементтер қабылданады, ал қара бөлігі – фон қызметін атқарған жағдайда ақ бөлігі құмыра болып шығады.

Оптикалық елестердің көптеген басқа жағдайларын келтіруге болады. Ақ алаңдағы қара квадрат қара алаңдағы квадраттан кіші болып көрінеді. Ал шынында алаңдарының көлемі бірдей.

Кейде қарапайым суреттер өте бұрмаланып көрінеді, сурет 20 – қысқа немесе ұзын болып қабылданды. Мына суретте әлдеқашан хрестоматиялы болған "Жебе елесі" мысал ретінде көрсетілген. Ұштары жоғары және төмен бағытталған түрі, ішке қарасты түрінен ұзын болып көрінеді. Келтірілген мысалдың перспективалы суретке

де катысы бар. Екі жаққа тараған ұшы бар жебе интерьердің төбесі, қабырғасы және едені ұштасқан ішкі бұрышты елестетеді. Сыртқы бұрышы ғимараттың интерьерін еске түсіреді, фундамент және шатырдың сызықтары біріккен ұштары бар "Жебені құрайды".

Әсемдік қол өнердің композицияларында көрерменнің көңілін аудару үшін кейбір элементтерді екпінді көрсетудің маңызы өте зор. Мұндай жағдайларда негізгі дақтын аймағындағы жазықтықты бөлшектердің көп санымен толтыруға болады. Екі бірдей шеңбердің аймағында саны тең шеңберлер орналасқан – алғашқысында үлкен көлемді және кіші көлемдісі екінші жағдайда бейнеленген. Ортадағы шеңберлердің көлемі үлкен шеңберлер қоршаған түрі кіші көлемді көрінеді. Композиция: заңдылықтарын зерттеу кезінде оптикалық елестерді ескерген жөн және оларды тәжірибелі жұмыстарда қолдану керек.

Бақылау сұрақтары:

- 1. Қандай оптикалық елестерді білесіздер?*
- 2. Перспектива суреті елестермен қалай байланысады?*
- 3. Оқу қойылымындағы тәжірибелі тапсырмаларда оптикалық елестерді ескерудің маңызы қандай?*

Үйге тапсырма:

Өз беттеріңше оптикалық елестердің жобаларын салып көріңіз.

§6. ЖАЛПАҚ ЖӘНЕ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ БҰЙЫМДАРДЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ БЕЙИЕЛЕНУІ.

Сурет салудың ішінде жобалауды үйрену, басқа бір кез келген ғылымды немесе өнерді оқып білу сияқты жүйелі күрделінген талаптар қатарынан тұрады. Алдыңғы қарапайым тақырыпты толық түсінбей кейінгі күрделі тапсырмаларды орындауға болмайды. Әр түрлі заттар өзара қиылысқан жалпақ жазықтықтардың жинағымен шектелген. Сондықтан осындай заттардың перспективасын салуды тез үйрену үшін, ең алдымен жалпақ тік төртбұрышты нәрселердің перспективасын құрастыруды үйренген жөн. Дәл осындай мақсатпен геометриялық денелердің перспективалық көрінісін көрсету өте пайдалы. Куб, цилиндр, шар, призма сияқты геометриялық бұйымдар барлық заттардың негізін қалаушы қарапайым бейнелер болып табылады. Мысалы ағаштың сабының негізгі бейнесі – цилиндр, қарбыздың негізінде – шар, ал құмыраның бейнесі цилиндр мен шардың бірігуінен құралған. Куб – жалпақ жазықтықтармен шектелген заттардың құрылысының негізі болып табылады.

Ең күрделі заттардың конструкциясы қарапайым геометриялық денелердің жинағынан құралады. Алғашқы көзге анықсыз болып көрінген жануарлар мен өсімдіктердің күрделі бейнелерінде қарапайым бейнелерге бөлуге болады. Перспективаны салу заңдылықтарын геометриялық денелердің бойында тәжірибелеп байқап көруге ыңғайлы. Куб және цилиндрді перспективада дұрыс сала білу, натураға қарай отырып, жазықтықтармен шектелген, немесе цилиндрлік бейнелі кез келген затты сауатты көрсетуіне мүмкіндік береді.

Қандай да бір тік төртбұрышты тақтайлы алып суретшінің алдына көкжиек сызығы жазықтықтың ортасына сәл төмен өтетіндей етіп орналастырамыз. Бұл заттың перспективасын солар

алдында оның пропорцияларын анықтап алу керек, яғни көзге көрінетін биіктігі көзге көрінетін енінен қанша үлкен екенін белгілейміз. Бұл көлемдердің пропорционалдық қатынастарын суретте салу керек. Ол үшін қағаз бетінде тақтайдың бізге жақын қырынан биіктігін жобалы мөлшерде белгілеп аламыз. Бұл биіктік суреттің масштабы болып қызмет етеді. Natureдағы нәрсенің ені биіктігінен қандай мөлшерде кіші екенін біле отырып, осы көлемді бірнеше бөліктерге бөліп енін табуға болады. Осы бөліктің біреуін горизонталды бағытта орналастырсақ тақтайшаның ені шығады. Міне осындай тәсілмен анықтадық. Тік төртбұрыштың құрылысы түзу сызықтардан құралғанымен оған бейне деп қарау керек.

Тік төртбұрыштың моделіне мұқият қарай отырып, бізге жақын орналасқан вертикалды қабырғасының кейінгі шеңделі қабырғасынан биік екенін, горизонталды сызықтардың ылди екенін, көкжиек сызығынан жоғары орналасқан горизонталдың төмен қарай бағытталғанын байқаймыз. Бұл сызықтардың қаншалық еңкейгендіктері мына суретте көрсетілгендей түзу горизонталды сызыққа қарасты анықталады. Табылған бұрыштарды ылди түзулермен белгілейміз. олар көкжиек сызығында бір нүктеде қиылысуы керек.

Қиылысу нүктесі тек парақтың жазықтығынан тыс орналасуы керек. Тақтайдың жалпы тіктөртбұрышы салынып біткеннен кейін, қалыңдығын анықтаймыз.

Квадраттың перспективасы. Бірінші жағдай – фронталды. Квадратты осындай екі шетінен қырлары көкжиек сызығына параллелді орналасқан калпінде салу үшін орталық қиылысу нүктесін табу керек. Квадраттың көкжиек сызығынан төмен немесе жоғары орналасуына байланысты екі қыры тереңдікке жоғарыдан төмен және төменнен жоғары бағытта өтеді, ал басқа екі қыры сурет жазықтығына параллель болып қалады. Мұндай квадраттың қырлары қысқарған жағдайдағы суреті трапецияға ұқсас болып көрінеді. Екінші жағдайда квадраттың жазықтығы кездейсоқ

бұрышта орналасқан. Бұл қалыпта квадраттың қырлары негізгі қиылысу нүктесі P_1 -да қиылыспайды, оның оң және сол жақтарында орналасқан нүктелер бағытталады. Перспективалық суретте квадрат ромб түрінде көрінеді.

Шеңбердің перспективасы. Перспективадағы шеңбер эллипс бейнелі көрінеді. Көкжиек сызығына неғұрлым жақын орналасса, солғұрлым эллипс жінішке көрінеді, ал көкжиек сызығында оған бірігіп бір сызыққа айналып кетеді. Перспективада шеңбердің суретін салу кезінде, шеңбердің алдыңғы бөлігінің соңғысынан үлкен болу керек екенін бақылау керек. Эллипсті ұқыпты салуға тырысқан жөн, сызықтар бір жартысынан екінші жартысына бәсең, сазды түрде өтуі керек.

Кубтың перспективасы. Куб басқа да көлемді бейнелер сияқты, кеңестік ортала бейне көлемін шектейтін жазықтықтардың үйлесуінен тұрады.

Кубтың суретін (параллелепипед) салу кезінде, квадраттың фронталды және кездейсоқ бұрыштық калпінде орналасқан перспективасына сүйену керек.

Бірінші жағдайда тік төртбұрышты геометриялық дене көкжиек сызығында бір қиылысу P -нүктесі болады, яғни біз оның екі жазықтығын көреміз. Алдыңғы жазықтығы перспективалық өзгерістерге ұшырамайды, ал тыс жағындағы және жоғарғы беті трапеция түрінде көрінеді.

Жоғарыда аталып кеткен геометриялық денелер кездейсоқ бұрышта орналасса, онда барлық жазықтықтарының перспективалық көрінісі ромб бейнелі денелерді көрсетеді.

Қандай да бір бұрышта орналасқан жазықтықтардың сызықтарының перспективасы P -нүктесінің екі жағында орналасқан қиылысу нүктелеріне бағытталады, ал вертикалды қабырғалары өз жалпында қалады, алыстауына байланысты биіктігі кішірейеді. Перспективалық құрылумен танысу дегеніміз тек құрғақ хемаларды салу емес. Жас суретшінің перспектива заңдылықтарын

оқып білуі, бейненің ішкі құрылысына еніп, оны шынайы, сенімді суреттеуіне жол ашады. Көзбен көріп қабылдау ерекшелігі суреттемеде өзіндік ізін қалдырады, сондықтан дәл сурет сызу сияқты көрінбеуі керек. Сурет салу кезінде перспективалық құрылыс тек сана арқылы натура негізінде орындалады, ол перспектива заңдылықтарын жақсы білу, заттың кеңестік бейнесін анық елестетумен негізделеді.

§7. ГОРИЗОНТАЛДЫ ЖӘНЕ ВЕРТИКАЛДЫ ЖАҒДАЙДАҒЫ ЦИЛИНДРЛІ БҰЙЫМДАРДЫ ЖОБАЛАУ.

Жұмысқа кіріспей тұрып, цилиндрдің көкжиек сызығына қандай қатынаста орналасқанын анықтап алу керек, яғни цилиндрдің енінің биіктігінен қаншалықты кіші екенін белгілейміз. Парақтың ортасына вертикалды сызықты жүргіземіз, ол цилиндрдің вертикалды қалпінде қалуына мүмкіндік беріп оны симметриялы болуына көмектеседі. Осы сызықтың бойында цилиндрдің биіктігін белгілейміз.

Бұдан кейін цилиндрдің астыңғы табанының және үстіңгі бетінің енін анықтап екі жағындағы вертикалдарды жүргіземіз. Цилиндрдің табаны арқылы өтетін горизонталды сызықтардың бойында эллипстің кіші және үлкен осьтерін саламыз. Эллипстің кіші осінің көлемі табанының диаметріне тең. Кіші осьтің көлемі табанының шеңберінің көкжиек сызығынан қандай аралықта орналасқандығына байланысты.

Эллипстің үлкен осін әрқашанда цилиндрдің осіне түзу бұрыштық қатынаста салады. Әр табанының көлемі анықталып болған соң, осы табандарының шеңберлерін эллипс түрінде саламыз. Вертикалды цилиндрдің екі қырлары вертикалды оське параллельді болып келеді, ал табандарының үлкен осьтерінің эллипстері тең болса, эллипстердің кіші осьтері әр түрлі, өйткені жоғарғы беті көкжиек сызығына жақын болғандықтан оның эллипсі астыңғы бөлігінің эллипсіне қарағанда қысыңқы.

Цилиндрдің астыңғы табаны толық көрінбегенімен, конструкциясының дұрыс құрылуы үшін және симметрияны сақтау үшін астыңғы бетінің эллипсін толық салу керек.

Ал, цилиндрді горизонтальды және еңкейіп тұрған қалпындағы суретін салған кезде, эллипстің үлкен осьтері цилиндрдің орталық осьтік сызығына перпендикулярлы бағытталғанын әр қашан есте

сақтаған жөн. Сондықтан цилиндрдің осінің бағытын парақ бетінде дұрыс белгілеп алып ғана, эллипстің табанын саламыз.

Цилиндрдің шеткі қырлары қиылысу нүктелеріне бағытталатындықтан және біз жақын табаны қысыңқы болып келетіндіктен, екі беттерінің эллипстерінің биіктігі, ені әр түрлі болады. Барлық жағдайларда эллипстің үлкен осьтерінің құмыраның орталық осіне перпендикулярлы екенін байқауға болады.

Мұндай ыдыстардың суреттерін салу кезінде цилиндрлік мойынның шар тәріздес денесімен қалай біріккендігіне көп көңіл бөлу қажет. Құмыраға біз үстінен карағандықтан үстіңгі цилиндрлік бөлігінің астыңғы шар бөлігін жауып қалғанын байқаймыз. Шар тәріздес бейненің бойынан цилиндрдің астыңғы бөлігі бірігетін нүктелерін дәл табу керек.

Тәжірибесі аз суретшілер заттың конструкциясы жайлы түсініктері саяз болғандықтан, шарлы беттің контурын цилиндрдің астыңғы табанымен біріктіре салады. Мұндай сурет көлемсіз болады. Егер жоғарғы беткі жазықтығын жасырып қойсақ, онда сурет құмыраның жартысы бейнеленгендей болып көрінеді. Цилиндрдің астыңғы табанының эллипсінің үлкен осінің ұштары құмыраның шарлы бөлігінің контурымен бірікпеуін қадағалау керек. Құмыраны құраушы осы екі бөлікті бір-бірінің үстіне қою үшін, шар тәріздес бөлігін толық салып аламыз, одан кейін бақылау нүктесі жоғарыда орналасқан деген есеппен шардың бойында цилиндрмен қиылысқан шеңберді саламыз. Мұндай жағдайда цилиндрдің астыңғы бөлігінің эллипсінің үлкен осінің ұшы шар жазықтығының контурына түспейді.

Цилиндрлік бейнелердің суретін салу кезінде оның бойына бекітілген майда бөлшектерді белгілеу қиын болып көрінеді. Бұл мәселені шешу үшін қиын өтетін жазықтықтардың көмегімен қолданамыз. Мысалы шәйнектік немесе қазанның осі арқылы және оның тұтқасы мен шөлмегі арқылы өтетін жазықтықты жүргізсек,

онда осы жазықтықтың ыдыстық қабырғаларымен қиылысында пайда болатын сызық осы бөлшектердің конструкциялы дұрыс табылуына мүмкіндік береді. Конструкциялық құрылыстың осындай әдіспен салынуы бейнесі күрделі заттардың суреттелуін жеңілдетеді.

Осы білімді бекіту үшін бірнеше жаттығуларды орындау керек. Жаттығу жұмыстары неғұрлым көп орындалса, солғұрлым көз кескіндердің көлемін дұрыс анықтап, эллипстарды тегіс, мінсіз орындауға болады.

§8. КӨПҚЫРЛЫ ПРИЗМАНЫ ЖӘНЕ ПИРАМИДАНЫ ЖОБАЛАУ АРҚЫЛЫ ҚҰРАСТЫРУ

Қолөнер бұйымдарын жобалауда көпқырлы призманы және пирамидалы көріністерді перспективада салу жұмысын жеңілдету үшін, табандары призмалы және пирамидалы болып келетін көпбұрыштардың перспективалық көрінісін еске түсіру керек.

Көпбұрышты салуды перспективада көрінген шеңберден бастау керек, өйткені көпбұрыш осы шеңбердің ішінде белгіленеді. Бұл пропорциялары сәйкес осьтері бар эллипс болып шығады. Натурада, бұрыштардың ұштары қалай белгіленгенін анықтап, эллипстің бойында осы көпбұрыштың бұрыштарын көрсетеміз.

Көпбұрышты салу кезінде, көз мөлшерімен бұрыштардың ұштарының өзара орналасуын дәл және мұқият анықтау керек. Жақтарының еңкейген бұрыштарын дұрыс тауып, параллельді сызықтардың қиылысу нүктесін сезіне білу қажет. Құрастырудың дұрыс орындалуын тексеру үшін диагональ түріндегі көмекші сызықтарды сызамыз. Бұл диагональдар өздеріне параллельді көпбұрыштардың қырлары бағытталған қиылысу нүктесіне қарай сызылады. Бұрыштардың ұштарының жағдайын горизонталь және вертикаль сызықтарды жүргізе отырып бақылаймыз. Кез келген призманы немесе пирамиданы тұрғызуды олардың табанын салудан бастаған дұрыс. Қолөнер бұйымдарын жобалауда горизонталды жазықтықта тұрған алты бұрышты призма көрсетілген, оның барлық қырлары вертикалды.

Горизонтальды жазықтықта жатқан алтыбұрышты пирамиданың салыну әдісін жүйелі түрде қарастырып көрейік. Ең алдымен пирамиданың еңкею осін анықтап аламыз. Оське тік бұрыштың қатынаста эллипстің үлкен осін жүргіземіз. Эллипстің кіші осі үлкен осіне перпендикулярлы және пирамиданың осімен түйіседі. Табанының эллипсін салып алтыбұрыш бұрыштарының

төбесімен белгілейміз, одан кейін оларды пирамиданың төбесімен белгілейміз, одан кейін оларды пирамиданың төбесімен қосамыз. Міне осының барлығы жас суретшінің геометриялық денелерді перспективада сала білу үшін қажет. Осы білімдер мен тәсілдерді қолдана отырып күрделі нысандардың перспективалық көріністерін оңай салуға болады.

Оқу суретінің мақсаты – білімді тәжірибеде қолдану үшін игеру, өз бетінше орындалатын творчестволық жұмысқа дайындау.

Бақылау сұрақтары:

1. "Перспектива" деген түсінік нені білдіреді?
2. "Перспективаны" жөн-жобасын оқу суретінде қалай қолданады?
3. Қарапайым геометриялық денелерді перспективада қалай салады?
4. Симметрия осі дегеніміз не?
5. Визирлеу әдісін қалай қолдануға болады?
6. Қиын өтетін жазықтық нені білдіреді?
7. Қиын өтетін жазықтықты қандай жағдайларда қолданған дұрыс?
8. Көкжиек сызығынан жоғары орналасқан шеңбердің қандай бөлігі көрінеді.

Үйге тапсырма:

1. Көкжиек сызығынан жоғары және төмен орналасқан квадраттың суретін перспективада салыңыз.
2. Көкжиек сызығынан жоғары және төмен орналасқан шеңбердің суретін перспективада салыңыз.
3. Натұраға қарап отырып шахмат тақтайын салыңыз.
4. Көк жиек сызығына қарасты әртүрлі жағдайда орналасқан вертикалды тұрған цилиндрдің суретін натурадан қарап салыңыз.

а) көкжиектен жоғары;

б) көкжиектен төмен;

в) көкжиек сызығы цилиндрдің орта белінен өтеді.

5. Шелек немесе құмыраның горизонталды жағдайдағы суретін натураға қарап отырып салыңыз.

а) көкжиек сызығынан жоғары;

б) көкжиек сызығынан төмен;

в) көкжиек сызығы осы заттардың орта белінен өтеді.

§9. ЖОБАЛАУДАҒЫ ТҮСТІҢ СИМВОЛИКАСЫ

Түстің мағыналы қызметі оның символикасында көрінеді. Қызыл түстің қызықтыратыны, жасыл түстің жайландыратыны, кара түстің – қысым көрсететіндігі – ерте кезден белгілі. Ұлы нсміс акыны, агартушысы Иоганн Вольфганг Гетенің пікірі бойынша жарық, түс, және эмоция осы үшеуі бір байлаудың бөлігі. Оның айтуынша сары және қызыл түстер көңіл-күйді көтереді, адамның энергиясын өрістетеді, ал көк түс көңілді бұзады. Бүгінгі күндерде дүниежүзілік келісім бойынша қызыл түс қауіпті білдіреді. Қызыл белгі – тиым салуды білдіретін белгі. Қызыл түстің қыздырғыш, кобалжытқыш әсерін психологтар адамзаттың тарихи тәжірибесімен байланыстырады, қызыл түс – канның түсі.

Бүкілдүниежүзілік көркем бейнелеу өнері тарихының бөлек кезеңдерінде түстің символикасы шығарманың идеялық-көркем мазмұнында маңызды рөл атқарған.

Діни идеологияның үкімі жүріп тұрған кезде, түске деген қызығушылық түстің сиқырлы күшіне сенумен қошаметтелінген. ортағасырдың өнерінде түс символикасына ерекше орын бөлінген. Әр түске бекітілген белгілі символикалы мағына, бірыңғай система еш уақытта да болмаған. Мысалы: орта ғасырларда қызыл түс бір жағынан сұлулық пен қуанышты білдірсе, екінші жағынан ашу мен ұятты білдірген. Сары сақал мен шаш бір кездері жағымды кейіпкерді танытса, ал баска орта ғасыр ырымы бойынша қызыл сақал – сатқындық. Діни символикада: ак түс тазалық пен әдептілікті, жасыл – жанның мәңгілігі, көгілдір – қайғы, қызыл – әулиенің қаны.

Бір кезеңдегі және бір елдегі түстердің символикалық мазмұнының қарамақайшы болуы діни символика мен халықтық түрлерінің айырмашылығына байланысты. "Егерде оның алғашқысы өзінің шығу тегін діни оқулар мен аңыздардан, кара

сөзден басталған деп түсіндірсе, ал халықтық символика адам санасындағы қоршаған ортадағы табиғи бояулардың көрсеткіші" деп бағалаған. Көптеген елдердің халық ертегілерінде жасыл түс үміт символы болып саналады, өйткені жастықпен, өсумен ассоциацияланады; қызыл қанның түсі; аттың және махаббатты білдіреді. Түстің символикасы біресе туындап біресе жойылып кетіп тұрған, қазіргі күндерде түстік символика өнерде сақталанып қалған. Жорамалы символикалы жалпы түсінікті білдіруші көріністер бүгінгі күндерде өкімет рәміздерінде (жалау, герб, эмблема) кең қолданылады. Кескіндеме шығармаларында символика қосымша мағына беруші бояумен қатар, бөлек түспен көрсетілген және жалпы суретпен тұтас эстетикалық әсер беруші болып табылады. Жалпы алғанда символика мәселесі күрделі және шимайласқан. Ол тарихи лингвистік, фольклористер, этнограф, психолог секілді мамандарды біріктіріп арнайы зерттеуді талап етеді.

Барлық түстерді екі категорияға бөлуге болады: ахроматикалы және хроматикалы. Ахроматикалы немесе түссіз, яғни ақ, сұр, кара, олар бір-бірімен ашықтығымен (қоюлығы) ғана ерекшелінеді. Бірақ бұл түстердің көркем бейнелеу мүмкіндіктері мол. Адамның көзі ашықтық дәрежесі бойынша 300-400 ақтан – караға өтпелі реңдерді ажырата алатын қабілеті бар. Ахроматикалы түстердің айырмашылығы бар екеніне көз жеткізгеннен кейін ақ қағаз бен гипстің, ақ гуашьтың түстерін салыстырып байқауға болады. Қара түстер де бірдей емес. Мысалы кара мақпал матасы кар жүн матасына карағанда түсі қоюырақ және т.б.с.с. Бірақ қоюлығы әр түрлі реңдерді сұр түс береді. Басқа түстер ахроматикалы реңдерге карағанда түрлі-түсті бояулар немесе хроматикалық түстерге карағанда бәсең бейнеленеді.

Ұлы ағылшын ғалымы Исаак Ньютон тәжірибиелі жолдармен, жіңішке күн сәулесін үш қырлы призмадан өткізіп, артқы бетінде орналасқан экранда тәртіп бойынша тізілген керемет әдемі

түстердің қатарын байқаған. Бұл құбылыс аспандағы кемпірқосаққа ұқсайды, ол жаңбыр тамшыларында көрінген және ауада тарқаған спектрлі сынық күн сәулелері секілді бейне берген. "Книга о живописи" – деген шығармасында Леонардо да Винчи былай деген: "Ақ дегеніміз түс емес. бірақ оның басқа түстерді қабылдай алатын қабілет бар" – деп жазады.

Түстік реңдерді табиғи тізімінің көрсеткіші күн жарығының спектрі: қызыл, сарғыш-қызыл, сарғыш, сарғыш-сары, сары, жасыл-сары, сары-жасыл, жасыл, көгілдір-жасыл, көгілдір, көк, күлгін және т.б. түстерді елестетеді – деп жазады Леонардо да Винчи өз шығармасында.

Спектр құрамында ақ, сұр, қара ахроматикалық түстер жоқ, және табиғатта бар қою қызыл (пурпурный) түсте жоқ, ол қызыл мен күлгін (фиолетовый) бояуларды араластырғанда пайда болады, сонымен қатар қоныр түсте орнын таппаған.

Адам түстерді ғана емес реңдерді де ажырата алады, олар бір-бірімен қоюлығы және ашықтығы бойынша бөлінеді.

Ахроматикалық түстерге карама-қарсы, хроматикалық бояуларда реңдік айырмашылық көп болады, ол қоюлығының ашықтығына байланысты. Спектрлік түстердің біреулерінде түстік реңдері күрт ерекшеленсе, басқа біреулерінде бәсең байқалады. Түстің сапалы мінездемесі қоюлықты салыстыруға болады. Қоюлық дегеніміз – хроматикалық түстен ашықтық мөлшері тең ахроматикалық түстен айырмашылығының дәрежесі. Бұдан мынандай тұжырымға келуге болады: "Түстердің негізгі қасиеттері: түстік рең, ашықтық және қоюлық. Хроматикалық түстерге қарсы айтылғанда – ашықтық деп ақ немесе қара пигментті түстің құрамында болуын ұғындырады. Егер де хроматикалық түстерге әр түрлі ашықтығы бар ахроматикалық түсті араластырса, онда хроматикалық түстің қоюлығы, ашықтығы да бірге өзгереді". Мысалы ақ түсті көк бояуға қоссақ, онда оның қоюлығы азайып, ашықтығы артады. Мұндай әдіспен көптеген ашық түстерді алуға болады.

Егер ашықтығы күші ірт ахроматикалық түстерді хроматикалық түстермен біріктірсек, онда оның қоюлығы да, ашықтығы да біркелкі азаяды.

"Таза" – деген сөзді ешқандай бөтен бояулармен араластырмаған түстерге қарасты айтады. Сондықтан таза түстерге үш негізгі немесе спектрлік қатардағы алғашқы – қызыл, көк, сары түстер жатады.

Үш негізгі түстерді оптикалы араластыру ақ түсті берсе, ал олардың екеуін біріктірсе түстер қосындысын туындайды. Мысалы, көк пен сары – жасыл. Түстік шеңбер таза спектрлік түстерді бірыңғайлайды.

§10. ЖОБАЛАУ КЕЗІНДЕГІ КӨЗДІҢ СЕЗІМТАЛДЫҒЫ


Леонардо да Винчи адамның дене мүшелерінің ішінде көзге ерекше орын берген: "Көз дүниенің барлық сұлулығын күшағына алып тұрғанын сен байкамай тұрсын ба? Ол астрологияның бастығы, ол космографияны туындайды, ол адамзаттың барлық өнеріне кеңес беріп, оны түзейді, адамды дүниенің барлық бөліктеріне қозғайды, ол жұлдыздардың көлемі мен биіктігін өлшейді, ол элементтерді және олардың орнын тапқан.


Архитектурамен перспективаны туындаған, ол ғажайып кескіндемені құраған" – деп баға береді. Күнделікті тәжірибелі қызметте, көбінесе көркем бейнелеуде көздің сезімталдығы ерекше маңызды, онын ашық, қою, бояуларды реңдік айыра алатын қабілеті зор. Мұндай қабілеті түстік көрудің мінездемесінің сапалық көрсеткіші. Ол психологиялық факторларға тәуелді, физикалы қабылдау қасиеті әрқашан да тұрақты жер, тас, ағаш жапырақтары жарықтық толқындарды 10 және 100 мың жыл бұрынғыдай қазіргі күндерде дәл солай шағылыстырады, бірақ түсті қабылдау ежелгі дүниедегі адаммен жаңа уақыттың өкілдерінің арасында әр түрлі. Бұл жағдай адамның көру қабілетінің осы қазіргі деңгейде болуы, "Сезімтал мүшелердің бізді қоршаған ортаның түстерін жақсы ажырата білуге бағытталған ұзақ эволюцияның қорытындысы".





Егер қабылданушы түстердің негізгі ерекшеліктері ашықтығы түстік реңіне және қоюлығына байланысты болса, онда көздің осы үш мөлшер, бойынша ажырата алатын мүмкіндігін белгілеу керек. Көздің сезімталдығын зерттеген кезде түстің реңінің өзгеруіне байланысты, спектрдің әр бөлігіндегі толқын ұзындықтарының өзгеруіне көз бірдей сезімталдық білдірмейді. 1946 ж. Рейт және Питт жүргізген тәжірибелері бойынша, түстің өзгеруі спектрдің төрт бөлігінде ерекше байқалады, ол жасылдау-көгілдір, сарғыш-сары, сарғыш-қызыл, көк-күлгін; спектрдің жасыл бөлігінің





(ортаыык) және аяғына, кызыл, күлгін жағына көздің сезімталдығы төмен. Осы тәжірибенің қорытындысына қарағанда белгілі бір жарықтың түсу жағдайында және көру алаңына байланысты көз спектрден 150 түстік реңдерді ажырата алады.





Жобалау пәндеріндегі қолданылған сызбалар және қолөнер бұйымдары.




























Жобалау негзінде жасалған бұйымдар



















Егер бұл тізімге спектрде жок кою кызыл түсті біріктірсек. онда көз кабылдайтын түстік реңдер – 180-ге тең.

Теплов Б.М., Соколов И.М., жүргізген тәжірибелері бойынша көзге байкалатын қоюлық ерекшеліктердің саны кызыл, сары, кок жазықтықтар үшін бірдей емес. Олар 7-ден 12 дәреже аралығында. Көз ашықтықты ажыратуға икемділеу. Кенингтің өткізген тәжірибесі көздің 600 ашықтық дәрежесін анықтайтындығы бекітілген.

Теплов Б.М., Соколов И.М., жүргізген тәжірибелері бойынша көзге байкалатын қоюлық ерекшеліктердің саны кызыл, сары, көк жазықтықтар үшін бірдей емес. Олар 7-ден 12 дәреже аралығында. Көз ашықтықты ажыратуға икемділеу. Кенингтің өткізген тәжірибесі көздің 600 ашықтық дәрежесін анықтайтындығы бекітілген.

Түстің реңдік касиеттерінің өзгешелігі тұрақты емес, түстік объектілердің қоюлық және ашықтық өзгерістеріне тәуелді екендігін есте сақтаған жөн. "Қоюлықтың азаюына байланысты және ашықтықтың көбеюі мен бәсендеуіне қарай, түстік реңдерді нашар ажыратамыз" – деген Карпов С.В. Қоюлығы сұйықтау хроматикалық түстер екі түрлі реңге тіркеледі: сарылау "жылы" және көктеу - "суык".

"Түстік гамма" осындай тәсілмен бірігеді, ол кезде хроматикалық түстер ак және кара түске жақын болады. Сондықтан көздің кабылдайтын түстерінің нақты санын ажыратылған реңдердің, санын, қоюлық және ашықтың мөлшерлерін жай ғана көбейтумен есептеп шығаруға болмайды. Егер мұндай тәсілмен реңдердің санын аныктасак, онда көз миллионнан астап түстерді ажырата алатын болып шығар еді. Бұл тәсіл дұрыс емес, өйткені бір түстің екіншісіне тәуелді жағдайда өзгеруін ескермейді. Бірнеше мыңдаған түстік реңдерді айыратын мүмкіндігін түсіндіруге болады.

Бөлек түстерді көздің сезінуі түскен жарықтыққа байланысты сапалы өзгеруі мүмкін. Мұндай заңдылықты алғашқы рет чехия ғалымы Пуркине Я. байқаған. Бұл зерттеудің тұжырымы бойынша жарық бәсеңдеу болған кездері көздің түстік реңдерді ажырату сезімталдығының төмендеуіне себепкер бола отырып, бұл қабілет спектрдің қысқа толқынды бөлігінен асуы мүмкін – деген сипаттама береді.

Сурет галереяларында жарықтың нашар түсуіне байланысты сарғыш, қызыл, сары түстер сөніп қалған секілді көрінеді ал, көк, жасыл реңдерде жарқырап көрініп, шығарманың бояу құрылысының дұрыс қабылданбауына әкеліп соғады.

§11. ҚОЛӨНЕРДЕГІ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ СУРЕТТЕМЕНІҢ КӨЛЕМІ.

Қолөнер бұйымының композициялық шешімін іздестіру форматтың, оның форматы мен суреттеменің көлемін табу маңызды мәселелердің бірі. Ойластырылған суреттеме форматтың кез келген көлемінде жақсы орналаса бермейді, ал сурет жазықтығының әр түрлі бейнелері бейнеленуші нысанға алуан түрлі сипаттама береді.

Қағаздың домалақ форматы суретке байсалды аяқталған мінездеме береді. Сопақ бейнелі формат адамның бетінің сипатымен ұштасып, бейнеленуші адамға жұмсақ, әйел адамзатына тән мінездемені тандайды. Жоғары қарай созылған тік төртбұрыштық формат суреттеме жайлы монументальды әсерді туғызады. Горизонталь бойынша созылған тік төртбұрышты формат бейнеленген нысанды тарылтып, төмендетеді.

Суреттің көлемі мазмұнына байланысты. Кез келген сюжетті кіші көлемді қағаздың бетіне жайғастыруға немесе үлкейтуге болмайды. Әр сюжет үшін өзіне арнайы көлем табылу керек. Мысалы, эпикалық сюжет, тұрмыстық көріністерге қарағанда қағаздың ірі көлемін талап етеді. Қағаздың мазмұнына сәйкес келмеуі, ойды айқындау талабына кедергі болуы мүмкін.

Суреттің композициясы үшін, композициялық орталықты ерекше айқындауда холст жазықтығындағы суреттеменің көлемінің маңызы зор. Ірі суреттемелер әрқашанда сурет жазықтығынан шығып тұрады, яғни жазықтықтың арғы бетіндегі елестелмек кеңістіктен. Тым кішкентай суреттеме сурет жазықтығынан едәуір шегініп, жазықтықтың, қағаздың қосымша бөлігі секілді көрінеді. Егер көрерменнің суретті бақылау кезінде холсты үлкейту немесе кішірейту керек деген сұранысы болмаса, онда үйлесім сәтті орындалған деуге болады.

Көркем бейненің көріктілігі натураның көріктілігімен анықталады. Сондықтан суретші натураның барынша көріктілігін, оның қозғалысының, қалпының ең мінездемелі сәттерін таба білуі керек. Әр нысан немесе зат өзіндік ерекшеліктерін бір жағынан толық көрсетсе, екінші жағынан аз мөлшерде айқындауы мүмкін. Көк жиек сызығы, дұрыс тауып, оңынан да соңынан да, алыстан және жақыннан бақылап, натураның ең әдемі көрінетін қалпын суреттеуге ұмтылу қажет. Ол суретте заттардың нашар ұйымдасқан түрін көрсететін бақылау нүктесі көрсетілген. Егер де бақылау нүктесін өзгертсек онда натура өзара байланысты тұтас нәрсе ретінде қабылдануы мүмкін.

Пейзаж көрінісі бақылау нүктесін өзгертуге байланысты күрт өзгерістерге ұшырайды. Бірінші суретте ағаштан қыр жағынан алыста көрінсе, басқа нүктеден караған кезде бұйымның түрі өзгеріп, ағаштар үймен үйлесімді көрінеді. Яғни бақылау нүктесін таңдау кезінде кездейсоқтық жағдай болмау керек. Суреттің композициясын туындауда бақылау нүктесін, бұрышын таңдаудың маңызы зор. Егер де бірнеше қолөнер бұйымының бейнесін алдыңғы қатарға орналастырсақ, онда қате болады. Ашық аспап астындағы құбылыс қажетті кеңістікті талап етеді. Сондықтан композициядағы бұйымдардың топтары мен кеңістік тенеліп көрінетін бақылау нүктесін таңдау керек.

Әр сюжет өзін айқындауда өзіне тән қарау нүктесін және ерекше көкжиек сызығын талап етеді. Көз деңгейіндегі көкжиек сурет жайлы байсалды әсерді туғызады. Биік орналасқан көкжиек мол кеңістікке жол ашып, бұйымның мәртебесі биік көрінеді. Қазақтың белгілі суретшісі У. Тансықбаевтың "Іле өзенінің аңғарында", Сахи Романовтың "Копи Капал-Арасан", А.Ғалымбаевтың "Жол", К.Қыстаубаевтың "Туған жер", А.Қастеевтің "Шучье алқабы" – атты шығармаларында көкжиек сызығы жоғары алынған, ол Қазақстан жерінің кең байтақ екенін, табиғат байлығын молынан көрсетуге мүмкіндік береді. Көкжиегі

төмен орналасқан суреттер монументалды әсерді көп туындайды. Төмен бақылау нүктесін суретшілер бейнеленуші нысандардың үлкен көлемін көрсетпек болғанда жиі қолданады. Осындай мысалдаға сүйене отырып колөнер бұйымдарын сауатты түрде жобалау жұмысы өте маңызды орын алады.

§12. КЕСКІНДЕМЕЛІК ШЫҒАРМАДАҒЫ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ

Суреттегі басты мақсат негізгі ойды, идеяны көрсету. Композицияның тұтастығы қосымша түсініктің басты идеяға бағынуына, суреттеменің бір бүтін шығарма бойында үйлесуіне байланысты. Әр бөлшегі – басты ойды дамытуға бағытталуы керек. Негізгі нысан анық көрініп, қосымша, екінші шеңдегі заттар көзге онша ілінбеуі керек.

Суреттегі негізгі қызметті атқарушы нысан оптикалық орталыққа жақын орналасуы керек. Бұл жағдайда, суретті бір карағанда толық көріп, мазмұнын алыс арақашықтықта қабылдауға мүмкіндік береді.

Қоршаған ортаны бақылау кезінде біздің көру қабілетіміз, қарастырылмақ топтан бір нысанды ерекше қабылдауға бейімделген. Ол көру алаңының ортасында орналасып, өзіне көп назар аударта отырып, көзге анық көрінеді. Ал басқа көру орталығынан тыс көру алаңындағы заттар жалпы түрде байқалады. Негізгі қарастырылушы заттың аймағындағы нәрселер басты элементке бағынып, көру алаңына түсетін көріністің барлығы біртұтас, тепе-теңдікте қабылданады.

Суреттің композициялық құрылысы көбінесе көзбен көріп қабылдау ерекшелігіне байланысты. Суреттеме тұтас қабылдануы үшін барлық элементтер басты бейнеге бағынуы керек. Маңыздылығы бірдей бірнеше композициялық орталықтың болуы композицияның тұтастығын, бірлестігін жасайды. Ол көзбен көру өзіндік ерекшелігінің талабына сай болмайды. Суретші сурет бойында бірнеше композициялық орталықты көрсетуі мүмкін, ол мазмұнымен ұштасуы керек.

Суреттің қабылдану әсерінің жүйелі болуы тек қабылдау әсерінің ерекшелігіне ғана емес, сонымен қатар мазмұнының даму

санасына сәйкес болуы керек. Мысалы, М. Кенбаевтың "Шабанның өлеңі" – атты шығармасына мысал келтірсек ең алдымен шабанның бейнесі көзге түседі. Орталық бейнені қабылдаған соң, көрерменнің назары басқа да элементтерге түседі, олардың барлығы басты тақырыпты айқындауға бағытталған. Осының бәрі алдымен суретшінің жобалық заңдылықтарды туындауға әсер беруі тиіс. Сондықтан ең алдымен жобалауға арналған бұйым бірінші қатарда болуы міндет. С.Мамбеевтің "Сіздің қаладағы қыздар" – деген туындысында, көрерменнің назары ең алдымен бірінші қатардағы қыздарға түседі, олардың сұлулығына қызыға отырып, суретшінің шеберлігінің алдында бас иеміз. Адамдардың бейнелерінің пропорциясын дұрыс табу, контрасты қолдану мұның барлығы шығарманың композициялық құрлысын қабылдауға ықпалдайды. Көлемі онша үлкен емес бірақ, мазмұны түсінікті суреттер алыс арақашықтықта да жақсы қабылданады. Сонымен композицияның тұтастығы шығарманың барлық элементтерінің байланысына тәуелді, олар қызмет санасымен анықталады.

Композициялық жанра басты кейіпкерді суреттеу, оны көзге көрінетін орталық жерге орналасуымен ғана шектелмейді, сонымен қатар жазу техникасының қызметі зор болады.

Композициялық орталықты айрықша көрсетуде, суретте шынай көру қабілетін нығайту жарықты көлеңкемен іске асады, және бейнелердің көлемімен, арақашықтығынын көмегімен орындалады?

Суретші сурет бойындағы маңызды элементті түспен, реңмен, детальдарының байқауымен көрсетеді.

§13. АРНАУЛЫ ЖОБАЛАУ КЕЗІНДЕГІ ТЕПЕ-ТЕҢДІК (симметрия. Ассиметрия).

Суретшінің басты мақсаты – гармониялық бірлестікті туындау. Композицияда тепе-теңдік, яғни барлық элементтері өзара келісімде болған кезде ғана шығарманың тұтастығына қол жеткізуге болады. Тепе-теңдік пропорцияланудың көмегімен орындалады. Баланстанған композиция тұтастық, анық сезімді тудырып, оңай және жеңіл қабылданады. Пропорционалды қатысы табылмаған қатынас, тұрақсыз, тең емес, кез келген сәтте қирап калатын сезімін тудырады. Тепе-теңдіктің қалайда бұзылуы композицияны күрделендіріп, дисгармонияға әкеліп тірейді.

Симметрия. Адам симметрияны табиғаттағы тәртіпті көрсетуші деп түсінеді. "Заңдылықты қабылдау әрқашанда қанағаттандыруды тудырып, сенімділік пен сергек көңіл күйді білдіреді. Тәртіп ойды босатады", - деп жазған француз математигі және философы Рене Декарт. Дәл осындай пікірді біздің ғасырдың архитекторы Ле Корбюзьеде білдірген: "Адамға тәртіп қажет, ол болмаса адамның неғұрлым мінсіз болса, адам солғұрлым өзін сенімді сезінеді. Тәртіпке сүйене отырып ол алуан түрлі құрылымдарды орындайды мұның барлығы психиканың сұранысы – творчестволық процесс. Творчество – тәртіптелу акті".

Басқа жағынан қарайтын болсақ, сұлулықты тек симметрияға тіркеу оның ішкі мазмұнының байлығын шектейді. Қарама-қарсылықты қолдану арқылы сұлулыққа қол жеткізуге болады, яғни ғажайып нәрсенің мәнісін симметриямен оған қарама-қарсы асимметрияның бірлестігімен анықтаймыз. Адам абсолюттік тәртіппен, шашыраған тәртіпсіздікке бірдей ұмтылады. Композицияның беделдігін арттыру үшін асимметрияны жиі қолданады.

Симметриялық композицияда асимметрияның бастамасы, контрасты түсті дақтарды, бейнелерді енгізуден басталады. Асимметрия симметрияға негізделетінін әрқашанда есте сақтаған жөн. Сонымен, симметрия мен асимметрия бейнені құраушы, өзара байланысты, өзара толықтырушы композициялық тәсіл болып табылады. Симметрияны адам, тыныштық белгісі, статика, зандылық ретінде қабылдаса, асимметрия кездейсоқтықты, бостандықты, қозғалысты, динамиканы білдіреді. Егер композицияның тәртібі сауатты шешім жағдайында бұзылса, онда ол көркемдік бірлестікке қолжеткізуге кедергі болмайды.

Егер де қағаздың беті суреттелген нысандармен әркелкі толтырылса, сурет жазықтықтың бір шетіне ығыстырылып, бір бөлігі ауыр болып қабылданса ол тепе-теңдікті бұзады. Мұндай көрініс біздің көріп қабылдау қабілетімізге қайшы келіп, нашар ұйымдасқан болып сезіледі.

Қоршаған ортаның заттарына караған кезде, көру алаңындағы заттар біркелкі орналасқанын байқаймыз. Оптикалық орталық шамамен ортасында орналасқан. Осыған сәйкес композициядағы заттар орындарын тауып, композициялық орталық орнатылады. Композициялық орталық геометриялық орталықпен сәйкес келмеуі мүмкін. Суреттеменің орталық нысаны тым ығыстыру немесе бір топ заттарды кейін сырғыту, суреттің бір бөлігін ауырлатып екінші жағында бос көріністі қалдырады.

Композициядағы тепе-теңдікке қолжеткізу үшін элементтерді сурет жазықтығының оң және сол жағында, жоғарғы және төмен бөлігі де біркелкі орналасуына ерекше көңіл бөлу керек. Бірақ жазықтықты екіге бөлуден (горизонталь немесе вертикаль бойынша) алыс болу керек.

Суреттегі көкжиек суретінің горизонтальды ортасына түйіспеуі керек және орталық вертикальға ірі нысандар түспегені жөн. Алайда барлық сурет ені өз бетінше орналасқан бөліктерге бөлінеді.

Суреттің тепе-теңдігі дәл геометриялық симметрияны

білдірмейді. Егер композициялық орталық, басты кейіпкер суреттің дәл ортасында орналасса сурет сүйкімсіз көрінеді. Оны ортадан сәл ығыстырған дұрыс. Сонымен қатар суреттің салмақтылығында заттардың көлемімен қатар, рені мен түсінің қызметі зор.

Бақылау сұрақтары:

1. *Композиция деген сөз нені білдіреді?*
2. *Кескіндемедегі түстік ритмнің мәнісін түсіндіріңіз?*
3. *Кескіндемедегі колориттің орны қандай?*
4. *Композициядағы пропорцияның ролі қандай?*
5. *Композицияның негізгі көркемдік тәсілдерін атаңыз?*
6. *Кескіндемелік композицияда қандай контрастар болады?*
7. *Нюанс дегеніміз не?*
8. *Симметрияға қарама-қарсы тәсіл қалай аталады?*
9. *Нюансқа қарама-қарсы тәсілді ата?*
10. *Динамикаға қарама-қарсы тәсіл қалай аталады?*

Тәжірибелі тапсырма:

1. *Түстік ритмді суреттеуге арналған композицияларды орындау:*

2. *а) горизонталь бойынша;*
3. *б) вертикаль бойынша;*
4. *в) диагональ бойынша.*
5. *Түстік контрасты көрсетуге арналған композиция*

орындау.

6. *Түстік тепе-теңдікті білдіретін композицияны орындау.*

§14. НАҚТЫЛЫ БЕЙНЕ АРҚЫЛЫ СУРЕТ САЛУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ.

Көркем бейнелеу өнерінде шындықты айқындау, айналай көшіру емес. Суретші фотографиялық аппарат емес. Өмірді суреттеу кезінде, суретші қоршаған ортаны жай ғана көшірмейді. Өнердегі шындық – адам айқындайтын нақты жағдай. шындықтың өзі емес. Шындықты шынайы суреттеуде суретші көзқарасының маңызы зор, сонымен қатар өмірге терең ену, қоғамдық процестерді толық түсіну және оларды өзара жалпылау.

Суретші әркашанда көркем, бақылаған нәрсенің мағынасын. табиғатын түсінуге тырысып, оған шексіз тандау жүргізіп. бейнелердің бойында өзінің пікірін суреттеп, қарым-қатынасын білдіреді. Шығармашылық процестің негізі әрбір суретшінің көзқарасына негізделген. Натюрморт, портрет, пейзаж, жанрлы суреттерді суретші әркашан олардың мағынасын, сюжетін, композициясын ойластырып, шығармасының ең жақсы шешімін іздестіреді.

Тіпті бұрынғы заманнан біздің уақытқа жеткен ежелгі көріністер өмір құбымыстарын жалпылайды. Олардың бойында нысанның көшірмесін салуға ұмтылысы болмайды. суретшілер мәні аз фактілерден гөрі қажетті, мінездемелі, маңызды түрлерді таңдайды. Леонардо да Винчи шындықты көзді жұмып көшіру жайлы былай деп жазған: "Көз ойлауы мен тәжірибеге жүгініп, ойланбай көшіруші кескіндемеші, айнаға ұқсайды, ол заттарды түсінбей айқындайды". Мүсінші Роден өзінің шығармашылығы жайлы былай деген: "Жапсырма тек сыртқы дүниені көрсетеді, ал мен рухани дүниені сездіремін, ол да табиғаттың бір бөлігі. Мен көз көрген табиғатты ғана емес, бар шындыққа қол жеткізем. Көңіл-күйді көп білдіретін шетін сызып көрсетем. Мен табиғатымды өзгерткен жоқпын".

Мағынаның өмірлігі мен шыншылдығы – ол суреттердегі бейнелердің бейнеленуші құбылыстардың табиғатына сәйкес болуы. Шыншыл көрініс бейнеленуші нысандар мен жағдайлардың мінездемесін көрсетуден тұрады. Әр затқа, нысанға немесе шындық құбылысына белгілі бір белгілер, мінездемелі ерекшеліктер тән. Нақ солар бейнелеу нысандары болып табылады. Пейзажда суретші көзге көрінген заттардың сыртқы түрін айнытпай көрсетуге ұмтылмай, оны негізгі қызықтырған, әсерлі сезімді тудырушыны суреттеуге тырысады. Суретші табиғатты голық шыншыл бейнелеп, қуаныш тудырған мәніне көп көңіл бөледі. Қандай да бір портретті салған кезде суретші сыртқы ұқсастықтарымен қатар, ішкі психологиялық ерекшеліктерді суреттеуге тырысады. Шын суретшінің шығармашылығы шындыққа бата білу және одан терең шындықты шығара білу қабілетінен тұрады. Көркем бейне ең алдымен шындықпен сендіреді. Оның көркемдігі құбылыстың мәнісіне, адамдардың мінезіне терең енумен анықталады. Кескіндемедегі көркем бейненің абыройлығы тек маңызды және мінезді қасиетінің болуымен ғана анықталмайды, сонымен қатар көріністік бойында суретшінің қандай да бір көркем идеяны айқындауына байланысты.

Суретте терең ойлардың, өмір жайлы толғаныстардың, адамдардың мінез-құлқының болуы эстетикалы терең сезімдерді тудырады. Әр кезде де суретші сурет арқылы өзінің өмір туралы түсінігін көрсетуге тырысады. Егер де суреттің идеялары саяз және сұр болса, сондай-ақ қоршаған ортаға жана көзқараспен қарауға итермелейтін қабілетінің болмаған жағдайында – көрерменнің эмоционалдык үндесуі әлсіз болады. Кескіндеме адамдардың сезімімен ойларын көрсетуі тиіс, сонымен қатар адамдардың арасындағы күрделі және жіңішке қарым-қатынастарды айқындап, нақты кезеңдегі құбылыстардың көрсеткіші болуы керек.

Терең және шынайы ойлар, адам мен табиғатқа деген сүйіспеншілікпен қарастырылған өмірлік мәселелер адамның

жүрегімен санасын қоректендіреді. И.Е. Релин - "Идеясыз ұлы көркемдік шығарманың болуы мүмкін емес" – деген. Алуан түрлі заттармен өмірлік құбылыстардың эстетикалық байлығын айқындау үшін, көркем бейнелеу өнерінің шығармасы өзінің мазмұны бойынша және айқындау түрі бойынша нақты дүниенің көріну қорытындысы болуы тиіс.

Кескіндемелік шеберлікті құраушы элементтердің (заттардың пластикалық көлемдерінен колритына дейін) объективті шығу тегі бар. Кескіндемеге тән ғана адамның көру қабілеті арқылы қабылданатын құбылыстар мен заттар бейнелерімен қолданады. Өмір құбылыстарын айқындауға әр қашанда шынайы, нақтылы көрнекіліктер керек. Нақты заттармен ұқсастығы, түрлі түстік нақтылығы – міне осындай жағдайларда бояулар эстетикалық эмоцияны тудырады. Нысандар мен заттардың шынайы көрінісі табылмағанынша көркем бейнені туындауға немесе басқа мазмұнның туындауы мүмкін емес.

Кескіндемелік суреттеме жорамал белгі немесе символ бола алмайды. Станкілі кескіндемедегі көркем бейне дегеніміз – алаңдаушы түсінік емес, ал заттардың нақты ұқсастығы. Суреттің эмоционалдық әсері табиғатты көріп қабылдаумен, нақты дүниені сезіне білумен байланысты. Заттар дүниесімен байланысты ассоциативті елестерінің байлығына сүйене отырып, кескіндеме көрерменді белгілі бір адам толғаныстарының жүйесіне ендіреді. Адам дүниені көзге көрінетін бейнелер арқылы танып сезінеді.

Ой қызметін таныс заттардың, нақты қасиеттердің және қатынастардың көмегімен өрістетуге болады. Көру сезімдері табиғатты эстетикалық қабылдаудың және танудың негізгі бұлағы. Заттын түрі нысан жайлы біртұтас және толық мінездемені береді, көзге көрінетін бейне арқылы заттардың мәнісі мен мазмұнын, өмірдегі қызметін анықтаймыз.

§15. СУРЕТШІНІҢ КӨРЕРМЕНГЕ БЕРЕР ӘСЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ.

Тарихи даму процессіне байланысты біздің түсініктеріміз бен эмоцияларымыз заттық дүниемен, оның ішкі және сыртқы қасиеттерімен тығыз байланысты болған. Адамзат кішкентай жастарынан бастап, нақты ойлар мен және сезімдермен ассоциацияланатын, көзге көрінетін әсерлер мен елестерді жинақтайды.

Суреттемеде бейнеленген көзге көрінетін дүниенің нақты қасиеттері мен сапаларына байланысты сезімдер мен толғаныстар туындайды. Егер де оқушы-жастар өзінің басынан өткізген табиғат құбылысын бейнеленген суретте көрсе, онда ол бұл көріністі тез қабылдап суретшінің ойын тез түсінеді. Мысалы пейзаж жанрында нысандардың шынайы бейнеленуінің арқасында, олардың құралдығын, ауалық жұмсақтығын, жарық пен түстің табиғи ойының бәрін суретші көзге көрінетін әсерлермен анық көрсетеді, олар: таңғы аспанның бояуларын, жасыл жапырақтардың бетіндегі жарық пен көлеңкенің орны т.б..

Мұндай көріністер оқушы-жастарға қандай да бір құбылысты тануға мүмкіндік беріп, ұмытылған әсерлерді еске түсіреді және ассоциациялық елестерді тудырады. Оқушы-жастар танертеңгі салкынды және танатардағы дыбысты жақсы сезінеді. Осы ассоциациялық байлықта шығарманың эмоционалды күші және көріктігі тұжырымдалады. Адамның ішкі дүниесінің байлығы, ішкі мінездемені сыртқы пішіні бойынша бағалаудың көмегімен тану қабілеті арқылы айқындалады. Сыртқы пішіні, заттық бейненің пластинкасы бойынша әрқашанда ішкі мазмұны мөлдіреп көрінеді: мінезінің түрі, икемділігі, адамның психологиялық дүниесі. Сыртқы бейнесі қимылы, портрет көзінің лебізі бойынша адамның көңіл-күйі танылып ішкі жағдайы сезіледі. Адамды суреттеу кезінде

суретші сыртқы келбеті арқылы ішкі жан дүниесін нақты көрсетуге тырысады, Леонардо да Винчи былай деген: "Суреттер немесе бейнеленген денелер көрерменге көріністегі қимылы мен қалпы бойынша жан дүниесін, жағдайын бірден сездіретіндей болуы керек". Кескіндемедегі көріктіктің негізі ол көрерменнің тәжірибесімен нақты бет бұру және ассоциация, елес ойларды туындау қабілетіне байланысты.

Кескіндемелік көріністің міндетті түрдегі сапасы – суретті көру арқылы, дүниені сезіну, оған сіңу мүмкіндігінің болуында. Егер де суретшінің шығармасы терең сезімдерді тудырмаса, оның бойындағы көркем бейне нақты түрде көрінбесе, онда суретші қандай терең ойды, көкейкесті мәселені көтермегеніне карамастан шығармасы көріксіз болады, өйткені көркем бейне схема немесе нысанның абстрактты айқындалған мазмұны емес. Бейненің көзге көрінетін шыншылдығы оның ажырамас бөлігі болып табылады. Оның көмегісіз суретші көрерменмен байланысты бекітуге өзінің ойымен сезімін айтуға күш-қуаты жетпейді. Б. Иогансон өзінің өнер жайлы жазба жұмыстарында былай деп жазған: "Олардың ішінде кескіндемелік нағыз шеберлікке тек бояу құрамына тірі дүниені және дененің қанымен, жанды жан дүниені еріте алатын қабілеті барлар ғана ие болады."

И.Н. Крамской өзінің хаттарында "Идеясыз өнер жоқ, сонымен қатар кескіндемесіз жанды және көрікті суреттің жоқтығына, тек жақсы бет алыс бар деген пікірге көп көңіл бөлген, кескіндемеде кез келген идея көзге көрінетін бейне ретінде қабылданады" – деген. Мысалы адамзаттың толғаныстарының күрделі екенін көрсету үшін құралды бейнеден қолайлы айқындау тәсілдерін табу қиын. Суреттемеде бейнеленуші заттың нақты табиғаты жойылса, онда кескіндеме өмір шындығын, сонымен қатар көркемдік көріктігін жоғалтады. Сондықтан шынайы бейнелеу талабы кескіндемедегі реализм шарты болып қалады. Бұл өзіндікті бұзу, кескіндемені жорамал, схемалы немесе абстракциялы сызықты және бояу

үйлесімдеріне айналдыру жеміссіз, және ешқашанда дұрыс қорытындыға әкелмейді.

Кескіндеме тілі суреттеу тілі сияқты туындаған. Сурет пен кескіндеме адамның алуан түрлі бояуы бар қоршаған ортаға қызығуынан дамыған. және біздің өміріміздегі заттардың түріне, көзге көрінетін бейнесінен қоректенген. Суретші — кескіндемешілердің көп ғасырлы тәжірибесінен, нақты шындылықтың шынайы көрінуі кескіндемелік сауаттың негізі болып табылады деген тұжырымға келуге болады. Кескіндемелік шеберліктің мәнісін зерттеген Ежелгі Грек ағартушысы Аристотель "Табиғи бейнелерге еліктеуді көркем бейнелеу өнеріне қол жеткізудегі саты деп мойындаған". Леонардо да Винчидің пікірінше "Кескіндеме табиғаттың заңды қызығы болып табылады" деген Француз суретшісі Шарден "Мен бояуды бір-біріне ұқсамағанынша жағамын" деген. Роден де кескіндемелік сауатты игеру үшін табиғатқа еліктеп көшіруге шақырған. Өнер тарихында қоршаған дүниені шынайы бейнелеу тәсілдерін пысықтамаған кезең болмаған. Перспективаны ашу мен анатомияны зерттеу қайта жаңғыру кезеңіндегі творчествоның гүлденуіне көмектескен. Жарықты көлеңке заңдылықтарына көңіл болу барокко өнеріне ерекше поэтиканы таныған. Күн шуақты палитра ХІХ ғ., орыс суретшілеріне тән: И.Е. Репин, В.Д. Поленова, И.И. Левитана, В.И. Коровина, Серова. ХХ ғ. Қазақ суретшілері: А.Кастеев, Тансықбаев, Тельжанов, Исмаилова, Кекбаев, Мамбесев және т.б. осылай ғасырлар бойы шынайы көркем бейнелеу өнерінің шынайы тілі пысықталып келеді.

Қазақстандық шынайы кескіндеме мектебі адамзаттың сезімі мен санасының талаптарына жауап бере отырып, қоршаған ортаның жан-жақты қабылдану және көлемді бейнені толық көрсетуге, құралдыққа, жарық пен ауалық ортаға негізделеді. Көрермен Кенбаев, Телжанов, Исмаиловтардың шығармаларында адамдар мен заттардың, олардың киімдері мен денелерінің белгілі бір ортада

болуын көрсетіп, белгілі жарықтық жағдайды сездіреді. Колориттің гармониялық тұтастығы өзара байланысты жалпы жарықтың сипатымен шағылысуынан құрылады. Болған құбылыстың көрінісін қайта жаңғырту, құралды кескіндемелік пластинка, адамдардың терең психологиялық мінездемесі арқылы суретші казактардың бет-әлпеттерінің сұлулығын, көне киімдерді, сол кезеңдегі казактардың рухын көрсеткен.

Әр кезеңдегі ұлы кескіндемешілердің өмірімен, творчествосымен ұстаздық қызметімен танысатын болсақ, онда тек тиянақты, ойланып істелген жұмыстардың көмегімен суретте творчестволық қызметтің орындалғаны байқалады. Олардың көп санды айтылулары табиғатқа деген берілушіліктің куәсі. Олар жас суретшілерге натураны бар мүмкіндігінше дұрыс зерттеп, оны арқашан байқап отырып суреттеу керек деген кеңес берген. Сонымен қатар ұлы суретшілер бір ауыздан, суретші өзінің ойын, сезімін көрерменге жеткізу үшін кескіндемелік сауатты меңгеруі керек деген пікірді айтқан. Өйткені осы сауат өмір танудың және оның мәнісін шынайы бейнелеудің бастапқы нүктесі болып табылады.

Рембран суретшілерге мынандай кеңес берген: "Ең алдымен бай табиғатқа еліктеп, одан көзіне түскен нәрсені бейнелеуді үйрен. Аспан, жер, тау, жануарлар, адамдар – осының бәрі жаттығу үшін қызмет атқарады". Постав Еурбе өзінің шығармашылық сапарының соңында "Кескіндеме шын мәнінде нақты өнер және нақты заттарды суреттеуден құралады" – деген пікірге келген. "Бұл нақты физикалық тіл, ол сөз ретінде көзге көрінетін заттарды қолданады. Көзге көрінбейтін, жоқ, абстракциялы зат кескіндеме аймағына жатпайды" – деген мағлұмат береді. Натураны бейнелеу қабілетін В. Верещагин грамматика деп атаған, оның көмегінсіз өнердегі ұмтылыстардың барлығы жас сәбидің ойына ұқсайды" – деген. Тек қана теоретикалық білімдермен қаруланып және тәжірибелі қабілетті игере отырып нағыз суретші өз жұмысының шебері бола

алады. Репин өзінің шәкірттерін ең жақсы ұстаз және суретші ол табиғат екенін әркашан да естеріне салып отырған. Натураны суреттеуде көркем бейнелеу сауатына мойын бұрмағандарға Репин былай деген: "Натурадан карап салынған этюд катаң және тиянақты қызметті талап етеді, затты бейнелеген кезде мұқият пысықтау керек яғни натураны тануды байытып, есте сақтау керек".

Жазықтық бетінде көзге көрінетін натураны үш өлшемді бейнесін көрсете білу шынайы кескіндеменің өзіндік сауатын құрайды. Суретші осы сауатты, музыкантпен жазушы тілді немесе нота сауатын меңгергендей меңгеруі керек. Мұндай шеберлік натурадан карап салынған жаптыгуларда қалыптасады. Тек кана натурадан салынған суретте перспектива, жарық пен көлеңке, рен, түстердің колористік үйлесу заңдылықтарын үйренуге болады. Шынай кескіндеменің ерекшелігі, творчестваның негізінде нақты шындылықтың болуында, ал суретшінің ойы мен сезімін сездіру бейнелі түрде нақты нысандарды суреттеуден тұрады. Ішкі, сыртқы, идеялық, көріктік бірлестік кескіндеменің маңызды құрамын құрайды. Творчестваның осы екі жағын қалай айқындап, қалай суреттеу керек. Егер суретті осы екі талаптың біреуін ескермесе кескіндеме жойылады. Ол формализмнің бір түріне бет бұрады. Натурализмге немесе абстракционизмге. Натураға құлшылықпен бағыну натурализмге әкеліп соғады. Кейде мұндай суретшінің елесті шеберлігі оқушы-жастардың қызығушылығын тудырады, өйткені оқушы-жастардың қоршаған ортаның айнадай шағылысу ұсталығы таң қалдыруы мүмкін.

Әр түрлі жанрлар мен алуан түрлі өнерлердің бірігіп қызмет етуі – табиғи құбылыс, бірақ әр қайсысының өзіндік ерекшелігі сақталып қалады. Станкілі кескіндеме монументальды және әсемдік кескіндемелердің тәсілдерімен қаншалықты байытылмағанына қарамастан өзінің кескіндемелік тәсілдерді толық дәрежеде қолданатын ерекше тілін жоғалтпау керек. Егер де әсемдік немесе монументалдық сипаттары қоршаған ортаның түстік байлығын

кабылдаумен ешқандай байланысы болмаса, ал өмір тереңдігіне бату және табиғаттың байлығы тек бояулардың белсенділігімен көрсетілсе, онда сурет примитивті және схемалы болып көрінеді. Ол өнер тарихының мыңдаған ғасырлар бойы жинақтаған көркем бейнелеу әдістерін жояды. Кейде тәжірибесі аз суретшілер натураны сауатсыз бейнелеген іс-әрекеттерін "Мен осылай көремін" – деген сөздермен ақтағылары келеді. Нақты жағдайда барлық адамдар заттардың түстерін бірдей дұрыс көреді. Осы жағдайды дәлелдейтін мынандай құбылыс бар, бірнеше суретшілерге бір суреттің көшірмесін салу ұсынылады, қорытындысында бір-бірінен ажырату, қиындыққа түсетін бір қатар суреттер пайда болған. Егерде онша байқамайтын айырмашылық болса да, ол суретшілердің бояуларды әр түрлі көру салдарынан емес, ал бояуларды механикалы араластыру тәсілдерінің этюдті жылы гаммада орындалса, екіншісінің жұмысы суық сипатты болуы мүмкін. Бірақ, түсті әр түрлі қабылдау қабілетінің ешқандай қатысы жоқ. Суретті көшіру жұмыстарын орындағандай табиғаттың түстерін тесіле бейнелемейді, сондықтан натураның түстік қатынастарын бояулардың басқа диапазонына ауыстырады. Бірдей жұмысты орындай отырып, суретшілер әр түрлі түстік және ренді масштабтардан бастаулары мүмкін. Түстер қатынастарын дұрыс көрсеткенімен олар әр түрлі диапазонда болады, яғни біреулері ашыққау, басқалары күңгірт түсті, суық, жылы сипаттарды қолданады. Колориттің көркем бейнелеу мәнісінің схемалы болуы – станкілі кескіндеме үшін үлкен қателік. Суретші табиғаттың бояуларын механикалы бейнелеуге міндетті емес, ол оған ерікті қарауға құқықты. Суреттен, нақты колористік ерекшеліктерден сызықты немесе ашық әсемдеушілік жағына ауытқу, станкілі кескіндеменің өзіндік ерекшеліктеріне алыстап, көркем тәсілдердің жойылуына әкеліп соғады. Жергілікті түстік кескіндеме нақты кеңістікті ортаны және бояулардың табиғи гармониясын жоғалтады.

Жоғарыда айтылып кеткен жағдайлар кейбір көркем бейнелеу өнерлерінің әсемдеу, жорамалдау, символдау құқығын жоққа шығармайды, олардың өмір санасымен тығыз байланысып суреттеу тәсілдерін байытып жалпылауға мүмкіндік береді. Ал станкілі кескіндеменің өзінде олар нақты шындықты терең көрсету үшін жиі қолданылады. Ұлы реалист-суретшілер кескіндемедегі әсемдеушілікті, жарық түсті бояулар емес, натуранын түстік қатынастарын жалпылап көрсеткен түстік шешімдердің қарапайымдылығы деп түсінген.

Композициялық құрылудың саналы қарапайымдығы, бейнелер мен түстердің үлкен силуэт және ірі дақ болып орналасуы, композицияға ерекше көріктілік қасиетін береді. Суреттегі әсемдеушілік дегеніміз – тұтастық әсерін бұзатын алақ-жолақ түстерден ашшақ болып, үлкен және кіші дақтарды дұрыс жайғастыру. Мұндай әсемдеушілік оқушы-жастардың қабылдау қабілетін бір қарағанда-ақ ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Суретші өзінің творчествосында нақты шындылықпен байланыстырған болса, өмір құбылыстарын көріп, оны мұқият зерттей алатын болса, онда ол жана өмірді аңады, өзінің суреттерінде шындық түсінігін тереңірек көрсетіп, табиғаттың сұлулығы айқындайды деуге болады. Көркем жана идеяларды, сюжеттерді, жана тақырыптарды өмір ғана береді.

Объективтік ақиқат және мағыналық – міне осы жағдайлар ғана суреттемеге дара түрде қараған кездегі жалғыз құнды талап болып есептеледі. Суреттелген нысанның мәніне терең ену, дүниені ерекше қабылдау құндылығын анықтайды.

Кескіндеме және сурет бойынша мол тәжірибенің қалыптасуы көркем бейнелеу өнерінің шығармасын неғұрлым жақсы игерсе, солғұрлым оның көрікті тәсілдерін дұрыс қолдана отырып, көркем шығарманы эмоционалды қабылдауы артып, тақырыптар мен идеяларды, сюжет пен сурет бейнелерін сезініп тереңірек талдай алады.

Сурет және кескіндемемен шұғылдану шыныққан көз үшін табиғаттың бай бейнелері мен түстерін анық көру мүмкіндігі. Натураны шынайы бейнелеу суретшінің шеберлігі өрлей береді. Оны бейнелеу барысында композициялық орналасуын, заңтың көлемді бейнесін кез келген масштабта барлық перспективалық талаптарды сақтай отырып, жарықты, көлеңкелі және түстік катынастарды көру қабілетін дамытуға болады. Суретші этюдтік жұмыстарды көп орындаған сайын бояулармен бейнелердің үйлесімін, колорит сезімін арттыра түседі. Натураны сезіне білу сезімі дамыған кезде ғана және мол жаттығулардың қорытындысында суреттемеге творчествовалы қарауға болады.

Көне замандағы суретшілер мен ұстаздар натурадан салынған суретті көркем бейнелеу өнерінің негізі деп қараған. Грецияда біздің ғасырға дейінгі 400 жыл бұрын сурет салуды үйрететін алуан түрлі мектепшеберханалары болған. Онер тарихының кейінгі даму кезеңдерінде де натурадан сурет салу суретшілерді дайындау саласындағы ең маңызды оқуәдістемесі болған.

Леонардо да Винчидің өсиеттеген нақыл сөздерімен қорытындылаймыз. *Бірінші нақыл сөз.* "Күмәнданбайтын кескіндемеші көп нәрсеге қол жеткізеді. Шығарма туындаушының ой-пікірінен асып кетсе, онда мұнда суретші аз нәрсеге ие болады, ал ой-пікір шығармадан басым болса, онда мұндай шығарманың өрістеп жетілуі шексіз, егер де қолтарлық кедергі жасамаса". "Өзін-өзі табиғаттың барлық бейнелерімен құбылысын өз бойымда, есте сақтай аламын деп сендірегің шебер, менің көзіме ұлы сынайылықпен әсемделген адам ретінде көрінетін еді, өйткені құбылыс деген заттардың көптігі соншалық, оның барлығы біздің есімізге сыйуы мүмкін емес. Сондықтан сенің кескіндемең байлыққа қызығушылық, сенің бойыңды, өнер арыны асып кетпесін, өйткені арды табу, ақша табудан көп маңызды".

Екінші нақыл сөз. Кескіндемешінің акынмен, музыкантшымен, мүсіншімен айтысы. "Жазушыларда кескіндемелерде ғылым бойынша ешқандай мәліметтер болмағандықтан, олар оның ешқандай бөлігін, бөлімдерін суреттей алмаған; оның өзі өзінің соңғы мақсатын сөз деп түсінбейді, жоғарыда аталып кеткен ғылымдардан надандықтың салдарынан қалып қалған, бірақ өзінің құдайшылдығын жоғалтпаған. Ол табиғаттың мінсіз туындысы ретінде өзін-өзі басқа тілдердің көмегінсіз асылдатқан. Егер кескіндемешілер ол туралы жазбай оны ғылымдар қатарына қоспаса, және аздаған кескіндемешілер ғана кәсіби әдебиетшілер болатындығынан (өйткені адамның өмірі барлығын үйренуге жетпейді) оның жомарттығы кемімейді. Біз тастың, шөптің, ағаштардың қасиеттерін білмегендіктен жоқ деп айта алмаймыз. Әрине айта алмаймыз. Бірақ, шөптер өз бетінше адамның көмегінсіз-ақ, адамның тілімен жазусыз-ақ құдайшыл деп дәл айта аламыз".

Үшінші нақыл сөз. "Жемісін жария етуге мүмкіндік беретін ғылым пайдалы және керісінше жария етуге бой бермейтін ғылымның пайдасы аз".

Кескіндеме өзінің соңғы қорытындыларын дүние жүзіндегі барлық түлектерге жария ететін мүмкіндігі жоқ, өйткені оның соңғы қорытындысы қору қабілеті болып табылады. Сондықтан ол жазу сияқты неше түрлі тілдердің көмегін қажет етпейді, адамзатты табиғат туындылары сияқты қанағаттандырады. Тек қапа адамзатты емес, сонымен қатар жануарлардың да мұндай көрінісі бір суретте көрсетілген: жанұяның әкесіне жас сәбилермен қатар осы үйде өмір сүретін мысық пен итте еркелеген қызықты шығарма.

Кескіндеме сезімге әріппен сөзден төрі табиғат туындыларын үлкен шыншылдықпен сездіреді, бірақ әріптер сөзді кескіндемеге қарағанда жоғары шынайылықпен көрсетеді. Табиғат шығармасы білдіретін ғылымның шығармасына қарағанда таң қаларлықтай деп айтамыз. Яғни адамның қолынан шыққан сөз, поэзия (адам тілі арқылы өтетіндер) сияқты".

Төртінші нақыл сөз. "Еліктеуге мүмкіндік беретін ғылымдар, яғни оны үйреніп, игеріп алып оқушы туындаушымен теңеліп, өзі де жеміс шығаратын түрлері еліктеушіге пайдалы болады. Бірақ, олар басқа мұра ретінде қалдырылған құралдық рахат болмайтындары сияқты әсем емес. Олардың ішінде кескіндеме бірінші орында тұр. Математикалық ғылымдар сияқты мұғалім қанша оқытса, соншаны игере алатын табиғи қабілеті бар адамды кескіндемеге үйретуге болмайды. Оның көшірмесі оригиналы секілді құнды болып келетін жазу ретінде көшіріп алмайсыз. Оны мүсіндер сияқты шығармашылық құндылығы оригиналымен бірдей жапсырмасының ізін ала алмайсыз; ол баспа кітаптарындай, шексіз балалардың жемісі емес. Ол әр қашанда жомарт болып қалады, ол өзін тыңдаушыға атақ алып келіп, әр кезде де жалғыз дана болып өзіне тең бала тудырмайды. Дәл осы ерекшелігі оны басқа өзін-өзі әр жерде жария етіп жүрген ғылымдардан жоғары етеді.

Біз Шығыс хандарының өздерін жабық, тұйық ұстайтындарын көрмей отырмыз ба? Олар тым жария етуден атак данқы азайып қалады деп ойлайды.

Біз құдайды бейнелеуші суреттердің бетін әрқашан ұлы құндылық жауып тұрғанын байқамаймыз ба? Және олардың ашылуы туралы жария етілгенде әртүрлі өлеңдермен және музыкамен қошапеттенген шіркеулік жиындардан басталады. Сонымен қатар мыңдаған адамдар суретте бейнелеушіге қарап табынып, бастарын жерге тигенше еңкейтіп мәңгілік құтқарушылықты жоғалтқан ден-саулықты қайтаруды жалынып сұрайды.

Мұндай жағдай ғылымның немесе адам туындаған шығармалардың ешқайсысында кездеспейді, егер де сіз бұл кескіндемешінің еңбегі емес десеніз, онда адамдар төсектен тұрмай жатып, қажылыққа қиын жолдармен жеткен болар еді. Егер қажылық әр кезде өмір сүрсе, онда кім оған итермелейді? Әрине мұның бәрін жазып айтуға болмайтын бейне істейтінін іштей сезінесің, өйткені бұл құдайды қажетті дәрежеде бейнелеуге болмайды. Сондықтан құдайдың өзі осындай суреттерді жақсы көреді және осы суретті сүйгенді сүйеді, және құлшылдықты өзінің осындай түрінде қабылдағанда жақсы көреді оның нәтижесінде, жарылқап, бостандық береді – деген осы жерге жиналушылар".

Бесінші нақыл сөз. Кескіндеме табиғат туындаған барлық заттардың денесімен беттерінің түсіне тарайды, ал философия осы денелердің ішіне еніп, олардың бойында өзінің қасиеттерін қарастырады. Бірақ ол кескіндемеші қол жеткізген шыншылдықты қанағаттандырмайды, өйткені оның суреттеген дененің алғашқы шынайы көрінісін құшағына алған көздің санадан гөрі аз қателесетініне байланысты. Егер де сіз барлық көзге көрінетін табиғатқа жалғыз еліктеуші кескіндемені ескермесеңіз онда сіз жіңішке өнерпазды елемегеніңіз, ол философиялық нәзір ойларға бейнесің барлық саласын қарастырады: теңіз, жердің беті, ағаштар.

жануарлар, шөп, гүл барлық және табиғаттың заңды қызығы, өйткені ол табиғатпен туындалған. Бірақ ойымызды дұрыс айту үшін табиғаттың немере қызы дейміз, өйткені барлық көзге көрінетін заттар табиғатпен туындап ол хаттардан кескінделе шыққан. Сондықтан, біз оны табиғаттың немере қызығы және құдайдың туындысы дейміз".

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Гегель Г.В.Ф. "Эстетика". Т.3. 237.
2. Зайцев А. "Композиция" 1986. 88 бет.
3. Леонардо да Винчи "Книга о живописи" ст. 148.
4. Тандаулы шығармалар. 2-ші том. Санк-Петербург. "Издательский дом "Нива", Москва, "Олма-Пресс" баспасы, 1999 ж.
5. Грегори Р.Л. "Газ и мозг". Психология зрительного восприятия. М., 1970. С.203.
6. Б.Сарыбаев "Қазақтың музыкалық аспаптары" Алматы. "Өнер" 1981.
7. Х.Арғынбаев. "Қазақ халқының колөнері" Алматы. Өнер 1986 ж.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
§1. Жобалаудағы сурет және сурет салу жайлы жалпы түсінік.....	5
§2. Жобалаудағы шығармашылықтың негізі.....	8
§3. Жобалау суретіндегі үйлесімділік.....	12
§4. Жобалау жұмысындағы түзу және қисық сызықтарды салу.....	15
§5. Жобалаудағы оптикалық елестер.....	18
§6. Жалпак және геометриялық бұйымдардың перспективалық бейнеленуі.....	20
§7. Горизонталды және вертикалды жағдайдағы цилиндрлі бұйымдарды жобалау.....	24
§8. Көпқырлы призманы және пирамиданы жобалау арқылы құрастыру.....	27
§9. Жобалаудағы түстің символикасы.....	30
§10. Жобалау кезіндегі көздің сезімталдығы.....	34
§11. Қолөнердегі композициялық суреттеменің көлемі.....	59
§12. Кескіндемелік шығармадағы композициялық орталық.....	62
§13. Арнаулы жобалау кезіндегі тепе-теңдік (симметрия. Ассиметрия).....	64
§14. Нақтылы бейне арқылы сурет салу заңдылықтары.....	67
§15. Суретшінің көрерменге берер әсерінің маңызы.....	70
Қорытынды.....	78
Пайдаланылған әдебиеттер.....	82

Адамқұлов Н.М., Тұрдығұлов Ж.А.

ҚОЛӨНЕР БҰЙЫМДАРЫН ЖОБАЛАУ НЕГІЗДЕРІ

Арнаулы кәсіптік және жоғары оқу орнына арналған оқулық

Пішімі 60x100 1/16
Тығыздығы 80 гр./м² Қағаздың ақтығы 95%
Қағазы офсеттік РИЗО басылымы
Көлемі 84 бет Шартты баспа табағы 6



«Эверо» баспасында басылымға дайындалды және басып шығарылды
ҚР, Алматы, Байтұрсынұлы к., 22
тел. 8 (727) 233 83 89, 233 83 43,
233 80 45, 233 80 42
e-mail evero08@mail.ru